

Ескендір Итжанов

Жыр сандық



Ескендір Итжанов

Жыр сандық



Көкшетау, 2005 ж.

Ұлы ғұлама Эл Фараби: “Адамға алдымен білім емес тәрбие беру керек, тәрбиесіз білім апат әкеледі” деген екен. Еліміз өз Тәуелсіздігін алғаннан бергі жарық көріп жатқан шығармашылықтардың дені келер ұрпаққа үлгі, өнеге, елін, халқын, Отанын сүюді уағыздайтын, бірлік пен татулыққа үндейтін бағытта оқырман қауымға ұсынылуда. Көп жылдар бойы бала тәрбиесі мен ел басқару істеріне араласқан әкеміздің бұл кітабында соның бір жарқын бейнесіндей түсінеміз.

“Жұмыла көтерген жүк жеңіл” дегендей кітаптың жарық көруіне және әкемің 100 жылдығын атап өтуге атсалысқан ауданымыздың әкімі Сағдиев Ербол Болатұлына, және Зеренді ауданы әкімдігінің басшы азаматтарына, галым інім Қасымхан Құсайынов, ауылымыздың жетекшісі Алтай Бәйтенев, басқада ағайын-туыстарға шексіз алғысымызды білдіреміз.

Кітаптың “Жыр сандық” аталуыда тегін емес. Көп жылдар сарғайып сандық түбінде жатқан қолжазбалардың сырын ашып, тер төгіп, кітапты баспаға әзірлеген қаламгер ақын Айдос Әбутәліпұлына да зор рахмет айтамыз.

Темірбек ЕСКЕНДІРҰЛЫ.

Итжанов Е.

И-92 Жыр сандық — Көкшетау, 2005.

ISBN 9965-27-459-2

И 4702250200
00 (05) – 05

ББК 84 (Қаз 7)

@ Итжанов Е., 2005.

Кітап хақында айтармыз

Қазақ жұртында көкірегі даңғыл, ауыздан ауызға ауысып келген аталы сөзді тірнектей жинап бүгінгінің қолына ұстатып кеткен халықтың хисса дастандарын шашып алмай шаршы топқа ұсына алатын жырау жыршылар аз болмаған. Солардың бір оқшау сипаттағы таланттары өздері де өзекжарды жыр-толғау дастандарын үлгілікке ұсынған, сөйтіп ауыз әдебиет нұсқаларын байытуға қыруар үлес қосты. Осы орайда есімі орынсыз ұмыт қалып келген Ескендір Итжанов екендігі ақиқат.



Өз басым Ескендір ақсақалдың әдеби мұраларын екіге бөліп қарастыруды жөн деп білемін. Оның бір парасы ел аузынан жерге түсіріп алмай жинастырған Орынбай, Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай, Балуан шолақ, Жанбатыр қажы т.б. сөздері болмаққа керек.

Бұл арада ақсақал ғажап жітілік жігер мен жинақы жиыстырушылық үлгісін аңдатады. Екінші ерекше сөз етерлік еңбегі оқырман назарына ұсынылмақ мына жинаққа енген өз туындылары. Бұларда Ескендір ақын ретінде онда да халықтық аңыз, әпсана, ертегі, мысал, тарихи оқиғалардан арна ашып, желі тартатындағына ден қоятындығын қадай айту ләзім.

Мәселен, оның “Айсары-Шорман” дастан толғауы кер заманның кердең билігінің құрбаны болған қос ғашық-Айсары мен Шорман оқиғасына құрылған. Ақын толғауын поэма деседі болады, оқып отырып махаббат құрбаны болған Қыз Жібек пен Төлеген, Қозы мен Баян көңіл көзі алдында көлбең береді. Талай ақындар жырлап шымырлаған, шырайлы қалыпқа түсірген бұл эпостармен таласар бой көрсете қоймаса да Ескендір жырлап

кеткен Айсары мен Шорман бейнелері өзінің жарқын тұлғалары, нәзік сезімдерімен есте қалады.

Ескендір ақсақалдың “Абылай хан” дастаны да талайлар таптаурын етіп ай тақырға айналдырған тақырыптың табан ізінен аумаған оқиғаны алып өз халінше жырлауы аз олжа емес. Осы пікірді “Топжарған” дастанына да қараға айтамыз. Келесары қолына түскен батыр жігіттің Топжарған тұлпармен қашып құтылуы, қайтып келіп қолға қосылуы тәрізді оқиға желісін Нұрхан ақын толғауын еске салғанымен Ескендір ақсақал өз дәрежесінде жырлауды мақсат тұтқан, “Жаңыл қыз” дастаны да болған оқиға желісін еске салғанымен автордың өз көзқарасы қылаң беріп отырады. Сүйгеніне қосыла алмай өмірі жалаң өткен мұңлық қыздың қасіретті халін ақын төгілте жырлай алған.

Ардақты ақсақалмен көзі тірісінде тілдесе алғандардың бірі едім. Даңқой елі, Қажыбайдың баласымын дегенде Есекеңнің ерекше ықылас білдіргені есте.

Қолжазбаны оқып отырсам “Даңқой еліне” деген өлеңі ұшырасты. Сонда біздің әкейдің, басқа да ел азаматтарының есімдері ұшырасты. Бәрін де терең сағынышты күйде толғапты.

Ізетпен еттім құрмет басымды иіп,
Төс қағып көріскендей қолды сүйіп
Айтарлық ақиқатым түгел осы
Арадан кеткендер бар ажал киіп,
Тарқаттым осылайша көңіл шеріп
Апырай қалай жүрген ішке сыйып,
Шабытым “Сөйлей бер!” – деп тасқындайды,
Тоқтаттым сөз нөсерін зорға тиып, – деп төгілкен
ақын, жас кездерін өткізген елге, оның азаматтарына деген
құрметін қуаттандыра түседі. Мәлік Ғабдуллин қазасына
арнаған қаралы толғауын да тебіренбей оқу мүмкін еместей.

Қош бол Мәлік, шамнан жарық шырағым!

Ғұлама ғалым, қайраткерім қыраным

Өлді деуге кімнің аузы барады

Елің үшін ер боп туған ұланым

Ажал жетті, амалым жоқ істерлік

Оқ жетпестей шыңнан биік шынарым
Өнегелі ісің қалды артыңда
Жұбаныш қып ойлап соны шыдадым

Бұл ғасырда сирек ұшырасар Мәлік сынды сұңғатты перзентке деген дүйім ел мұңы, солардың жүрегін жарып шыққан адал сөзі дейсін.

Ескендір Итжанов мұрасын құнттап, құндап, ел назарына ұсынуды мұрат тұтқандарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Өйткені әдебиет әлемін кілең бір кілкіген көбік тұшымы жоқ тексіз дүниелер жайлап бара жатқанда осындай бір сәтті туындылармен көңіл кірін жуып-шайып алған абзал. Өткендердің әдеби мұраларын өздерімен бірге қара жер қойынына көмбей жалғанның жарығында қалдыру ардың ісі, азаматты парызға айналса дейсін. Ал осындай құрметке Ескендір сияқты даңғыл қарттың еңбегі әбден лайық деп білемін.

**Төлеген Қажыбай,
ҚР Жазушылар одағының облыстық
филиалының төрағасы.**

Фибраты мол ғұмыр



Ақын қасиетті көкше топырағының табиғаты тамыл-жыған сұлуда сырға толы, балбыраған мәңгі жасыл қарағайы мен қайың терегі, аралас өскен ит тұмсығы өтпестал, мойыл, доналасы, қарақаты мен шиесі, оған қоса көк толқынды мөлдір көлдері мен сылдырлаған күміс сулы бұлақтары, саф ауасы, көңілге аса бір сезім ұялатар ерекше қадыр қасиеттерімен ежелден өзіне зейін қойдырған зерделі Зерендіге тіркес Қошқарбай тауының дәл іргесінен орын

тепкен осы таудың атымен аталатын елдің тумасы. Оның өмір баспалдақтарына зейіндеп көз жүгіртсек, осынау ғажайып табиғат тылсымдары жастайынан жүрек сезімін баурап, өнерге, сұлулыққа деген жан дүниесін оятқандай. Сондықтан болар ол өлең-жырға, жүйрік ат, ит жүгіртіп саятшылыққа, қол шеберліктеріне жасынан құштар болған. Әрине аумалы-төкпелі заман зардаптарымен сол кездердегі ауыртпалық тұрмыс ахуалдары машықтануға, өнерлерінің кең құлаш жаюына тұсау болғанын, кейін өзінің естеліктерінде баяндаған. Ескендірдің ата тегі Қарауылдың тамырын терең жайған Жаулыбай тармағына жататын Дүйсеннен бермен, Тоқсанбай-Бердібай-Қалдыаман-Уса-Итжан болып келеді. Тәлім-тәрбие алып өскен ортасы, отбасы, ел азаматтары жайында сөз қозғасақ, тым әртінде бармай Көкше жері зиялыларының өмір заман ағымы мен сай серпіліс алуға бет бұраған кезеңдері Науан хазірет Таласұлының Көкшетау қаласында мешіт жатақхана салдырып, ашқан, халқына білім нұрын шашқан уақыттардан, жер-жерде оның білімді шәкірттері өз таланттарымен көріне бастаған тұстардан

бастау алғандай. Солардың қатарына Кеңөткел ауылынан ақын Байтас молла (бүкір Байтас). Шәріп Мұқышұлы. Өндіріс ауылынан Қажықан Мұстафаұлы, Қошқарбай елінен Айдархан Бәйтенұлы, Шойымбек Жалпақұлы, бүгінгі 95 жасқа келіп отырған Құсайынұлы Құдайберген сынды көкірегі ояу, шежіре, іскер ел ағаларының тартымды да тағлымдылығына деп қоя жасынан жарыса өскен. Елдегі ауыл молласынан хат танып, білім алған. Оның бір аяғы жастайынан мертігіп кемдік көрсетіпті. Негізгі алған білімі 1929 жылы Көкшетаудың педучилищесін тәмәмдайды. Табиғатынан алғыр, зерек, сергек ол бай баласы аталып шеттетіліп жүрседе талпынып, 1938 жылдары партия қатарына өтеді. Өз қолы өз аузына жетіп, ел танып, жер таныған кездерінде халық ағарту жұмыстарына бет қойып Еңбекшілдер ауданының Шиелі, Мөтен ауылдарында, Чкалов ауданының Жарқайың. 1-Октябрь, Ортақ ауылдарында мұғалім болып, аузының желі бар белгілі ақсақалдармен жүздесіп, әңгімелерін тыңдап, білуге, үйренуге құштарлығын арттырып отырған. Солардың арасынан есімдері ерекше аталатындары, Еңбекшілдер ауданынан қарт ұстаз Көпен Қаңтарбаев, әңгімеге шебер Мүтәш Жұлжымаұлы, айыртаулық Домаш Алдабергенов, белгілі шежіреші Қанайтегі Сағран Назаров, көп жылдар Көкшетау мешітінің имамы болған белгілі діндар Момақан Әлжапарұлы, Көктерек ауылынан Әлімжан, Ортағаш ауылынан Кәрібала, елдес ақсақалдары Базан, Торсан, Бәжіков Рақыштар еді.

Бертін келе еліне оралып колхоз басқармасы, ауылдық кеңестің төрағасы қызметтерін атқарған.

Ескендірдің қайын жұрты, жары Қадияша сол төңірекке белгілі ел ағасы, би Шөкейдің Ыбырайы деген кісінің үш қызының бірі, Ағиық ақын Ақан Серінің ардақтап, ән арнаған Балқадияшаның туған сіңлісі. Ыбырай ұлдары Баттал, Қазез, қыздары Балқадияша, Қадияша, Гүлжамиланы тәрбиелеп өсірген.

Ақынның өзі ұлы Темірбек Ескендірұлы зейнеткер, Айдарлы ауылында тұрады, ошарлы от басының отағасысы.

Есекеңнің кіндік қаны тамған Қошқарбай ауылы кезінде Зеренді ауданындағы қазақ он жылдық мектебі мен басқада

мәдениет ошақтары қанат жайған, ілгері-кейінді ауызға аттары ілінген азаматтарымен мәлім, қазақ ауылының бірі болған.

“Ел ерін, ер елін ұмытпайды” - дегендей, Қошқарбай топырағынан шыққан белгілі азаматтың бірі Хамза Абдуллин еді. Ол қазақ қаламгерлерінің ішінен Грузиннің атақты жазушысы Шота Руставелидің “Жолбарыс терісін жамылған батыр” хикаясын қазақ тіліне тұңғыш аударғандардың бірі.

Сол сияқты қасиетті өлкенің талантты бір перзенті Бәйтәнов Есімбек Айдарханұлы (1929-1993) еді. Ол ҚазМУ – дің журналистика факультетін тәмәмдаған соң Қарағанды облыстық “Орталық Қазақстан” газетінің жауапты хатшысы, редактордың бірінші орынбасары, Қарағанды облыстық партия комитетінде жауапты қызметтерінде болып, абыройлы еңбек атқарған, “Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген мәдениет қызметкері”, “Қанаттас қалалар” кітабының авторы.

Белгілі қаламгер-жазушы отты публицист небәрі елу алты жыл ғұмыр кешкен Мәди Хасеновтың да кіндік қаны осы елдің топырағында тамған. Артына өлмес әдеби мұра қалдырған талантты дарын иесі ол, “Алғашқы ән”, “Нар тәуекел”, “Тұлпардың дүбірі”, “Тайталас”, “Қиянат” сияқты туындылардың авторы.

Ел топырағынан шыққан белгілі азаматтардың қатарында ағайынды Балтыхан Тәшенов пен Кәріпхан Тәшеновтер бар. Балтыхан ауылдық кеңестің төрағасы, басқада қызметтер атқарған азамат болса, інісі Кәріпханда белгілі журналист, қаламы қарымды жазушы болған.

Қошқарбайлық азамат, адами қасиеттері мол, бар өмірін жас ұрпақтарды тәрбиелеуге бағыштаған Жанайдаров Зарап Ұлы Отан соғысынан оралғаннан кейін Қостомар, Үлгілі, Айдабол, Ленин мектептерінің директоры болып қызмет атқарды. Бұрынғы Заборовка қазіргі Айдарлы селосы мектебінің негізін қалап ұйымдастырушы осы кісі еді. Ағартушылық жұмыстағы табысты еңбегі үшін “Халық ағарту ісінің үздігі” белгісімен марапатталған.

Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, доцент, ғылым канди-

даты Құсайынов Қасымхан Құдайбергенұлы Көкше жеріне, әсіресе Республика жұртшылығына экономика саласының білікті маманы ретінде белгілі азамат. Бұрынғы Көкшетау облысы кезінде елдің экономикасын көтеру, халық шаруашылығының сан түрлі саласын дамытуда қажырлы еңбек атқарып, өзінің іскерлігі, еңбексүйгіштігі, сергектігімен танымал басшы. Оның елеулі еңбектері Үкімет тарапынан “Құрмет белгісі” орденімен, Республикамыздың түрлі медаль, грамоталарымен марапатталған. 2004 жылы оның “Елім менің, жерім менің” атты кітабы жарық көріп, оқырман қауым жылы қабылдады.

Қандайда болмасын белгілі бір жүйенің ыдырауы қарапайым халыққа ауыртпалық әкелері хақ. Совет Үкіметі құлағаннан кейін елді мекендердің ахуалы күрт төмендеп, өтпелі кезеңде өз елдерін өрге сүйреген азаматтардың еңбегі ұшаң-теңіз. Соның бірі Айдарханұлы Алтай. Ол ауыл шаруашылығының қырысырын жетік білетін тәжірибелі маман, басшы, жоғары білімді агроном ретінде Көкше жеріне танымал азамат. Кезінде Фрунзе, Шағалалы совхоздарында директор, бірнеше жыл Көкшетау ауданының ауылшаруашылық басқармасын басқарған. Ел егемендігімен түлеген Айдарлы ауылын ыдыратпай, көше, мектеп, тұрғын үйлерін жөндеп, жаңа мешіт үйін салдырып, тұрғындардың басқада өмірлік қажеттерін шешумен жатпай-тұрмай шұғылданып, жасының ұлғайғандығына қарамастан еңбек етуде. Ол “Еңбек Қызыл ту” және “Құрмет белгісі” ордендерімен марапатталған.

Ел азаматтарының ішінде журналистика саласында жемісті еңбек атқарып, белгілі қаламгерлер қатарында көрініп жүрген Балталы Сәрсенбаев Көкше жеріндегі зиялы қауымның бірі. Ол еңбек жолын орта мектепті бітірісімен-ақ “Көкшетау правдасы” газетінен бастап, күні осы уақытқа дейін тапжылмай бір орында жұмыс атқарып келеді. 1973 жылы сырттай КазМУ-дің журналистика факультетін тәмәмдаған, “Көкшетау” қалалық газеті редакторының орынбасары.

Ел еңсесін көтеріп, Қошқарбай ауылын тырбана қалыпқа келтіріп келе жатқан өз тумасы, жоғары білімді Хасенов

Қайыркының де еңбегі ерекше. Белгілі де белді ел ақсақалдары мен азаматтарына арқа сүйеп ол да халық игілігіне тұрғын үй, мектеп, кеңсе үйі, мешіт сияқты объектілермен қатар басқада шаруашылықтарға үлкен мән беріп, жұмыс көзін ұйымдастырып ұйтқы болуда.

Осы елдің аяулы да ардақты қыздарының бірі Жұрын Мәруар Әбдіржанқызы. Қарағандының мемлекеттік медицина институтын 1966 жылы тәмәмдағаннан кейін еңбек жолын Көкшетау қаласында балалар дәрігерлігінен бастап, 1997 жылдан қалалық “Болашақ” балаларды емдеу орталығының бас дәрігері болып еңбек атқарады. Көкшетау қалалық мәслихатының 2-3 шақырылымының депутаты. 1990 жылы “Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласының үздігі” белгісімен марапатталған.

Сондай-ақ, денсаулық сақтау саласында аянбай еңбек етіп келе жатқан ел тумасы Жанайдарова Зәуре Зарапқызы да Қарағандының мемлекеттік медицина институтын 1974 жылы бітіргеннен кейін еңбек жолын Зеренді аудандық ауруханасында қатардағы дәрігер болып еңбек етіп, 1999 жылдан қалалық денсаулық сақтау басқармасының бастығы қызметін 2004 жылға дейін атқарады. 1998 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, медицина ғылымдарының кандидаты атағын алған. “Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласының үздігі” белгісімен марапатталған.

Арқалы ақын Ескеңнің артында осындай елдері мен ерлері, ұрпақтары қалған. Ол 1982 жылы 77 жасында дүниеден өткен, зираты Айдарлы ауылынан Көкшетауға шыға беріс оң жақтағы қорымда.

Жер көріктісі Қошқарбай тауынан көсіле Сұлутөбе, Айдарлы шоқылары төмесіде Шора өзені мен Қоскөл көлі бәрі-бәрі ақын жанын қиялға бөлеген туған ұя, сырлы табиғат. Естіген ертегі, аңыз, қызғылықты әңгімелерді өлең, жырға айналдырып, алған әсерлерін поэзия тілінде жеткізуге тырысқан. Оған айғақ қара сандық түбінде сан жылдар бойы сарғайып арабша, кириллица әріптерімен жазылған төрт қалың дәптері. Кейбір туындыларын көзінің тірісінде газет беттерінде жариялаған көрінеді. Көкше

жерінде қырық жыл хандық құрған Абылай хан бабамызға арнап жерлес ақындардың ішінен тұңғыш дастан жазғанда осы Ескендір ақын еді. Кейбір шағын шығармаларын есептемегеннің өзінде көлемді “Абылай хан”, “Жаңыл қыз”, “Топ жарған”, “Бақытты басқа тебушілік”, “Ала мысықтың айтысы”, “Қойлыбайдың қобызы”, “Еділ батырдың екі арманы”, “Айсары-Шорман”, “Сүйін батыр”, “Үш келіншек”, “Домбыра туралы” т.б.с. жырлары бар. Ақын проза жанрына да қалам тартқ. Осы кітапқа еніп отырған “Тауқымет” атты әңгімесінен басқа қара сөзге құрылған аз ғана еңбектерімен жекелеген өлең жырлары бұл жинаққа енген жоқ. Сөз жоқ, ақын жырларының бәрі бірдей бүгінгі күннің талап-талғамынан шыға береді деу жаңсақтық болар еді. Оған алдымен жауап берер ақынның өз ой толғамы дер едік. Ол “Қошқарбайды жазып болған соң” деген өлеңінде:

Мен бір жан оқуданда тоқуым көп,
“Мынауың қате” десе көрмеймін кек,
Барымды кейінгіге тарту етем.
Сөз құрап, жинаушыға болсын деп сеп.
Бәйгеге жүйріктеймін шабылмаған,
Сыналып ащы тері алынбаған.
Оқымай албырт шақта, шабыт шіркін-

Бұл күнде жөнге жүрмей арындаған, - деуі, сөздің жілік майын шағып білердей оқу оқып, білімін жетілдірмегенін, сондықтан шығармашылықтарының оқылық жақтарыда боларын білген.

Биыл 2005 жылы Ескендір Итжанұлының туғанына 100 жыл толады. Ел егемендігінің арқасында қолымыз жетіп жатқан жақсылықтардың бірегейі өткенімізге көз жүгіртіп, жоғалтқандарымызды тауып, қауышып жатқандығымыз болса, кезінде елі, ұрпағы үшін адал еңбек атқарған жерлесіміздің өлең-жырларын жарыққа шығарып, қалың қауымға ұсыну орынды іс дер едік. Ұрпағына аманат қылып қалдырған еңбегі өздеріңізге жол тартты. Ендігі пікір сіздерден қадірлі оқырман.

Ақынның қол жазбаларын саралап баспаға әзірлеген
Айдос Әбутәліпұлы,
қаламгер, ақын.

Ескендір тәтеме

Атамызды атаушы едік тәте деп,
Ақындығын сыйлайтынбыз
еркелеп,
Уса — Дінбай ұрпағынан
шыққан бір,
Қошқарбайдың ел білетін
шешені ед.

Көкшемізде көктеміндей көңілдің,
Бір кездері өнеріңмен көріндің,
Өзің едің Абылай ханды жырлаған,
Ақыны боп тұңғыш осы өңірдің.

Артыңда елін, ұрпағын бар сенгенің,
Мәңгі ұмытпас ұғымына енгенің.
Жүз жылдығың аталуда мінекей,
Аманатты жарық көріп еңбегің.



Жастайымнан жақын жүріп елтуші ем, —
Әңгімең мен жырларыңа өміршең,
Насыбайды салып алып сабырмен,
Тамсандырып хикаялар шертуші ең.

Елді билеп емес әсте қажытқан —
Қадірменді ерлер Шәріп, Қажықан.
Олардағы бір өзіңді аялап,
Силасқтықпен жұрт алдында танытқан.

Ардақтаған ағайын, жұрт, басыңды.
Беріп жатыр дұға жасап асыңды.
Ел жадында ұмытпасқа қалдырып,
Қастерлеген кітабыңды, атыңды.

ҚАСЫМХАН ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ ҚҰСАЙЫНОВ
Көкшетау, 20. 04. 2005 ж.

АБЫЛАЙ ХАН

(дастан)

I. “Ақтабан шұбырынды алқа көл сұлама” заманы,

Қазақтар Сырдың бойын жайлаған кез,
Төрт түлік мал өсіріп айдаған кез.
Ақ туын Әз-Жәнібек желкілдетіп,
Қасымның “қасқа” жолы сайраған кез.
Есімнің “ескі жолын” есіне алып,
Аз қазақ “ел боламды” ойлаған кез.
Басында Күлтөбенің күнде жиын.
Шабуылды Қазақ, Қалмақ қоймаған кез.
Қазақтың батырлары қан майданда,
“Алаштап” ұран салып ойнаған кез,
Қазақтың Қалмақпенен қатар қонып,
Жоқ уағы екі елдің де берік шебі,
Жауласып жеңгені алып жүре берген,
Белгісіз Қазақ, Қалмақ жердің шегі.
Қалмақтан сол кезде бір батыр шығып,
Қозыпты Қазақ десе-ақ ата тегі.
Бір сырып қазақ елін тастайық деп,
Қалмақтың сөз тастады батыр бегі.
Бір күні мың сан қолмен шапты Қалмақ,
Қапыда жатқан шақта Қазақ елі,
Қалың қол жандай шауып кетті қаптап,
Таң алды бейбіт елді атпен таптап.
Көк сүңгі, ұшқыр садақ, қанды қанжар,
Алысып, ажал төгіп, жүр жалақтап.
Беретін мыңға төтеп талай сабаз,
Астына аты түспей тұр алақтап.
Жүз Қалмақ бір Қазақтың батырына,
Жабылып аш бөрідей жарақаттап.
Ұшырып ел үрейін келемеждеп,
Талай бас қанжығада жүр салақтап.

Тып-типыл Қазақ елін алды шауып,
Ағызып сайдан қанды олжа тауып,
Қаныда жауға төтеп бере алмады,
Алаңсыз жатқан Қазақ етпей қауіп.
Ел үркіп, жерін тастап, босып шықты,
Таланып малы, жаны болып науыт.
Үш жүздің үш ордасын ойран жасап,
Шұбырып Қазақ елі кетісті ауып.
Қырғыннан қалған жандар қайрасты тіс,
Кекті бір алармыз деп ебін тауып.
Шұбырып аш жалаңаш босып Қазақ,
Қалмақтан ұмытпастай тартып азап.
Арқалап ас, суы мен жас баласын.
Ел үркіп, жаяу-жалпы қашады ұзап.
“Алқа көл” деген үлкен көл басына,
Жиналды бір мезгіле халық шұбап.
Тесіліп жаяулаған табандары,
Жүруге дәрмені жоқ жатты сұлап.
Сол кезде бір ақсақал жатқандарға,
“Бұл қай көл болады” деп қойды сұрақ.
Осы көл талай ердің жүрген жері,
Көрген соң босар бәлкім көңілдері.
Қазақтың басын құрап, қамын ойлап,
Ел қорғап, берік бедеу мінгендері.
Бұлар да жауға шауып ер атанып,
Беліне қылыш, найза ілгендері.
Сөзіне қарт сұраған жауап беріп,
“Алқа көл” десті мұны білгендері,
Ақсақал төмен салып, басын иіп,
Кек кернеп өртенгендей іші күйіп.
Лудармай бір ноқатқа көзін қадап,
Түнеріп қалың ойға кетті шомып.
Тіл қатпай қанын ішке тартқан күйі,
Отырды біраз уақыт қабақ түйіп.
Соққыдан ұшып түсіп қайта тұрған,
Бейне бір алған жандай есін жиып.

Саңқылдап бір мезгілде сөйлеп кетті,
Серпіліп отыра ғап шарт жүгініп.
Үш жүз боп үш орынға құрдық орда,
Ел қорғап жортуылдап жүрдік жолда.
Байланып белге қылыш, найза, садақ,
Жүйрік ат, берік бедеу, міндік жорға.
Аңқаулық жасаймыз деп, қалың Қазақ,
Қалдық қой арылмастай қалың сорға.
Мың күнгі көрген қызық, бір күнгідей,
Мүз құсап кете барды еріп қолда.
Ат қойсақ айтарлықтай бұл уақиға,
Ұмытпай сақталады есте сонда.
Қиын күн туап отыр ел басына,
Ауыр іс түсіп отыр ер басына.
Ел болып, елдің игі ері болып,
Өкініп ойран болған ордасына.
Өмірде естен шықпас іс емес пе?!
Отырған осы күйде көл басында.
“Ақтабан шұбырынды” деп аталсын,
“Алқа көл сұламалы” жар басында.
Болсын деп халық шулап қабылдады,
Салғандай аққан тиым көз жасына.
Дариға ай сол күнде кім жыламады,
Кім шулап, кімдер жасын бұламады.
Әр кімнің өз басында ақыр заман,
Атаның бала хәлін сұрамады.
Қазақтың тарихынан орын алды,
“Ақтабан шұбырынды” шұбағаны.
Хәлі жоқ бас көтеріп отыруға,
Жантайып “Алқа көлде сұлағаны”.
Мінекей әлі күнге ел аузында,
Мәтелі сонау қарттың құрағаны.
Тынығып Алқа көлде жиып есін,
Түзетіп, құрастырып қалған күшін.
Бас қосып кеңес құрды батыр, билер,
Қалмақтан қалай алу кеткен өшін.

Жас осіп жарақтанып жетілейік,
Ер шықсын, елін жоқтар батыр тусын.
Бас қосқан үш орданың ұлыстары,
Бекітті осылайша сөз жүйесін.
Бұл істі басқаруға белгіледі,
Әбілманбет Әз-Тәукенің немересін.

II. ӘБИЛМАНСҰР

Кезі еді Салқам –зәңгір қазақ ханы,
Әз-Тәуке Уәлі-бақы балалары.
Ұлына мұрагерлік айта алмастан,
Кснеттен өліп кетті, жетті ажалы.
Жиылды ханы өлген соң қазақ елі,
Уәлі-сарт, Тәуке-қазақ жиені еді.
Бірақ та Уәлі үлкен, Тәуке кіші,
Халыққа қиын болды осы жері.
Кіші ұлы Әз-Тәукені көтерді хан,
Жиені болғандықтан қазаққа тән.
Жасы үлкен Уәлі-бақы жол соныкі ет,
Болған соң сарт жисні бермеді мән.
Осыған Уәлі-бақы өкпеледі,
Қазақты, інісінде жек көреді.
Қайып хан Түркістанда нағашысы,
Өкпелеп көшіп сонда кеткен еді.
Орнығып Түркістанда қалды тұрып,
Ұстады хан қолына жігіт қылып.
Ересен қайтпас-қайсар батыр болды,
Уәліден Аблылай атты бір ұл туып.
Жауының сол Абылай туын жығып,
Ойрандап жүрген жерін айғай шу ғып.
“Қан ішер Абылай” деп атақ алған,
Жауының ағызған соң қанын су ғып,
Туынты көркем Уәлі “қан ішерден”,
Бұл дағы қарсыласқан жауын жеңген.

Баласы осы Уәлі Әбілмансүр,
Өзгертіп ат қоюда болады сыр.
“Сабалақ” одан кейін “Абылай” деп,
Айтылар ат бергенше бір пара жыр.

III. САБАЛАҚ

Өзібек Үргенішпен Түркістанда,
Оларда хандық құрды сол заманда.
Қас екен Өзібекке көрші елдері,
Торғауыт, Қазақ, Қалмақ, Қатаған да.
Аяусыз бірін-бірі алған шауып,
Жортуыл басқыншылық ауық-ауық
Қалыпты мемлекеттің қатысы жоқ,
Кейде алдап, кейде күшпен жайын тауып.
Бір күні Түркістанды Қалмақ қаптап,
Қан ішіп өкініште атпен таптап,
Іс қылды жан түршігер бейбіт елге,
Қасқырдай қойға шапқан жарақаттап.
Өлтірді Өзбек ханын сол соғыста,
Қырылып ел күйзелді сол бір тұста.
Еркекті қолға түскен тірі қоймай,
Күн болды апат тиген мал мен басқа.
Сол кезде Әбілмансүр әліде жас,
Сау қалды қашып-пысып, қорғады бас.
Қырғыннан қалтарыста қашып шығып,
Жонелді жаяу-жалпы, аш жалаңаш.
Бет қойып, тартты жаяу Балқаш жаққа,
Туысым бар деп естіп бұл қазақта.
Нелер күн арып талып елсіз жермен,
Жетті елге халі бітіп өлер шақта.
Ортада Ақ ордада жиналған көп,
Бас қосқан ұлы жиын ерекше топ.
Жасқанып шет жағалап жасырынбай,
Үстіне отырған жұрт кірейін деп,

Қасқиып жетіп барды ордаға еніп,
Есіктен тұра қалды сәлем беріп.
Кір басқан жыртық киім өңі жүдеу
Қарасты отырған жұрт сөзін бөліп.
Төле би жөн сұрады бұл баладан,
Келгені білініп тұр түз даладан,
-“Бұл жердің адамына ұқсамайсың,
Атың кім, қай баласың, қай арадан?”
-“Атым да, жөнім де жоқ бір баламын,
Себеппен тентіреген бейшарамын.
Ел жұртым, әке шешем, туғаным жоқ,
Атымды кім қойсаңда құп аламын.
Бай Төле Үйсіндегі би деп келдім,
Ордалы қазақта бір үй деп келдім.
Басқа жөн сіз сұрама мен айтпайын,
Әйтеуір қазақ елін іздеп келдім”.
Келген үй Төле бидің ордасы еді,
Батыр, би отырғандар қолбасы еді.
Сол күнгі Әбілмамбет қазақ ханы,
Тілектес Төле биге жолдас еді.
Тоқтатып отырған жұрт бөлді сөзін,
Балаға қарасып жұрт салды көзін.
Ұнатып жас баланы хан-қарасы,
Төлеге етті ишарат “ал” деп өзің.
Кең иық төстек келген, ұзын бойлы,
Қыр мұрын, жұқа шықшыт, кең маңдайлы.
Өткір көз, қан шықпастай өңі сұрғылт,
Денесі ширығып тұр ып-ыңғайлы.
Алынбай көптен бері шашы өскен,
Жалбырап сеңсең бөрік көзге түскен.
Кір, жыртық үсті-басы болғандықтан,
“Сабалақ” мұның аты болсын дескен.
Кеңесін созып кетті қайта бастап,
Бірі айтып, “Я пәлі” деп бірі қостап.
Оқпандап сөз жүйесін алып келіп,
“Түйінін сіз қорыт” деп ханға тастап.

Ескі кек Қалмақ шапқан еске түсіп,
“Мезгілі кек аларлық жетті” десіп.
“Ақтабан шұбырынды, Ала көлді”,
Осы үйде отырғандар сөз қылысып.
Ішінде Қошқар ұлы Жәнібекте,
Қабанбай Қаракерей Найман текте.
Атақты Қанжығалы қарт Бөгенбай,
Қаз дауыс Қара кесек Қазыбекте,
Кіші жүз Аралдар бар жеті рудан,
Есет бар қазақтың қас жауын қуған.
Әйгілі атағы зор Табын батыр,
Ер Жәпек о дағы бар шыққан нудан.
Қамқоры Қарауылдың Қанайы бар,
Уақтың Малайсары, Баяны бар,
Төлеке, Тулақ, тағы талайы бар.
Сөз бастап Әбілмамбет билеріне,
Ішінде бедел беріп сүйгеніне.
Жау-жарак, жасақ-жабдық, мінерлік ат,
Көз салып ел жағдайы күйлеріне.
Кеңесті кекті қалай аламыз деп,
Қай жылы, қашан ылаң саламыз деп.
Биылша жау жаракты жабдықтап ап,
Қорытты “келер жылы барамыз” деп.
Сабалақ Төле биде қозы бақты,
Арқалап тезек теріп отта жақты.
Бай алып қозысынан қойға салды,
Жанына байлап торсық, сапты аяқты.
Бір кезде қойдан алып бақты жылқы,
Жүрмей ме не істесе байдың ырқы.
Билігін мал жайының берді Төле,
Ісі ұнап Сабалақтың мінез-құлқы.
Сабалақ осылайша биге ұнап,
Аты-жөнін білмесе де анық сұрап.
Кісілік қара басы қасиетін,
Бәйбіше қадағалап, жүрді сынап.
Байға айтты бәйбішесі бір күн тұрып,

Өз ара отырғанда кеңес құрап.
Түбінде ел бастаған ер болады,
Сабалақ осы жүрген біздің жігіт.
Жылқышы Сабалағың осы бала,
Кемеңгер кісі болар ақылы дана.
Арқалы аруақты батыр болар,
Ерекше үздік шығып жеке қара.
Жәй айтқан мағыналы зілді сөзі,
Қараса ту сыртыңнан өтер көзі.
Астына нәрсе салмай отырмайды,
Ас берсең сарқып ішпес бір мінезі.
Еш қайда қыдырмайды үйде жүрсе,
Өмірі тартпайды езу ойнап күлсе.
Кектенсе бір нәрсені ұмытпайды,
Біреудің болмашы бір сөзі тисе.
Не қалғып, не жантайып бір жатпайды,
Керексіз бос сөзге құр тіл қатпайды.
Шаңырқап қанша ашығып келсе дағы,
Бермесең өздігінен нәр татпайды.
Есіктен кірген шақта сәлем беріп.
Ізетпен тұра қалат түсін керіп,
Сезбейсің оныңды өзің селк етесің,
Ызғарлы Сабалақтың мысы жеңіп.
Мына сөз бидің тиді намысына,
Кемпірдің сынға былай алысына.
Өмірде жаннан шошып көргенім жоқ,
үш жүздің түсіп жүріп арасына.
Бәйбіше ұзатпай ақ ерегесті,
Дәлелмен көрсетпек боп болған істі.
Сездірмей би етегін бөстегіне,
Түйреді тебен ине, түйреуішті.
Сабалақ малдан келіп кіреді үйге,
Сәлемін күндегідей берді биге.
Ызбардан би ықынып селк еткенде,
Шыр етіп ұшып түсті тебен ине.
Төлнің шындыққа енді жетті көзі,

Кемпірдің дұрыс шығып айтқан сөзі.
Әлі де анығына жетуді ойлап,
сынға алды Сабалақты бидің өзі.
Аттанды шақырған соң би бір жаққа,
Мал сойды шақырушы сый қонаққа.
“Сарқыт” деп сойған қойдың басын алды,
Төле би Сабалағын сынамаққа.
Бай қайтып малын жолай аралады,
Мал күйін, қоныс жайын қарағалы.
Қалай жеп, недер екен қойдың басын,
Әдейі Сабалақты сынағалы.
Төле би осы ойменен келген шақта,
Малшыда бай келер деп ойда жоқта.
Сабалақ ер жастанып ұйықтап жатыр,
Шалқалап жайып құлаш екі жаққа.
Көрді де биге кетті жатыс ұнап,
Керіліп жолбарыстай жатыр сұлап.
Шарт түйіп жұдырығын құлаш ұрып,
Би тұрды бұл жатыстың мәнін сынап.
-“жатқаны шалқасынан нарлығы да,
Құлаштап жұдырығын түйгендігі,
Ойында бір мақсаттың барлығы да.
Бұл өзі құр емес қой асыл тектен,
Жігіт те шығып кеткен бір себеппен.
“Сарқыт” деп оянған соң басты бер”-деп
Тапсырып жолдасын би тастап кеткен,
Сабалақ тұрды ұйқыдан көзін ашты
“Сарқыт” деп би жолдасы берді басты
Қасына бар малшыны жинап алып,
Бөлісіп жеді турап көделі асты.
Біріне көз, біріне берді құлақ,
Бір кесіп өзі татты ұрттан турап.
әркімнің жасы, жолы, жөніменен,
бергені би жолдасы көңіліне ұнап.
Басты алып, өзі кесіп турағаны,
Біреудің, асатудың ұнағаны.

әйтседе би жолдасы сөз тигізді,
не дер деп Сабалақты сынағалы.
- Би арнап келіп еді басын алып,
Биге кез бола алмадың ұйықтап қалып.
Саркытын бидің бермей өзің жемей,
Бергенің үлестіріп қай мырзалық?
Саркытын бидің ырым көрмедің бе?
Ырым деп санауға әлде сенбедің бе?
Оңаша өзің мүжіп тойып алмай,
Аш қалып, үлестіріп бергенің не?
Сабалақ айтты бидің жолдасына,
- Мен тойдым бидің берген ықыласына.
Бәріміз бір тілектес адамдармыз,
Дұрыс па оларға үлес қоймасыма.
Жолдастың бірі құлақ, біреуі қоз,
Жақсылық не жамандық болса егер кез.
Көппенен не болса да бірге көрмей,
өзімшіл жарамайды қатал мінез.
Жолдаспыз бақташылар бізде бір тап,
Сендім де мен соларға қалдым ұйықтап.
Шегінен әділшілік шықпаймын ба?
Тойғызсам өз қарнымды жеке құнттап.
Соны естіп би жолдасы кейін қайтты,
Мадақтай көтермелеп сөзді ұлғайтты.
Жегенін басты қалай, не дегенін,
Қалдырмай бәрін тегіс Төлеге айтты.
Қар кетті, туды жазғы көкек айы,
Көк шықты жадырады күннің райы.
Мал төлдеп, ақ көбейіп, ат жалданып,
Жайлауда масайрады кедей, байы.
Кермеге жүйрік бедеу ат байлады,
Бір іске астыртын жұрт ыңғайланды.
Жол азық, қару-жарақ, киім-кешек,
Кең салып күні бұрын жұрт сайлады.
“Жорыққа аттанады” деген өсек,
таралып ел ішінде гуілдесет.

Көрініп жұрт көзіне қалуды ойлап,
Жасап жұр Сабалақ та өзіне есеп.
Ойткені бір қыдыру күндер өтті,
Мінекей айналып бір жылда жетті.
Есейіп, еңсесі өсіп Сабалақтың
Тұлғалы болып шықты ер келбеті.

IV. АБЫЛАЙ АТЫН АЛУЫ

Бір күні Әбілмәмбет жұртын жиды,
Ордаға басын косып батыр-биді.
“Ақтабан шұбырынды, Алқа көлді”
еске алып қайырадан ескі күйді.
Келісіп өткен жылы бұл туралы,
Үйінде Төлебидің сөзді түйді.
Құрмалдық Құдайына айтып қазақ,
Теп – тегіс аттанбақшы елдегі игі.
Жабыла жан қалмастан жарақтанып,
Жігіттер жүйрік мініп, сауыт киді.
Атақты жұртқа әйгілі қолбасшыға,
Кәделі “Хан сарқыты” силық тиді,
Батырын баптап қазақ, биін сайлап,
Шашақты желкілдетіп туын байлап.
Жиналды “үш арыс” боп қазақ елі,
Зығыры ескі кектің іште қайнап.
Бес қару, ер қаруын жұрт ыңғайлап,
Найза ұштап, жабақтатып қылыш қайрап.
Анттасып, малта татып, серт байласты,
Дұшпанын дүрліктіріп жеңуді ойлап.
Орта жүз Бөгенбай мен Қазыбегі,
Қошқарбай, Жаңатай мен Жәнібегі.
Төлеубай, Малай сары, Баян батыр,
Төлеке, Тулақ, Табын, Найман тегі.
Басшысы Кіші жүздің Арал батыр,
Тама Есет қолын бастап келе жатыр.

Адамын Ұлы жүздің Жаныс ертіп,
Ляғоз өзеніне құрды шатыр.
Он мың қол Кіші жүзден бәрі саңлақ,
Он мың қол Орта жүзден алған таңдап.
Жеті мың Ұлы жүзден Жаныс ертіп,
Асынып сауыт-сайман келісті аңдап.
Сабалақ делебесі қызып дуға,
Желігіп жүйрік атты айғай шуға.
Сұрады атасынан барайын деп,
Қолға еріп желкілдеген мына туға,
Атасы: -керегі не-деді шырақ?
Ондайға бұдан былай түрме құлақ.
Шеккенше жол азабын жүдеп-жадап,
Шаруа басқарғаның дұрысырақ.
Ондайға біздің жүрек желікпейтін,
Көрініп көрсе қызар елікпейтін.
Қиын іс Жасағынның жазымы көп,
Іс емес сенің ісің еліктейтін.
Бір кезде мен өзімде жауды түйіп,
Жалақтап қару асып, сауыт киіп.
Соғыста жараландым, балам өлді,
Бет қайтып қалған жанмын ауыз күйіп
Сабалақ былай деді жауап қатып:
-Өмірдің көріп ащы дәмін татып.
Ер жігіт жағаласып жауында өлмей,
өлім бе үйінде өлу қарап жатып.
Жігіт пе жер қайысқан қолға ермеген,
Халқына қысылшаңда қол бермеген.
Бір өлім қара басқа қайда барса,
Дем бітіп ажал жетсе кім өлмеген.
Төле би түсінді де сөздің мәнін,
Кім шыдар айтып тұрса елдің қамын.
Ұнатып “Елім үшін” деген сөзді,
Жігітке берді ұлықсат “бар” деп жаным.
Сайлады келістіріп жау-жарағын,
Қайырмай кедергі боп ер талабын.

Би Төле баласына бата берді,
“Жорытқанда жолың болсын”-деп, шырағым!
Сабалақ Нарқызылын алды мініп.
Бес қару, ер қаруын бойына іліп.
Жанына бір қасиет дарығандай,
Қасқиып қас маңдайы кетті жүріп.
Қалың қол келеді андап шеру тартып.
Шоғырлы шумақталып қаздай қалқып,
Ыңырысып жер қайысып сап-сап болып.
Түнеріп жауар бұлттай, көлдей шалқып.
Балқашта батыр билер басын қосты,
Аттарын тынықтырып артын тосты
Қалмақтың жай-жапсарын білу үшін,
әр тұстан шолғыншылар шығарысты.
Мың – мңнан мың басына бөліп қолды,
Бар билік мың басына беріп жолды.
Жиырма жеті қанатты шеру тартып
Осылайша өзгеше бір тәртіп болды.
Әуелі ұру басы, мыңның басы,
жүз басы одан кейін қос ағасы.
Осылай басқа руды жүйеледі,
әміршіл хан қасында бір парасы.
Шың шатқал Талқы, Құлжа биік басы,
Жол бермес жалғыз асу қия тасы.
Осы тау екі бөлет аралықты,
Сол күнгі қазақ-қалмақ шекарасы
Құлжадан Талқыменен қазақ асты,
Корді де қарауылы кейін қашты.
Жинналып қамалына қалмақ қолы,
Бекінді бетіне ұстап қорған тасты.
Бұл өзі қырық шақырым тастан қорған,
Бес құлаш биіктігін етіп созған.
Айнала атпен шапса жығылардай,
Әр жерден ұзын ұра шұқыр қазған.
Бекінді Қалмақ қолы қамалына,
Сенгендей жауға істеген амалына.

Сөйітті де шебін түзеп майдан құрды,
Қарсы алып келген жауы табанында.
Қамалға қарсы келді қазақ қолы,
Соғыспақ армансыз бір осы жолы.
Майданға жекпе-жекке ер шақырып,
Қалмақтың бір батыры шықты зоры-
Сол күнгі Қалмақ ханы Қалдан-серен,
Айлалы халқы сенген еңбегі ерен,
Күйеуі құрыш қолды, арыстандай,
Майданға шықты батыр Шарыш деген,
Жоталы өзгеше бір біткен тұлға,
Тұрпаты, қарағанда келіс екен,
Майданға Шарыш келіп тұрды ақырып,
Ысқырып оқ жыландай ширатылып.
“Ажалың жеткен қазақ шық бері” деп,
айқайлап өктем сөйлеп тұр шақырып.
Бәрінен Ұлы жүздің үлкен жолы,
Ұстайды үнемі Үш жүз алға соны.
Билікте, силықта да, үлесте де,
әдетте алға түсер Жаныс қолы.
Ұлы жүз ел ағасы келді кезек,
Оны жұрт айтпаса да іштей сезет.
Жаныстың Шоқан деген бір інісі,
Майданға бармақшы сол қару кезеп.
Інісін қасына ертіп батыр Жаныс,
әйгілі Шоқан ерде жұртқа таныс.
Хан берді батиқасын, ұлықсатын,
“Бар шырақ, жіберме” деп “жауға намыс!”
майданға шықты шауып Шоқан батыр,
шаңдатып шапқан жерін бара жатыр.
Қашатын қағушыдан көрінбейді,
Шарышта қарсы шауып келе жатыр.
Ексеуі бара сала найзаласты,
Түйрейді, тигізбейді, қармаласты.
Болар ма адамзаттың жаны сірі,
Денеден қан ағызып жараласты.

Шоқанды шапты Шарыш желкесінен,
Тез сілтеп сипай тартып келтесінен.
Көзді ашып жұмғанындай болғанда жоқ,
Бас ұшып жерге түсті денесінен.
Лап қойды сүйегіне екі жақ та.
Атынан Шоқан ауып түскен шақта.
Денесін қазақ алып қала берді,
Шоқанның басы кетті қалмақ жақта.
Майданнан Шарыш қайтпай тұрды ақырып,
Тағы да жекпе-жекке ер шақырып.
Орта жүз енді кезек жол соныкі,
Тая ма сара жолдан ер жалтарып.
Қол басы Орта жүздің Бөгенбайы,
Билігі сол кісіде соғыс жайы.
Бөкеннің немерелес бір інісі,
Бата алып шауып кетті Көкенайы.
Көкенай барған бетте ақ кетті айқасып,
Қағысып қаруласып жүр шайқасып.
Алдырмай бір-біріне алып күштер,
Тәсілін етер әдіс жүр байқасып.
Бір кезде шапты қарсы бір-біріне,
Найзаны түйрей ұстап үңілді де.
Жүректен шаншып қарсы тірескенде,
Аты әлсіз Көкенай сәл кідірді де.
Сол сәтте атын Шарыш ілгері айдап,
Тұрған жоқ өлем деп өлімді ойлап.
Ұмтылған ат екпіні, қол күшімен,
Найза өтіп Көкенайға кетті бойлап.
Сойткенше ақ Шарыш басын кетті кесіп,
Ханына тарту етті алып барып.
Тағы да “жекпе-жек!” деп айғай салды,
Майданға шығып Шарыш қайта оралып.
Басшысы Кіші жүздің батыр Арал,
Қатардан жөні барма кейін қалар.
“Ендігі кезек бізден” деген шақта,
майданға шапты інісі жап-жас Марал.

Маралға Шарыш батыр тартты садақ,
Қу жебе нысанасын төстен қадап.
Үшырып анадайдан түсірді аттан,
Бойына жақындатып дарытпай ақ.
Шарыштың көре тұра мына түрін,
Бұрын да сырттан естіп біле тұғын.
Қазақтан енді батыр шыға алмады,
Шарышқа жекпе-жекке бара тұғын.
Бір Шарыш бар қазақты жеңгендей ақ,
Қалмақ түр бір Шарышқа сенгендей ақ.
Үстіне қалың қазақ қара тұман,
Боп кетті сол сағатта төнгендей ақ.
Қол толқып сол бір сәтте торықты да,
өзінен басым күшке жолықты да.
Бара алмай Шарыш ерге батып ешкім,
Тайсақтап талай батыр қорықты да.
Сабалақ мұны көріп аттан түсіп,
Ханына басын иіп кеуде құшып.
“Я Тақсыр мен барамын!” дегенінде,
қол жым-жырт қарай қалды аңырасып.
Қысылып батыр шықпай тұрған сасып,
Қабағын жан жадырап жіберді ашып.
“Батырға бер ұлықсат, ет батиқа!”
деп халық үн көтерді шуылдасып.
Кіссесін мойнына сап Бөгенбай қарт,
Деп тілеп “Ете көрме жауыма мат”.
Суырылып шешен Қанай саңқылдады,
Үсыныс ханына айтып “бер ұлықсат”.
“Әмин” деп Әбілмәмбет жайды қолын,
“Бір Құдай оңға баста батыр жолын!
Арғы атам әз-Жәнібек, Салқам-зәңгір,
Қолдай көр қысылғанда біздей ұлын!
Бар балам, жас екенсің болма ғапыл”
Жүрт жатыр үйретісіп айтып ақыл.
Аты кім, жөнін сұрап білгенде жоқ,
Әйтеуір Орта жүзден шыққан батыр.

Бата алып майдан жаққа бетін бұрды,
Қаймықпай бір-біріне қарсы жүрді.
Ажалды күткен жандай тым асығыс,
Ұрысқа екі батыр бара кірді.
Құдитып Шарыш кетті дөңге шауып,
Сабалақ тұрып қалды қалқан жауып
Үңгіліп қайта оралып салды найза,
Осы деп өлтірер жер жайын тауып.
Шарышты Сабалақта тұрған бағып,
өткенде найза түйреп жұлдызша ағып.
Қос қолдан екпінімен түйрегенде,
Найзасын айбалтамен қалды қағып.
Сабалақ аман қалып алды кезек,
Шарышта тұрып қалды атын тежеп.
Айналып атой беріп шауып біраз,
Түйреді көк сүңгіні бұ да кезеп.
Ксеудеден түйрегенде тура нұсқан,
Бейне бір ессіз-көзсіз адамға ұқсап.
Шарышта Сабалақты андып тұрып,
Шап етіп ұңғысынан алғанда ұстап.
Шарыштың ұстауына беріп ерік,
Найзадан айрылған боп қоя беріп.
Найзаны Шарыш тартып кідіргенде,
Сабалақ шапты қылыш құлаш керіп.
Түсірді бір шапқанда ақ жерге басты,
Шарышты алдастырып айласы асты.
“Көп жаса, тусаң ту!” деп қазақ жағы,
Айғай шу, айтқан алғыс, үн ұласты.
Қимықты қалмақ жағы сағы сынып,
Алғанда Шарыш басын найзаға іліп.
Сабалақ ханына әкеп басын тартты,
Құны деп үш батырдың силық қылып.
Сабалақ майдан жаққа қайта шықты,
“Жекпе-жек, келе бер!” деп “болсың мықты”.
Екі рет екі батыр келіп еді,
Жайынтан екеуінде ұрып жықты.

Коңілі көтеріліп қазақ жағы,
Сынбай тұр майданда өзір ердің бағы.
Астына сары ат мінген еңгезердей,
Қалмақтың бір батыры келді тағы.
Дей келді “Хан інісі, атым Харыс,
олтірдің үш батырды қозды намыс.
Етейін жермен жексен кел бері” деп,
Менмендік сөз тигізе шөлкем-шалыс.
Соны айтып кідірместен алды найза,
Қарамай алды артана салды найза.
Сабалақ айбалтамен қағып еді,
Омырылып ортасынан қалды найза.
Қылышпен тағы ұмтылды шабайын деп,
Қисынын бас көгертпей табайын деп.
Қылышын дарытпастан қақты тағы,
Тұрған жоқ Сабалақ та болайын деп.
Тәкәппар өр көкірек озбыр батыр,
Бес қару бас көгертпей жұмсап жатыр.
Іске аспай найза, қылыш қалғаннан соң,
Белдегі қорамсаққа қол созды ақыр.
Салғанда Харыс қолын қорамсаққа,
Сабалақ салды қамшы қызыл атқа.
“Нар қызыл” омыраулап соққан шақта,
айналды сары арғымақ жығылмаққа,
Жөнделіп аттың басын бүрғанынша.
Сабалақ қылышымен қалды шауып,
Қайыра Харыс қару қылғанынша.
Шапқанда басы жерге ұшып түсті,
Нық тиіп өткір қылыш, қолда мықты.
Бөксесі әлбетінде атта кетіп,
Қармалай сәлден кейін жерді құшты.
Қайысты қабырғасы қалмақ жағы,
Ұшқандай Қалдан-серен бастан бағы.
Күйсуі інісі мен бірдей өліп,
Алдында екі батыр және тағы.
Бекінді қамалына қалмақ барып,

Бүгінгі соғыс солай аяқталып,
Жекпе-жек қалмақ жақтан шықпаған соң,
Сабалақ өз қолына қайтты оралып.
Сабалақ тұрды келіп топты жарып,
Бойына бір қасиет кеткен дарып.
Батагөй батыр, билер алғыс айтып,
Ішкізді хан сарқытын қасына алып.
Бекінді қалмақ шықпай қамалына,
Қорғаным көшіп соғыс амалына.
Қазақты тартқан шепке жуытпады,
Тасадан атып салып табанында.
Атады жақындаса тасты бұғып,
Талай ат, талай ерді оққа жығып.
Қорғанды бұзып қазақ ала алмады,
Соғысты етпеді олар сыртқа шығып.
Бұзуға ешбір айла табыспады,
Көріне қарсы ажалға шабыспады.
Бірі қайту, кейбірі шабамыз деп,
Бәтуә бір орынға қойыспады.
Қазақтар ақырғы рет қосты басты,
Не істеуге соғыс жайын ақылдасты.
Бұзуға қамалды күш жетпейді деп,
Қайтуды елге кейін мақұлдасты.
Сабалақ айтты сонда билеріне:
“Дұрыс па жаудан қорқып именуге.
Қас түрсын, досың күлер қазақ саған,
Жеңе алмай кейін қайтсаң үйлеріңе.
Батырлар қайда кеткен намыстарың,
Баяғы қырғынды еске алыспадың.
“Ақтабан шұбырынды” шапқында өлген,
бөрінің отырған жұрт туыстарың.
Бұза алмай тас қамалды торықсаңдар,
Бас сақтап өлем ау деп қорықсаңдар.
Сендер ер, қолды бастап мен шабайың,
Осыған сөзді берік қорытсаңдар.
Қамалды қамалаумен ортаға алсақ,

Түтқиыл таң сәріден ойран салсақ,
Қай жанға қаптай шапқан төтеп берер,
Сазайын бермейміз бе тірі барсақ.
Қалмасын ешкім бірақ алған беттен,
Таймасын ешбір адам айтқан серттен”.
-“Дұрыс сөз, баста өзің, қосылдық!” деп,
Бұл істі қолдаушылар шықты көптен.
Қамалды таң алдында алды қаптап,
Әр кім ақ өзі бұзар жерді аттап
Сабалақ қарсы алдында ту қолында,
Ат қойды ұран салып “Абылайлап!”,
Сабалақ шапқанында деп “Абылай”,
Бон кетті бір “Абылай” көп “Абылай”.
Үн қосып ат қойысты осы ұранға,
Ханы да қарасы да салып айғай.
Бірақ сөз, жерде Абылай, көкте Абылай,
Қазақтың бар қолына жетті Абылай.
Лузында отыз мың қол бір ақ ұран,
Айғай шу, шаң аралас кетті Абылай.
Жүп жазбай Абылайлап алған беттен,
Талқандап тас қорғанды әрбір шеттен.
Сабалақ салған айғай ұранға еніп,
Қамалған қазақ еркін кіріп кеткен.
Лан қойып қалың әскер араласты,
Күшейіп онан сайын үн ұласты.
Түтқиыл шабуылдан сасқалақтап,
Қорғанын тастай сала қалмақ қашты.
Сиынып аруаққа қазақ басып,
Екі жақ кетті мүлдем араласып.
Үрейлі қашқан жауда күш бола ма,
Жеңілді қалмақ солай қара басып,
Қалмақты қазақ солай алды шауып,
Аямай қан ағызып, олжа тауып.
Мал-мүлкін ұлы қызын олжалады,
Қалғаны жан сауғалап кетісті ауып.
Қалмақты қазақ шауып қайтты кейін,

Еттік деп “бас көтермес күйге дейін”.
Талқыдан арқаға асып тынықты қол,
Отін ап шекарадан елге бейім.
Тігісіп жолай үйін, шатырларын
Мосылы асып отқа бақырларын.
Көрі хан Әбілмамбет кілем төсеп,
Алдына жинады би, батырларын.
Олжаны жинап тегіс өз қасына,
бөлісті ру-ру қол басына.
Теп-тегіс мал-мүлікті бөліске сап,
Қалдырды біраз үлес ордасына.
Мәжіліс көп созылды бітпеді тез,
Бөлістен кейін тағы басталды сөз.
Бір жұмбақ көпшілікте көптен жүрген,
Сол сөзді келді бүгін шешерлік кез.
Отырған сөз бастады Әбілмамбет,
Тым-тырыс тыңдай қалды жиылған көп.
-Кешегі тас қамалды бұзған күнгі,
Шабулдың “Абылайлап” мәні не – деп.
-бастаған-десті халық, Сабалақ ер,
салды айғай Абылайлап айғайға еріп,
Қамалға қарсы шауып кеттік еніп.
Үн қосып қазақ біткен осы ұранға,
Бойға күш, көңілімізге бітті желік.
Қарады енді халық Сабалаққа,
Мәнісін не деген сөз сұрамаққа.
Неліктен Абылайлап ұран салдың,
Ту ұстап қамалға бет бұрған шақта.
Сабалақ айтты көптің сөзін күтіп,
-соғыста шығу мақсат жауыңды ұтып.
“Ақтабан шұбырынды, Алқа көлді”,
кім естен шығармақшы оны ұмытып.
Ақтабан қалмақ салған шұбырынды,
өткен жыл Төле үйінде сөз қылынды.
Қалмақтан ескі кекті аламыз деп,
Қазақтан отыз мыңдай қол жиылды.

Сол үшін күні кеше келді қазақ,
Жасқанып жұмсамаса ерлік қазақ.
Ала алмай тас қамалды кейін қайтсақ,
Етпей ме қасың тұрсын досың мазақ.
Соны ойлап қазақ туын қолыма алдым,
“Сен баста” деген көптің тілін алдым
соғыста жолы болған ұлы атамның,
шақырып әруағын ұран салдым.
Деп шаптым “Кәрі әруақ қолда Абылай!”
Қалың қол ере шапты бірі қалмай.
Не өлу не болмаса жауды өлтіру,
Басқаны тап осыдан ойыма алмай.
Арғы атам Салқам-зәңгір, Уәлі-бақы,
Түркістан нағашысы Өзбек заты.
Сонан туған қан ішер Абылайдың,
Баласы көркем Уәлі әкем аты.
өз атым Әбілмансүр әуел баста,
жетім боп әкем өліп қалдым жаста.
Ташкентте бір қырғыннан қашып шығып,
Келіп ем қазақ елі қарымдасқа.
Төле би “Сабалақ” деп қойды атымды,
Ешкімге айтпап едім тек, затымды.
Жайратып жауды жендім, кекті әпердім,
Қазағым көрсете бер құрметінді.
Дегенде Әбілмамбет ұшып тұрып.
Көрісті “бауырымдап” Сабалаққа,
Құшақтап кеудесіне қысып тұрып.
Кенеттен Салқам-зәңгір өлген шақта,
Өз-Тәуке хан сайланған бұл қазаққа.
Ағасы Уәлі-бақы наразы боп,
Өкпелеп көшіп кеткен Ташкен жаққа.
Зәңгірден бұл екеуі таралады,
Сабалақ-Уәлі-бақы балалары.
Ұрпағы әз-Тәукенің Әбілмамбет,
Немере, шөберелес аралары.
Тәукенің Әбілмамбет немересі,

Сабалақ-Уәлі-бақы шөбересі.
Көрі хан бауырым деп Сабалақты,
Күшақтап көрісудің себебі осы.
Сол жерде Әбілмамбет сөзді бастап,
Біріне бедел берер, бірін жасқап,
өртіннен алып сөзді, терең толғап,
бір істің тағыда бір бетін ашпақ.
-Әуелде мені хан ғып сайлап еңдер,
Бір мақсат сайлағанда ойлап еңдер.
“Ақтабан шұбырынды” кегін ал деп,
Пәтуа “Алқа көлде” байлап еңдер.
Қаншама содан бермен уақыт өтті.
Олқының орны толып, ел ержетті.
Мінекей қазақ елі осы жолы,
Қалмақтан алып қайттық ескі кекті.
Қартайдым, ұлғайдым мен, жасым жетті,
Бойдағы қайрат-жігер, күшім кетті.
Көзімнің тірісінде ойымдағы,
Халқыма айтпақшымын бір тілекті.
Бұл іске қарайсыңдар қалай халқым,
Деп тоқтап байқағалы сөздің артын.
Отырған батыр, бидің бетін аңдап,
Хан тосты ызбарлы ұстап жүзін салқын.
Отырды ханның сөзін халқы тыңдап,
Заңы ғой ханға халық мойын ұсынбақ.
Түсінді емеуріннен сыралғы жұрт.
Тастасып көз қиығын, қойып ымдап.
Жұрт тосты сөзді қай би бастайды деп,
Кім ашып сөз төркінін тастайды деп.
Қанайы Қарауылдың кетті сөйлеп,
Ойланып отырғанда жиылған көп.
-Ертеде бағындық біз Орманбетке
Қазақты қақпайлады Ноғай шетке.
Сол күнде хан көтеріп қазақ ерген,
“Өз” атап арғы атаңыз Жәнібекке.
Билікті берген қазақ ертеден ақ,

Ханым, тек қиянатсыз әділге бақ.
Үш жүздің айта тұғын сөзі осы,
Орданы ұстар ерді өзіңіз тап,
Толғанып Әбілмамбет ойға кетті,
Халық үнсіз отырып жауап күтіп.
-Батыр орда ұстарлық ұсынамын,
көпшілік алар болса қабыл етіп.
Кешегі қысыл таяң күн болғанда,
Өркімнің өз басында мұң болғанда.
Жекпеге батыр шықпай халық сасып,
Келешек жұртшылыққа сын болғанда.
Майданға өзі тілеп барған батыр,
Көкенай, Шоқан кегін алған батыр.
Қамалға қарсы шауып қолды бастап,
Ұранды “Абылайлап” салған батыр.
Ұстаса осы ұстайды қазақ елін,
Қорғаса осы қорғар қазақ жерін,
Ұсыныс менен халқам тілесендер,
Сіздерге сол Сабалақ берер ерім”.
Бөлініп ру-ру қосты басты,
Талдады, талқылады, ақылдасты.
Ақыры бір орынға сөзді түйіп,
Хан айтқан ұсынысты қабылдасты.
Әуелі “Сабалақтай” атын жойды,
Жаңадан “Абылай” деп атын қойды.
Үш жүздің үш ордасы бәрі тегіс,
Хан сайлап қынаменде қылды тойды.
Шалқыған “Сабындылы” көл басында,
“Көк төбе” жиын өтіп дөң басында.
Көтерді Абылайды ақ кигізбен,
Хан сайлап орта жүздің ордасына

АЙСАРЫ-ШОРМАН

/Дастан/

Кіріспе

Шіліңгір шілдедегі күн аңызғақ,
Шаңқайып, шаңырқаған түс мезгіл шақ,
Шыдамым жетпеген соң келдім көлге,
Құмға аунап, мөлдір суға боп шомылмақ.

Осы оймен келсем көлдің жағасына,
Құм қайрақ мөлдір суат сағасына,
Қылт еткен бір қарасын көзім шалды
Жайқалған жасыл құрақ арасында.

Қарасам бір қария ақсақалды,
Жағаға шықпақ болып ол тақалды,
Асықпай, кербез келбет киінді де,
Маң басып қасымнан кеп орын алды.

Сабырлы, салқын жүзді, терең ойлы,
Керме иық, кең кеуделі ұзын бойлы,
Қой көзді, қызыл шырай ақсақалды,
Көргенде келбетіне көңлім тойды.

Сыншыдай бастан – аяқ тастады көз,
Жонімді сұрап тегіс бастады сөз,
Бұрыннан танитын бір адамдай ақ,
Өзіне үйірдіріп әкетті тез.

-Шырағым, ертеректе келіппе елдің?
Бұл көлдің бұрын түрін көріппе едің?
Ежелгі ел сүйетін әңгіме сөз,
Естуге құлағыңды түріппе едің.

Аксақал сұрап солай есіп желдей,
Баяндап көл тарихын кетті селдей,
Ертеде ел тітіретіп осы арада,
Мерт болған екі ғашық тілге келмей.

Астына сонау адыр тағы бір көл,
Көрінген қарауытып әне бір өр,
Үш жердің үшеуіде мен көрсеткен,
Жазықсыз қан төгілген жер, барып көр.

Бұл өзі ертегі емес ескі тарих,
Осында күні кеше болғаны анық,
Атадан баласына мирас қылып,
Сақтаған сөз мұрасын біздің халық.

Соны айтып ойланғандай кідіріп сәл,
Деп қойып: - мұны інішек ұғынып ал!
“Айсары – Шорман” атты бұл уақиға
Деді де әңгімеге кірісті шал:

-Осыдан бір ғасырдың шамасында,
Арғынның руы Алтай арасында,
Атақты Ақтайлақтай бай болыпты,
Ұрпағы “Даукес-Науби” баласында.

Отыз қос Ақтайлақта болған жылқы,
Есепсіз басқа түлік, жиһаз-мүлкі,
Көзіне сонша байлық көрінбейтін,
Кісі екен тарын ниет мінез-құлқы,

Отыз қос аз жылқыма қостағанда,
Түлігін басқа малдың қоспағанда,
“Қорғалжын” “Қарақойын” “Қашрлыны”
Алыпты жайып тегіс тастағанда.

Айсары осы байдың жалғыз қызы,
Құлпырып көз тартатын су құндызы,
Аспанда айсыз түнде жымың қаққан,
Шолпандай жарқыраған қыз жұлдызы.

Ақтайлақ қызын сатты қалың малға,
Қарамай адамшылық ұят-арға,
Құлқыны “Қырық жеті” санап алып,
Бермекші әйелі өлген кәрі шалға.

Тінәлі руынан бұл бір мықты,
Бай неме қыз әкесін малға жықты,
Жер кеңіп жаз жайлауда, құда түсіп,
Алмақшы күзге қарай қалыңдықты.

Айсары шал күйеуді көрген де жоқ,
“Барам” - деп ризашылық берген де жоқ,
Әкенің сырттан сауда зорлығына
Ерке қыз іштен тынып көнген де жоқ.

“Күйеудің” жансыз сұрап білді жайын,
Шекпей құр үйде отырып сары уайым,
Өжет қыз тәуекелге белді буып,
Деді бір “жер соқтырар іс қылайын”

Рулы ел алтай-қарпық айналасын,
Аралан кедейді де, бай баласын,
Өтпе өмір серік жар іздеді
Отырып үйде таңдап бозбаласын.

Ішінкі жігіттердің Шорман ұнап,
Бөгелер уақыты тар қыздың шыдап,
Мысалдан өз басынан жұмбақ етті
Жігітті көрмекші боп сұлу сынап.

Соны ойлап қара орамал қолына алып,
Оралды бір тал қамыс, бір тас салып,
Қалт еткен қалтарыста ебін тауып,
Жігітке ұсынды қыз алып барып.

Соқтықса өздігінен қыз бөлісіп,
Қалмайма бозбаланың көңілі өсіп,
Силығын сұлу қыздың оңашалап,
Не бар деп орамалды көрді шешіп.

Ішінде бір кесек тас, бір тал қамыс,
Қомсынып, ал бетінде етті намыс,
Дегенмен қыз жұмбағын шешті жігіт,
Ежелгі құрбысы ғой сыры таныс.

“Тас болып жүрегіне байланып шер,
Дейсінғой тастай берік сертіңді бер,
Ораған қара орамал түнге мысал,
Қамысы қамысты көл жолығар жер”

Күн батып, қас қарайып, байланды көз,
Жетті қыз көл басына ұрланып тез,
Шорман да жан ұшырып барғаны сол,
Айсары қарсы шығып жолықты кез.

Сөз алып қыз бастады Шорман үнсіз,
-Жан едім ойым таза, басым кірсіз,
Деседе халық бізді “армансыз жан”
Дүниеде кім бар дейсіз қайғы-мұңсыз”

Боп жүрмін шерменденің менде бірі,
Болсада әке-шешем бәрі тірі,
Сол мұңды бөлісердей адам іздеп
Жамылып жортып жүрмін қара түнді

Барма екен жалғанда жан қыздан сорлы,
Шылық пен шырматылған алды орлы,
Еркімен қосыла алмай сүйгеніне
Талайлар уайыммен гүлдей солды.

Құрбымең іс мәнісін шешерліктей,
Бір жәрдем қысылғанды етерліктей,
Тілегім қоятұғын Шорман саған,
Көрмесең адал сөзді бекерліктей

Жайымды айтқан жоқ ем бұдан бұрын,
Өзіңде түсінесін мынау түрім
Екеуміз қосылайық тілегім сол,
Не дейсін бұл сөзіме кәне құрбым?!

Алтайдың толып жатыр бай-мырзасы,
Жанымның еш біріне жоқ ырзасы,
Мен сендік, сүйем сені, тәңірім куә,
Мойныға тамшыласын көздің жасы.

Жерім жоқ бұдан бұрын сырымды ашқан,
Кең ойлап келешекті ақылдасқан,
Жеңілтек, көрсе қызар деме жаным,
Уақыт тар, айтып тұрмын асығыстан.

Соны айтып бауырына сұлу еніп,
Беріліп жан-тінімен оған сеніп,
Жаудырап қарақаттай екі көзі
Үміттің оты лаулап бірде сөніп.

-“Ал , кәне, не дейсін” - деп жеделдетті
Кешігу бізге кәдік, уақыт өтті,
Өзеуреп құшағына қысқан сайын,
Шорманның есін алып елжіретті

Кім шыдар қыз назына налып тұрса,
Асылып мойыныңа құшып тұрса,
Жүрегің тас болсада жібімейме
Үстіңе шын ниетпен түсіп тұрса.

Бойынан сабыр қашып, жүрек тулап,
Сұлудың мас болғандай лебіне улап,
“Мен сендік” деді жігіт қолын қысып,
Тұра алмай одан әрі дәті шыдап

Қабылдап қыз тілегін жігіт көніп
Қыз емес енді қызға жігіт төніп,
“Ауыр күн түссе басқа” деді Шорман
“Бақылмын бір сен үшін кетсем өліп”

Соны айтып анттасады байлап сертті,
Айды айғақ, көк жұлдызын куә етті,
Дүрсілі жүректердің тайдай тулап,
Ыстық леп такастырды жылы бетті.

Тор бесті ат, Шабдыр айғыр кермедегі,
Шорманның осы екі ат боп көздегені
Бір асқа арғы елдегі қосу үшін
Жаратып көп күн болған жемдегелі

Қоржынға салды Айсары азық-түлік,
Киімін тана-мойшак, күміс-жүзік,
Сұлуға ауыр соқты қиып кету
Ақ орда босағасын көрген қызық.

Еріксіз жауыз әке айдағандай,
Рақымсыз оққы қиып байлағандай,
Су шашқан қарлығаштай қанатымен
Анасын қамығып қыз ойлағандай.

Аруды толқытқан ой бойын билеп,
Өйтседе үміт шіркін алға сүйреп
Екі жас ел жұртына хош айтысып
Мініп ап жүйріктерін тартты гулеп.

“Қашырлы”, “Қара-Қойын” белін басып,
Қоналы “Қорғалжынның” көлін басып,
Омбыға барып ойы баспаналау
Ақмола, Көкшетаудан әрмен асып.

Кетті олар, сәске болды, ауыл тұрды,
Оянып ұйқыдан ел, тірлік құрды
Екі ат жоқ, Айсары жоқ бай үйінен
Білді жұрт жаңа ғана түнгі сырды.

Ашумен Ақтайлақ бай жұртын жиды,
Тексеріп, кім бар, кім жоқ ауыл үйді
Кешегі кешкі күдік жүрісінен
“Шорманнан келді-ау” десіп ойды түйді

Бұл Шорман Серкібайдың жалғыз ұлы,
Белгілі Ақтайлақтың ата құлы
Бағатын бай жылқысын қысы, жазы
Көптеген жылқышының бұда бірі

Еш қашан байға Шорман бермеді ырық
Сұранып көрген емес жалға жүріп
Ән күймен әуестеніп кете барған
Жасынан сері атанып, сейіл құрып.

Ақтайлақ алды мініп ашуына,
Ешкімнің болар емес басуына,
“Тең емес терезесі” кедейменен
Қызының намыстанып қашуына

Түкситіп, тікірейтіп сақал-мұртын,
Шыққандай тесіп өтіп түгі сыртын,
Отырып ордасында сөз саптады
Ағайын жиып алып елі-жұртын.

-Тиіп тұр бұзылған қыз намысыма
Жексұрын қылып жақын алысыма,
Біреудің басы байлы жесірі еді
Түсем ғой ел талқысы, арасына

Кіналы жұрт алдында бетім қара
Атыма ылайықсыз салды жара,
Бұзылған сол иттерді ұстап алып,
Аяусыз қолданылсын батыл шара!-

Соны айтып ат шаптырды аймағына,
Шолғыншы кісі салып қайдағыға
Өз ұлы Сәрсембайды басшы қылып,
Шығарып қуғыншылар сайлады да.

Сәрсембай қыз ағасы намыс кернеп,
Аттанды бес жігітпен өлкені өрлеп
Атбасар, Ақмоладай бекеттерге
Сұрау сап шолып қайту ізін зерлеп.

Сөзді үзіп бөгелді қарт демін алып,
Желісін әңгіменің жөнге салып,
“Сәрсембай тұра тұрсын” деді дағы,
Баяндап қыз жігітке кетті оралып.

Сақалын саусағымен бірер тарап
“Інішек ұқтыңба” деп маған қарап,
Қайтадан сөзін жалғап сөйлеп кетті,
Аудармай бір ноқатқан көзін қадап.

Қыз жігіт сол кеткеннен ұзап кетті
“Омбыға барамыз” деп түзеп бетті,
Руы қозған қақсал жайлауда ел
Есілдің өлкесіне келіп жетті.

Қазақтың әдетінше жайлауда жаз
Ойын-той, сауық-сайран емеспе
Осындай бір ауылға кездесті де
Бөгелді алайық деп тынығып аз.

Бұл елде Шорман тағы күйді шертіп
Әкетті ел жастарын соңына ертіп
Сұлу ән сазды күйге құмар халық
Елігіп, әуестеніп тындасты елтіп.

Осылай төртті-бесті күндер өтті,
Тынықты ат, аттанарлық мезгіл жетті,
Баратын Ақмолаға жолды сұрап
Екеуі ең даламен жүріп кетті

Тәтті күй, әндері әсем жастарға ұнап
Үйренді ебі барлар етіп талап
“Сергелдең” “Жолаушылар” тағы-тағы
Ән күйі ел аузына кетті тарап.

Өрісте жылқышылар әнге басып,
Қойшылар шырқай салып белден асып,
Қотанда қой күзетсе-ақ қыз-келіншек
Ауылдан ауылға асты ән ұласып.

Артына ән мен күйін кетті тастап
Айтты жұрт Шорман әнін басын қосса-ақ
Қуғыншы төрт-бес кісі жетті осы елге
Сәрсембай қыз ағасы өзі бастап.

Білдірмей елден жансыз жатты тыңдап
Сөз шықса ақ Шорман жәйлі зерттеп сұрап,
Білгенсоң нақты солар келгендігін
Деректің қортты бәрін басын құрап.

Осы елді басып Шорман өткендігін,
Ән салып, әсем күйді шерткендігін
Аялдап аз тынығып алғаннансоң
Бет алып Ақмолаға кеткендігін

Омбыға баратынын одан әрі
Ашылды міне осылай істің мәні
Қашқынның қуғыншылар білді бетін
Анықтап айтқандықтан жұрттың бәрі.

Сәрсембай қуды таңнан ертеңіне
Қарамай күннің жаңбыр желкеміне
Мылтығын “қара шиті” оқтап алды
“Өзімнің жұмсаймын деп тентегіме”

Екі жас еркін жортып ен даланы
Құла түз шарлай кезіп сахараны
Бір суға түнде келіп түней кетті
Соқпастан жанай өтіп Ақмоланы

Салт жүріс, ыстық күннің аптабы өткен
Ер жастап, тоқым төсеп жата кеткен
Түсінен шошып сұлу ояныпты
Бір иттің даусын естіп арс-үрс еткен

Түсінде қауып алып қара төбет
Деп сұлу ұшып тұрды “кеттағы-кет!”
Түйткілмен аттануды жеделдетті
Болардай түсті жорып жолға бөгет

Асығып атқа қонды қыз бен жігіт
Бойларын үрей билеп, алды үміт
Ішінен күміс-мойшақ, киім салған
Жұртында қала берген қоржын ұмыт

Тартты ұзап асығыспен жеделдетіп
Бір шоққа түсті келіп іңірлетіп
Қоржынды мойыншақ салған енді іздесті
Бағана ескермеген есі кетіп.

Бұл шоқтан таң сарғая кетті тағы
Аттанса ақ артқандай боп аруағы
Шоқытып белге биік шыға келсе
Керме иық жазық екен арғы жағы

Жап-жазық шетсіз, шексіз жатқан көлбеп
Не қыстау, не бір жайлау маңайда ел жоқ,
Тек қана қыз бен жігіт жортып келед,
Құландай үйірінен шыққан желдеп

Шорманның сол бір сәтте күйі тасып,
Ат үсті алмақшы боп әнге басып,
Қараса бөктерінде домбра жоқ
Қарамалап қанжығасын қалды сасып

Бұлдағы ұмыт қапты қонған шоқта
Асығып тағыда ерте кеткен шақта,
Шамасын бір пәленің сезді Шорман
Кеселдің тап боларын кездей соқта.

Деді де “нар тәуекел!” кетті тартып,
Жүйріктер жортқан сайын жүрісі артып,
Қасқырлы қалың қауда қалдырған із,
Жосынды жол боп жатты артта қалып

Шорманнан жарысқанда Айсары озды
Кей кезде көтермелеп алдын созды
Алысқан ауыздықты тарта-тарта
Қолдырап сұлу қыздың қолы тозды

Шорманның кейде бөркін ала қашып
Аударыс ойнағансып жағаласып
Сылтау ғой “аударыспақ” сүйісуге
Қалмай ма аударысса бет тақасып

Осылай бара тұрсын жігіт пен қыз
Елге аңыз, қалың қауға жосылтып із
Есілден түп ізінен қуып шыққан
Оралып Сәрсембайға келейік біз.

Кектеніп Сәрсембайдың бойында уыт
Қос аттап шабуылдап қуды суыт
Өкшелеп қыр соңынан қалмай жүріп
Жақындап Ақмолаға келді жуық.

Бекетке екі ат ізі өтті соқпай
Көрді де қуғыншылар қалды тоқтай
Сәрсембай екі атының ізін танып
Ап-айқын ұшырады көзіне оттай.

Ат ізі анық түскен қара даққа.
Табылды жоқтан дерек ақымаққа
Шабдардың от орнындай ізін танып
Біреуін ұйғарысты торбесті атқа

Соңынан кетті түсіп қуа зерлеп
Бөгелмей екі ат ізі тартты көлбеп
Бағыты жұрт айтқандай Омбы болып,
Белгісі Ақмоладан асты дендеп

Қуғыншы қуды шаршап болды күн кеш,
Көз жазып іздеп тіпті қалар емес,
Бір суға тірелді де түней кетті
“Таң ата қуармыз”-деп байлап кеңес

Атты таң мінді аттарын жылдам ерлеп
Ілгері жүру тағы ізді зерлеп
Қоржынды ұмыт қалған тауып алды
Кешегі Шорман қонған орын кез боп

Таныды, қоржынды алды аузын шешті
“Жол болды” деп шуласып гуілдесті
Қоржынды тауып алған осы суға
Ат қойып “мойшақты су” болсын десті.

Қос атын ауыстырып мінді бәрі
Аттанды шабуылдап одан әрі
Жосыған екі аттының ізіменен
Шоққа кеп Шорман қонған қонды тағы.

Болып тұр қуғыншылар жолы сәтті
Кез болып домбыраны және тапты
Шорманның домбырасын тапқан шоққа
Болсын деп “Домбыралы” қойыпты атты.

Сол күні кешке дейін жүріс үдеп
Тартты ізбен шабуылдап жатпай түнеп
Күн шыға екі қара көзге ілінді
Қылаңдап бара жатқан қатар түзеп

Шорман мен Айсары еді екі қара
Ұмтылды қуғыншылар көре сала
Қарасын ал бетінде үзіп кетті
Соңына қусадағы іле-шала

Зытты олар сол бетімен ұзай қашты
Сай, сала, адыр, қырқа, белден асты
Сәске өтті бесін ауды күн құлады
Толассыз жойқын шабыс кешке ұласты.

Шомылды шабдыр айғыр батып терге
Көсілді төрт аяғы тимей жерге
Шорманның алды-артынан орай шапты
Дем беріп көтермелеп “кер төбелге”

Бейне бір көкпар алып жарысқандай
Бір қызық мерекеге шабысқандай
Қыз озып жігіт кейін қала берді
Бәйгені қыз алсын деп болысқандай

Жолсыз жер, жоталы адыр, ой менен қыр,
Шыжыған күн де аңызғақ ерекше бір
Күн ауып екіндіге барған кезде
Шорманның “кер төбелі” білдірді сыр.

Кеміді шапқан сайын әлі кетіп
Жол соғып қағылған ат жалы кетіп
Корінді қуғыншының қарасыны
Хауып бар ұстарлықтай қуып жетіп

Шорманға оралып кеп Айсары қыз
“Не болды, енді қалай, қайтеміз біз?!”
Шылбырын шабдыр айғыр ұсынады
“Торыны мен мінейін мынаған сіз!”

“Серт қайда айтысқан сөз?” деді Шорман,
“Мені алып құтқарғанмен шабдар азбан
Сен түсіп жау қолына жазым болсаң
Өмірлік өкінішті емес пе арман”

“Мінгес!” деп олай болса етті тілек
Ағытты зәңгісін қыз” алға мін” деп
Бір атқа қыз бен жігіт мінгесіп ап,
Көсілтіп шабдарменен тартты шу деп

Ал бетте болып кетті көзден ғайып
Кінә жоқ қоярлықтай шабдарға айып
Екеуін үстіндегі елең қылмай
Көсілді құлаш ұрып қанат жайып

Еңкейді күнде тақап екіндіге
Қуғыншы қалаберді өкінді де
Күн бата қопалы бір көлге келіп
Отырды қамысқа еніп бекінді де

Қос аттап қалмай қуып Сәрсембай сұм
Жамылып көзге түспей қараңғы түн
Қопаға Шорман кірген ол да жетіп
Шығарын тосты ауыздан білдірмей ұн.

Күтізбей сонша ұзақ жаздың таңы,
Сөгіліп көкжиектен түн қылаңы
Буына сары алтынның бұлт шомылып
Сары ала подишадай кірді сәні

Күн шығып бар әлемге нұрын шашты
Серпілтіп қараңғылық пердені ашты,
Айсары ат үстінде Шорман жаяу
Қамыстан жиекке кеп жақындасты

Оқ жетер жерге жетті аяқ асты
Сәрсембай дайындалып жанталасты
Шорманды нысанаға алды дағы
Шаппасын “қара шиті” бірақ басты

Тиген оқ түйреп өтті қарақұсты
Ышқынып Шорман жерге ұшып түсті
Шошынып ала қашты шабдар айғыр
Қыз қорқып шапқан аттың жалын күшты.

Ат үркіп айдалаға құстай ұшты
Шорманға білмеді қыз болған істі
Сәрсембай қарындасын кетті қуып
Оғанда жұмсамақ боп қара күшті

Атқанда ұшып түскен Шорман құлап
Жарасы қарақұстан қаны саулап
“Айсары” дей алдыма, демеді ме?!
Кім білсін жатқан жанды ессіз сұлап

Жетті ажал, өте шықты өмір зулап
Сағымдай мың құбылған құр бұлдырап
Сонау көл “Шорман көлі” бүгінгіше
Қаралы күй шерткендей қамыс шулап

Сәрсембай қызды қуды қиқу салып
Есер жан ессіз-түссіз ызаланып
Қыз қашып көлге қайта тірелетте
Шабады көлденеңдей төте оралып

Сол кезде кідірген бір сәтін салып
Ағасы атып салған тұра қалып
Нәзік қыз шапқан аттан ұшып түскен
Тигенсоң қанды қолдың оғы дарып

Қыз құлап шабдыр айғыр тағы шошып,
Осқырып ішін тартып шықты босып
Сүйреткен қыл шылбырын бір мезгілде
Өзінің артқы аяғы қалған басып

Жануар өз шылбырын өзі басып
Құлаған екпінімен омақа асып,
Үзіліп омыртқасы өліп кеткен,
Аяғын ақтық серпіп, аузын ашып.

Сәрсембай Айсарыға келсе оралып,
Қаңсырап жатыр екен қыз бозарып
Ыңырсып ағасына айтқан қарғыс
Шашырап кекті көздің оты жанып.

-Бөрісін өз күшігін өзі жарған
Тұмсығын өз қанына өзі малған
Бір әке, бір анадан тумай кеткір-
Өлімге қалай қиып қолың барған.

Тас бауыр, қараниет болдың анық,
Іше бер қанымды сен мейрің қанып
Осылай қыз лағнеті айтылды да
Үзіліп көзін жұмып кетті талып.

Қыз, жігіт, тұлпар қанат шабдар да өлді
Күнрентіп басты қайғы екі көлді
Ашу мен надандыққа ерік беріп
Жазықсыз қан төгілді, не нәрсе өнді.

Мезгілсіз екі жастың оты сөнді
Жеткізбей арманына тағдыр блөді
Аялдап қуғыншылар көрін қазып
Әр қайсын өздері өлген жерге көмді

Ексуін көміп болып екі жерге
Сәрсембай қарап тұрып қазған көрге:
-Кешір деп қылмысымды айталмаймын
Жазық жоқ ексуіңде, кінә менде!

Намыс қой итермелеп арандатқан,
Ағаттық, етен ісім келмес жөнге-
Молаға тас орнатып, ат қойыпты
“Айсары”, “Шорман” десіп екі көлге

Сонау шок “шабдыр айғыр” өлген дөңге
Жау шауып аталы бір кек алғандай
Оралып қуғыншылар қайтады елге
Жалғасқан содан талай заман өтті

Ұмытсын тарих қалай мұндай кепті
“Мойшақты”, “Домбыралы”, “Шабдыр айғыр”,
Жерлерді елі солай атап кетті
Шорман мен Айсарының моласы бар

Қайғылы аңыз толы бізге жетті
Киелі Көксеңгірдің жері куә
Жырладым кейінгіге қайғы, кекті

ЕСКЕРТУ:

Автордың түсініктемесі бойынша, өз заманында Ақмола, Көкшетау төңірегін дүр сілкіндірген Айсары-Шорман трагедиясына арналған бұдан бұрында осы дастанның варианттары болған деседі. Ал осы нұсқасы түбі Ақмола облысының Қорғалжын төңірегінен, құйма құлақ Мүтәш Жұлжумаұлы ақсақалдан уақиғаны әңгіме түрінде естіп жырға айналдырған.

Дастанды бір шама зерттеп баспаға дайындаған Айдос Әбутәліпұлы.

ЖАҢЫЛ ҚЫЗ

Ақ үйдің ат кетірмей белдеуінен,
Жат көзге, жол соқтыға сенбеуінен,
Бір мезгіл малды өрістен барлайтұғын.
Ит-құстан, шашау шығып желдеуінен,
Жаңыл қыз боз жорғасын аңқылдатып.
Көсілтіп, құлаш ұрып қарқындатып,
Басында түлкі тымақ, шашта шолпы
Ер-тұрман аппақ күміс жарқылдатып,
Төбініп тебінгісін сартылдатып,
Тізгінін шынтаққа іліп қалтылдатып,
Күн шыға өрісті бір шолайын деп
Жылқыға жетіп келді бұрқылдатып,
Өрісі жылқы жатқан елдің сырты,
Қанаттас қонған биыл қайын жұрты,
Күйеуі Жаңыл қыздың олда шыққан
Жоқ болған іздестіріп біраз жылқы.
Ертемен аралауға бұда өрісті,
Білмекші кімдер болжап алдағы істі?
Жүрісін сенбейтін жан жорығандай
Дейтін-ақ жігітпенен қыз келісті,
Қыз келсе жылқыда түр бөтен адам.
Ниеті әлде дұрыс, әлде арам,
Әйтседе, ай далада кездесіп қап,
Тілдесті жөн сұрасып есен-аман,
Әуелі сыпайы, жай амандасты,
Қазақтың әдетінше жөн сұрасты,
Ақыры күйеу менен қалындық боп
Екеуі бірінші рет жүз танысты,

Өңгіме айта келе нуға ұласты,
Қағытты, әзілдесті сөз ұнасты,
Жігітке Жаңыл өкпе сала сөйлеп,
Аталы біраз сөздің бетін ашты,
Әкесі, шешесімен өлгендігін,

Шаруаны өзі бағып келгендігін,
Мал алып ата-анасы тірісінде
Құда боп қалындық қып бергендігін,
Қыз шығып айтып жатыр өкпелерін,
Қайынға “ұрын” келіп кетпегенін,
Иесі шаңырақтың інісі әлі
Есейіп кәмелетке жетпегенін,
Жігіттің араласпай шеттегенін,
Келуге қабылеті жетпегенін,

Өлгелі әкесі мен шешесіне
“Желбата” тым болмаса етпегенін,
Осылай жігітті қыз сөзден ұтты,
Қыз жеңбей қоярма сол дөң жігітті
Ұрда-жық, өр көкірек, омырауға
Тұрған жоқ берейін деп қызда ырықты.
Шешен қыз қара сөзді қардай борап,
Алдына сала сөйлеп тілек, талап,
Бұлтартпай бар кінасын мойнына артты,
Жігіттің алды-артын сөзбен орап,
Қипақтап деді жігіт: “Кінә менде,
Айтарлық сөзің барма одан өңге,
Өткен іс өтті-кетті қоя тұрып
Бері жүр, отырайық анау дөңге!?”

Салмай ақ арамызға аға жеңге,
Бұйрықты адамсын ғой маған пенде,
“Малымның сілекейі” сақтаулы ма?
Өтеуің соны бүгін келді жөңге!”
Дегенде ыршып түсті Жаңыл шошып:
“Күгіп ем аталы сөз жауап тосып
Татымды сөзіме сөз қайтармастан
Қорладың аруақты итті қосып,
Жүр, қазір, ауылыма өзіме еріп,
Қайтасын қызық, құрмет сыйды көріп,
Мысықтай от басында күлге аунаған

Исіне құл мен күннің болмай жерік,
Не бопты ай далада арым сатып,
Кіршіксіз мөлдір суды ылайлатып,
Жүре бер жолың әне, бара алмасан
Бөгемей берекесіз сөзді шатып!”
Деді де мінді Жаңыл жорғасына,
Ұзартып жөнсіз істі қозғасын ба,
Ұқпаған ой мағнасын тоғышарға
Қадірлі қарабасын қорласын ба!
Қамалып жауап таппай жігіт састы,
Сөзге олақ дөң шіркінді қара басты,
Ұмтылып омыраулап келді дағы,
Тымағын Жаңыл қыздың ала қашты,
Ал, енді жігіт емес Жаңыл састы,
Ауылға қалай барар жалаң басты,
Ұмтылып жорғасымен қуып еді,
Жеткізбей кашқан жігіт белден асты,

Жаңыл қыз ыза кернеп төкті жасын.
Бір нойыс қорланғанға қара басын,
“Осыған жастайымнан саттың-ау”-деп
Қарғады өліп қалған ата-анасын,
Сұлу қыз тия алмады көздің жасын,
Иыққа жайып салып қара шашын,
Ұсынып қолын жайып, көкке созып
Өрістің азынатты кең даласын:
“Я, құдай, ант етемін атыңды атап!
Бармаймын берсе саған байлап, матап,
Адалдың жағы құдай деген қайда?!
Басыма салдың неге мұнша шатақ,
О, тәңірім, бола білсең адалға жақ!
Көрдің ғой сорлы менің ниетім ақ,
Басымды кесседағы тимен саған
Куә бол осы антыма жаратқан хақ!”
Деп Жаңыл бет сипады қолын жайып,
Өзіне үкім етіп, салып айып,

Ақырын боз жорғасын бұлаңдатып
Жалаңбас келді ауылға ол мұнайып,
Арада тағы біраз жылдар өтті,
Сұлуға ұзатылар мезгіл жетті,
Жесірдің бар билігі осында деп
Қыпшақтар тапты келіп Тұрлыбекті,
Тұрлыбек Советник түбі Керей,
Жаңылға жәмағайын емес өгей,
“Жесірін алсын” депті сырттан билеп
Бір ауыз тым болмаса хабар бермей,

Айламен Жаңылға енді кісі салды,
Өзінің табақтасы бір қу шалды,
Суырылған сөз ұстасы, жез таңдай шал
Тақбақтап Жаңыл қызды қолына алды: -
“Атаңның шаңырағы – ер мұрасы.
Ер бала болмаса егер-ел мұрасы,
“Қыз деген кетешек жау” деген сөз бар
Осындай бұрынғының бір мирасы
Жаңылжан өзіңніңде жасың толды,
Әнекей, Құлмағамбет жігіт болды.
“Он үште отауға ие” – деген сөз бар
Дей келдім балаға енді берсін жолды”
Сорлының көнбегенде несі қалды?!
Деп салды “әкең алған қалың малды
Қыпшақтың жесірісің шырағым” – деп
Қорқытып қыз көңіліне үрей салды,
Жаңылды міне осылай сөзбен қамап,
Тақпақтап қара сөзді қардай борап,
Қай сөзге тура төтеп бере алады
Тоғыз жол тоқсан айыр, тоқсан торап,
Қамықты мың құбылып, бір мүдіріп,
Бір тұрып, бір отырып, бір жүгініп
Айтарын, айтпасында баяғы істі
Біле алмай басы айналды, ой сүрініп,
Не пайда айтқанменен осы шалға.

Деді ғой “Әкең сатқан қалың малға”
Жесірін ел намысы жібере ме
Не қайран істей алам мен бұларға?!

Біреумен мыңтағанда кетем қашып,
Жер бетін жүре аламба тірі басып,
Қосылып екі рулы ел құзғындары.
Жетімді жәбірлейді ау малын шашып,
Осыны ойлай келіп тоқтатты ақыл,
Баруға ұзатылып болды бақыл,
“Өз басым не көрседе жеке көрсін
Бір жөнін табармын-деп түбінде акыр”.
Қайтты шал Жаңыл қыздың сөзін алып,
Мәнісін Тұрлыбекке айтты барып,
Айтқан сөз атылған оқ жаталама,
Шақырды құдаларды кісі салып,
Алғыстап қыпшақ елі Тұрлыбекті,
Деп мақтап “жігіт екен әділетті”
Сірескен семіз қарын бір топ құда
Лулына Жаңыл қыздың келіп жетті,
Құдалар көріп жатыр сый, құрметті,
Сіміріп сары қымыз, жеп майлы етті,
Жабдығын жылдам жасау, шұғыл қамдап
Жесірді жөнелтуді жеделдетті.
Мол жиһаз, асыл бұйым ырғап-жырғап,
Жасаған байдың қызы неше жылдап,
Жаңыл қыз бозжорғасын мінді көшке
Қыпшақтар жесір алып тартты дулап,
Құдалар аз ерген жоқ Керейден де.
Бай, мырза, жалғыз атты кедейден де,
Тек қана басты адамнан Тұрлыбек жоқ
Бәрі бар туыстан да, өгейден де,

Көш келді, жесір түсті, шеру тартып,
Көп дүние көшкен бір ел, жиһаз артып,
Деп жатыр: “Келін шіркін жасаулы екен!

Түсірген келіндерден үздік артық!”
Құдалар жүзіп жатыр майға қалқып,
Паңсынып кей біреулер төрде шалқып
Гулеген ақ ордада үлкен кеңес
Сөз қылып өткенді айтып жатыр тамтып,
Отауда қыз, келіншек, кілең жастар,
Бүгін бір қызықты күн ойын бастар
Жүргендер дәмелі боп кезіге алмай
Шарт түйіп осы ойында сөзді тастар
жұрт дулап, жатыр шулап міне осылай,
Желігіп бөркін атып бір басылмай
Өз ойы өзгелерден ерекше боп
Тек қана Жаңыл бұған түр қосылмай
Түнерген айсыз аспан, қараңғы түн,
Бақсының зікіріндей бүгінгі күн,
Мастанып бай қызығы сердебеге
Ел ессіз елеуреген сезбестей дым,
Жаңыл қыз пайдаланып осы сәтті,
Жылысып тысқа шығып кетіп қапты
Жүгіріп жан ұшырып жетіп барып
Байлаулы тауып алат боз жорға атты,
Өзінің мініп алып бозжорғасын,
Немене, шылбыр-тізгін қолға алғасын,
Міндіде сырғанатып жүріп кетті
Деді де “бір тәңірім жолды оңғарсын!”

Қыз тартты өз еліне түзеп бетті,
Салдыртып сал жорғасын екпіндетіп,
Осы түн, ертең тағы тынбай жортып
Түп-тура Тұрлыбекке жетіп кепті,
Дауыс қып кірді есіктен Жаңыл зарлап,
Мошшақтап көзден ыстық жасы парлап,
“Янырай! Кеткені анау, келгені не?!”
Тұрлыбек түсіне алмай отыр аңдап,
-Ағажан! – деді Жаңыл Тұрлыбекке:-
-Сан жерде тиді пайдаң талай көпке,

Қолың соз, суға кетіп тал қармадым
Рахым ет отқа күйген көбелекке!
Керейдің мен де өзіндей сүйегі едім,
Әкеден жастай қалдым, сүйеп едің,
Мал тұрсын күні кеше өз басымды
Сыртымнан өзімсініп билеп едің,
Бір сырым жүруші еді бала жастан.
Қаймығып жүруші едім айталмастан.
Өзіңіз кеше тағы жеделдетіп
Тілдеспей кете бардым асығыстан.
Қолдасаң қолдан келер істің жөні,
Сондықтан көре келдім аға сені.
Бармаймын қыпшағыңа енді қайтып
Бауыздап өз қолыңмен өлтір мені!
Бар жайды баяндайын бастан аяқ,
Сөз қоспай, мүлт қалдырып тастамай ақ,
Арымды аяқ асты ете көрме!
Туысың мен сияқты сорлыны аяп!-

Жылқыда күйеуі мен кездескенін,
Далада жүз танысып тілдескенін,
Қымсынып, қаймықпастан айтып жатыр
Жігіттің күш жұмсаған өрескелін,
Үйге кеп қонақ болып кет дегенін,
Келуге батылының жетпегенін
Ат ізін бір салмастан жатып алған
Осындай жігітке айтқан өкпелерін,
Тымағын алып қашып кеткендігін,
Айрандай абыройын төккендігін,
Құдайдың атын атап сол арада
Әйел боп бармасқа ант еткендігін,
Кірлетпей қара басын сақтағанын,
Ақ сүтін ата-ананың ақтағанын
Ордасын өлген әке ұстады деп
Рулы керей елі мақтағанын,
Осылай барлық жайды айта келіп:

-Әміршім, туысым деп келдім сеніп,
Аға жан, сізге қояр тілігім сол,
Босатып, бостандық бер басыма ерік!
Тұрлыбек тұнжырады жауар бұлттай,
Қыз сөзін кейде ұнатып, бірде ұнатпай
Іргелес ел еді деп керей, қыпшақ,
Шығарын не шықпасын сөзді құптай,
Бұл бір іс ел ішіне келген жұттай,
Олда өлім дайға қолын қалса сұқпай
Тізелес қыпшақтардың Ыбырайы,
Қояр ма Тұрлыбекті сөзден ұтпай,

Қазақта жесір дауы ежелгі дау,
Кектесіп ел арасы болады жау,
Шен алып, шекпен киген Бағай екең
Қыпшаққа арқа сүйер асқар бір тау:
Ықтырып Ыбырайды жеңіп шықсам,
Орайлы сәтін тауып сөзден ұтсам
Артылып абыройым қалар еді-ау
Белдескен екі дайда даудан жықсам
Туысым мына жаңыл отыр зарлап,
Құшақтап аяғымды жатыр қармап,
Бұдағы намысым ғой жақтамасам
Атыма кір келерлік ауыр салмақ,
Тұрлыбек түйіндеді осыны ойлап,
Серпілді желдеткендей тұманды айдап,
Қыпшақтың Ыбырайдай – бағайының
Алдына бір дәлелді іс болды қоймақ,
Түнеріп қас бураша қабақ ашпай.
Қимылсыз бір орнында қара тастай,
Сақалын саусағымен сипап қойып
Сойледі жайғастырып асып-саспай,
-Шырағым, сенің ісің қиын бір іс,
Қыпшақта іргелі ел, бермейтін күш,
Ұшынып ерегіспен ел бүлінсе
Ақыры ісіміздің болмас дұрыс,

Сондықтан істерлік іс біреу ғана.
Болмай тұр етерліктей басқа шара,
Тұрмысқа шықпаймын деп ант етесің
Өмірі өтемін деп еркек шора-

Тұрлыбек міне осындай қойды шартын,
Құрмақшы болды жаңыл жігіт салтын,
“Өмірі ерге тимей өтемін” – деп.
Алдында Тұрлыбектің бекітті антын,
Тұрлыбек күтеді енді істің артын,
Көруге қайрат салып керей халқын,
Жеңемін даудан енді деп ойлады
Тағы бір шығаруға “мықты” атын.
Жаңыл қыз келді оралып өз үйіне,
Бақыл боп Тұрлыбектің билігіне,
Күзеп ап қара шашын отқа жақты
Қош айтып салтанатты қыз күйіне,
Киімін, тана-моншақ берді бөліп,
Қыз дәурен су сепкендей қалды сөніп,
Еркекше киініп ап қаздаң қағып
Суырылып шыға келді жігіт болып,
Қыпшақтар айтқандай-ақ келді шұбап,
Ұласып ойдан-қырдан кісі құрап
Бас болып аға сұлтан Ыбырайы
Кеп түсті Тұрлыбекке жесір сұрап,
Ыбырай қолын жазбай Тұрлыбектен.
Жесірі кеткен қазақ қандай өктем,
“Қанаттас ел едік қой Керей-Қыпшақ!
Салдың – деп елге іріткі не себептен?!”
Кезікпей екі көкжал жүрген көптен,
Кіналап бірін бірі шығып шектен,
Жағынып ақ патшаға қызмет етіп
Кигені екеуінің шенді шекпен,

Сұзісті бәсекелес екі қошқар,
Тақпақтап мақал, мәтел сөзінде астар,

Мән беріп әр бір істің орайына
Қасында қазы билер сөзді қостар,
Күйеудің озбырлығын тартты керей,
“Басынып аруақты, елді елемей,
Қай қазақ қайын жұртын қорлаушы еді
Ел едік терезе тең емес өгей”,
Қаршадай ай далада қызды қорлап
Тымағын алып қашып күшпен зорлап,
Намысқа тиіп отыр әдепсіздің-
Сықылды құл-құтандай омыраулап,
Қыз емес еркек шора Жаңыл қазір,
Бар десең отыр дайын өлуге әзір,
Бір нойыс, бейбастақтың қырсығынан
Осындай керей елі тарттық зәбір,
Ант еткен бір құдайдың атын атап,
Оны бұз деуге кімнің аузы батат.
Өтпекші өмірінде ерге тимей
Біз оны бере алмаймыз байлап-матап.
Керейлер осыны айтып ұтты сөзден,
Шығынға кейбір батқан болды төзген,
Жаңылдың салт басына ерік тиіп,
Үй-мүлік барған жиһаз тайды көзден.
Осылай ел билері үкім етті,
Дау бітіп, жұрт жайына тарап кетті
Жаңыл қыз өмір бойы ерге тимей
Басқарып жүре берді ен дәулетті,

Сонымен жыл артынан жылдар өтті,
Жаңыл қыз көп жасады, көрді көпті.
Қалыпты, қабырғалы, адам болып
Әр іске епті, білгір, қабілетті,
Жаңылды халқы силап құрмет етті,
Жетпістің жетеуіне жасы жетті,
Өтерде ел-жұртымен бақылдасып
Арманын іште жүрген сонда шертті:
“Уа, жұртым, көп жасадым, көрдім көпті.

Танытты қалың халқым сый, құрметті,
Мені бір армансыз жан дейсіздер ғой
Шіркін-ай, бір-екі арман іште кетті!”
Аңырып, тыңдап қалды қоршаған жұрт,
Тиыштық орнады бір дыбыс жым-жырт,
Халайық айтып өт-деп өтінген соң
Түнеріп Жаңыл кетті ойға сұңгіп,
Сол сәтте алғандай боп жинап есін,
Деген жоқ сұрайсыңдар соның несін
Көз салып жан-жағына шолып өтті
Алдынан өткізгендей өмір көшін,
-Деп бастап: “Өлді талай жан сүйерім
Жақыным, жан ашырым, жан күйерім
Соларды көппен бірге көмісе алмай
Өкініп өмірімде көп күйзелдім
Жұмған соң жанашырлар ақтық көзін,
Бақылдық айтқаннан соң соңғы сөзін,
Бір уыс өз қолымнан топырақ салып
Көрсетер шарифатпен ерлер өзін

Мен сорлы сол қабырға бара алмадым,
Топырақ өз қолымнан сала алмадым.
Кіре алмай ермен бірге жаназаға
Бірінші іште кеткен бір арманым,
Әйелдер айтқанында жоқтау жырын,
Әр әйел жылап шығып баста мұның,
Болмайма қайғыдан бір серпілгендей
Зарланып, аңыратып қосқанда үнін,
Мен тағы сол дауысқа кіре алмадым,
Жегідей өз жанымды жеп жалмадым,
Бой симай өз жынысым арасына
Екінші өкінішті бір арманым.
Өткенде талай-талай жан ашырым,
Өкініп, суым қайтып көп жасыдым,
Алынбай қатарына қала бердім
Не еркек, не болса ұрғашының,

Кіре алмай жырауға да жаназаға.
Қасында қала беріп бала-шаға,
Өттім ғой еркекте емес, әйелде емес,
Осынша өмір шіркін жазаларма.
Тұрмысқа өкінбеймін шықпағанға,
Болармын ардақты ана мықтағанда
Адасқан жалғыз қаздай қала бердім
Бөлектеп әр әйелді жұптағанда
Жаңыл қыз осыны айтып жұмды көзін,
Аяқтап арманымен ақтық сөзін
Шыдамай озбырлыққа жігерлі қыз,
Осылай айыптапты шіркін өзін.

Міне осы іште кеткен Жаңылда арман,
Өтерде армандымын деп зарлаған
Кірмедім жаназаға, жырауға да
Деген сөз ел аузында содан қалған.

Автордың ескертуінен:

Бұл болған уақиға. Әңгімені алпысыншы жылдардың аяғына қарай Жаңылдың жақын інісі қарт мұғалім Қаңтарбаев Көпеннің аузынан естіп дастанға айналдырған. Шығармада аты аталған Тұрлыбек Күшенұлы-руы Күрсары керей, ақ патшаның шеншекпенін киген, Советник лауазымын алғын, өз заманының сауатты, беделді адамы болған.

Ыбырай Жайықпаев-руы құлан қыпшақ, қазақ елінің басқару жүйесі округтерге айналғанда, 1864 жылы, Сәмеке ханның немересі, көп жылдар дуан басы болған Қоңырқұлжа Құдаймендеұлы қартайып тілмәші болған ол, орысша оқыған, патша саясатының қолдауымен, Ақмола округінің аға сұлтандығына сайланған, сауатты, алғыр, жігерлі кісі болған. Автор, марқұм Ескендір атамыз дастанда “қыбышақ”, “қыбышақ елі” деп жазғандарын, “қыпшақтар”, “қыпшақ елі” деп өзгерттім – А.Әбутәліпұлы

Топ жарған

/Дастан/

Алашқа Хан сайланып Кенесары,
Қол бастап Орта жүзден Арғын тобы,
Бір жылы орда құрып қоныс еткен,
“Қарасай”, “Шоқалақ” пен “Майғараны”.
Қол жинап іс үстінде батырлары,
Көбейді күндер санап қатарлары,
Өрбіген төрт түлік мал, байлық, дәулет.
Ел қамы, ойлайтыны, атар таңы.
Қаруы найза, қылыш, садақ, шоқпар,
Ей алла дейді тілеп ойымды оңғар,
Беттеген барымталап елді, жерді,
Зұлым күш осал емес сөзге тоқтар.

Бір күні бір үш жігіт атқа мінген,
Бұларда батыр еді төреге ерген,
Бетімен өзенді өрлеп келе жатып,
Үстінен тұсаулы аттың шыға келген,
Көрдіде тұсаулы атқа келді жетіп,
Кейбірі тамашалап есі кетіп,
Ұйықтап ат қасында жатыр біреу,
Бейғам жан қорықпастан хауып етіп,
Бас салып жатқан ерді алды байлап,
Бөктерді салақтатып атқа жайдақ
Қапыда бүлк етерге шама болмай,
Тұтқын боп кете барды сары қайнап.
Мәз болып тегін олжа тапқанына,
Дандайсыр ханға сүйтіп жаққанына,
Ордаға алып барып сыйғып тарту
Атанып “батыр жігіт” мақтануға,
Жөн сұрап “Кімсін” – деп тіл қатпады да,
Ордаға жетпей дамыл таппады да,
Ханына жеңіл олжа тарту үшін

Асығып жолай түнеп жатпады да,
Ордаға үдей жүріп бұлар жетті,
Тұтқынды хан Кенеге тарту етті,
“Соғысып, көп айқасып, ақырында,
Күшіміз асып барып алдық” – депті,
“Дат!” Деді, қол көтеріп тұтқын жігіт:-
-Ханеке әділ төре етем үміт!
Ұйықтап жатқанымда алды байлап
Қапыда қалып тұрмын қолға түсіп,
Мен мынау үшеуіне алдырмаймын
Байлатып аяқ-қолды таңдырмаймын
Астыма тым болмаса атым түссе
Қашсамда осыларға шалдырмаймын,
Өрленді ханның өжет жігіттері:-
-Бұл өзі шектен шыққан бұзық –деді
Өзі арық, өзі жауыр мінген аты
Құтылмас бізден қара үзіп-деді.
Сонда айтты тұтқын жігіт: -Алдияр Хан!
Айтарым адалдығым, сөзіме нан,
Қалың ел Адай, Дулат арасында
Жұлде алған үздік шығып бұл құбақан,
Етпей ақ, қару жұмсап жауша айқасып,
Тұрмай ақ осылармен күш байқасып.
Бет қойып жыра тартып, қашып кетсем
Жоқ болып кетпеймінбе белден асып,

Шыдамай хан жігіті түрегелді,
Тұсаулы тұрған атқа жүреберді,
-Мақтаған аттың сыйқы мынадай – деп
Кенеге көрсетуге алып келді,
-Осы ма?-деді Кене-тәуір атың?!
Өзі арық, өзі шобыр, жауыр атың,
Бұл атпен қашқанменен құтылмайсың
Жөнің жоқ жігіттерге дау қылатын-
Мұны естіп қайсар тұтқын мінді ашуға:
-Сөзім жоқ – деді – тақсыр таласуға.

Ханеке жігітің жый, атын сайлап!
Сол топтан ұлықсат ет мен қашуға-
Кенеге бұл іс болды қызық дерек,
Ойлады не болсада кору керек,
Тілегін қашқын жігіт қабыл алып
-Қаш!- деді – топ ішінен құтылда кет!
Батырдың егер қуып жетсе бірі
Қоймайды жер үстінде сені тірі
Сертім сол қуып жетсе өлтіреді
Бақыл бол мәлім болса атың сыры,
-Алдияр!-деді жігіт –жарлығыңа,
Сендіңіз адал жанды арлығыма,
Аттатпай сәйгүліктер қаза тапсам,
Бақылмын сіз айтқанның барлығына,
Жігітін жиды сайлап Кенесары,
Ағыбай, Бұғыбайдай батырлары
Інісі Наурызбай мен ағасы Ерден
Тізіліп сапқа тұрып жатыр бәрі,

Ақ туын Абылайдың қолына алып
Бір дөңге Өтетілеу тікті барып
Ортада Хан Кене тұр тау қыраны-
Секілді, жігіттерге көзін салып,
Мінгені астындағы арық торы ат
Жұпыны көп ішінде көрініп жат
Жігіт тұр не қуаныш, іреніш жоқ
Тек қана бер дегендей ісіме сәт,
Болса егер аты жүйрік құтылмақшы
Құтылса бұлар түгел ұтылмақшы
Егерде аты жүйрік жетсе біреу
Ажалға жігіт сорлы тұтылмақшы,
-“Дат” – деді жігіт тағы созып қолын,
“Алдымда яки тірлік, яки өлім
Ханеке насыбайдан бір атқызшы?!
Етейін сізден ырым, болсын жолым”,
Шақшасын Кене ұсынды “Кел жігіт” деп

“Ырым ет, не боларын көр жігіт” деп
Адамды ұнататын Кене сыйлап
Өр кеуде, батыл жүрек, ер жігіт деп,
Аттыда насыбайын иіп басты
Етет деп “ханнан үміт арсыз нәпсі”
Шақшаны қалтасына сала салып
Сыпыртып топ ішінен шыға қашты.
Сытылып шыға келді топты жарып,
Саңқ етті “Адай-Дулат” ұран салып
Бір құйын ұйтқып соққан кете барды
Маңына жанаса алмай ешкім дарып,

Талайдың топтан озған “Кәрі-бозы”
“Тарлан-көк”, “Нар қызыл” мен “Күрең қозы”
Атақты Ағыбайдың “Көкбестісі”
Әйгілі Наурызбайдың “Ақ ауызы”.
Лек-лек боп сәйгүліктер кетті қуып,
Жігіт жоқ дарытпады бірін жуық,
Бұлдырап нелер белден асып түсті
“Адайлап” тәуекелге белді буып,
“Құбақан” шапқан сайын керді құлаш,
Не керек көрінгені көзге қораш,
“Астыма атым тисе” деген сөзі
Кенеге айтқанындай болды дұрыс,
Кеш болды қуғыншылар келді қайтып,
Мәнісін Хан Кенеге жатыр айтып,
Қуғанын қалай қашып құтылғанын
Көптірді көптірмелер сөзді ұлғайтып,
“Қап!” деді, санын соғып Кене өкінді,
Десекте ат пен жігіт тым жетілді,
Саңлағын Арғын, Найман жыйсамдағы
Әліде ат бар екен бұл секілді?!
Өзіде жігіт сынды ет асыл текті!
Шет жайлап жүрген болар бір себепті
Менімше бір оралып соқпай қоймас
Шақшамды сондықтан ол алып кетті,

Кененің тізелесі би мен батыр,
Құтылып, топты жарып кеткендігін
Кешегі жігітті айтып сөз ғып жатыр,

Сүйткенше-ақ қашқын жігіт кіріп келді.
Қасқиып қас маңдайы күліп келді.
-“Алдияр, ет кешірім!” Деді дағы.
Суырып хан шақшасын алып берді,
Анырып айнала жұрт қалды қарап,
Жәй жігіт емесау деп тұр шамалап,
-Жарқыным, неткен жансың, қайдан жүрсің?-
Деп Кене ызбарыменен қойды сұрап,
-Ұруым-Жігіт айтты-Адай, Дулат,
Мекенім Маңғыстауда Қарой болат
Атақты Мыңбай, Салбай ағаларым,
Бақ дәулет үзілмеген түптен қулат,
Мырза едім, батыр едім өз елімде,
Әр кімнің бас кәдірі өз жерінде,
Қанөқара, батыр мен би отырсыздар
Тыңдаңыз ышындықты көңіл бөлде.
Алып ед бір жас тоқал Салбай ағам,
Тоқал жас, ағай кәрі шалдау адам,
Жас тоқал кәрі шалға көңілі толмай.
Толықсып болып жүрді көңілі алаң,
Әйелдің жап-жас тоқал көріктісі,
Кінә не, 3-4 мүшел шалдан кіші.
Тамақ тоқ, жаны сыйлы болғандықтан,
Келмейме жас көңілдің желіккісі.
Байқадым жас тоқалдың осы сырын,
Басым бос менің дағы бойдақ күнім.
Желбастар ел ішінде бар емес пе?
Ойладым қырға алуды содан бұрын,

Білдірдім жеңешеме жүрегімді,
Алдына қоя сөйлеп тілегімді,

Ертең шал өлген күні мен әменгер,
Сен жүрсің үйір қылып әлде кімді?!-
Соны айтып жас жеңгемді баурап алдым,
Бұл ісім ісі емесқой ары бардың,
Оңаша, сәтті мезгіл бола қалса ақ,
Біз жүрдік көзін алдап кәрі шалдың,
Осылай өте берді біраз заман,
Ақыры бұзық істің болар жаман,
Жоқ жерде жеңеше ме жолығып ем,
Қарбалас екі құмар ес қалама?!
Есі жоқ ұқсайды ғой жас балаға,
Келгенін бір тықырдың білмей қаппыз,
Кім күткен ұшырауды масқараға,
Қарасам Салбай ағам тұр қасымда,
Таяқпен салды қатты дәл басыма,
Бұзақы жақыныңды қарақтаған
Қарамай ақ сақалым, ақ шашыма,
Алайын қазір, міне, жұртты жиып,
Жақынын жаманшылық іске қиып
Тірідей отқа өртеп жіберейін
Болғанша жұртқа күлкі, көзге күйік
Дап Салбай кідіргенде кейін барып,
Өлемін, істейді оны, айтқаны анық,
Алдымда қанжарымды, тұрған шалдың
Ақтарып тастай бердім ішін жарып,

Арам ғой елдің іші енді маған,
Осындай ағат істі қалай жабам,
Міндімде құбақанды безіп шықтым
Болсын деп елдің беті маған харам,
Соны айтып кеттім шығып елден безіп
Екі жыл жүрмін міне жиһан кезіп
Бос жүріп бой симады қаңғыруға
Шыдайма ондай іске жігіт төзіп.

Атағың алдияр хан кеткен тарап,
Естідім батыр мен би бар деп санап
Айтуға анығымды, арызымды
Әдейі келіп едім сізді қалап,
Жоқ жерде кез боп қалып кеше бір іс,
Болса егер ағаттығым кінәмді кеш!
Билігін бір басымның бердім сізге
Күтемін әділ төре, дағдырымды шеш!
Құп десең тілегімді қабыл көріп,
Айтылған анық сырға көңіл бөліп,
Адалдық ерлігімді көрсетер ем
Байырғы жігітіңнің бірі болып,
Түнеріп Кеңесары түйді қабақ,
Жұрт күтіп хан әмірін қалды қарап.
Сәлден соң, терең ойдан шыққан үкім-
Тіл қатты өткір көзін оқтай қадап:
“Алдыңа келсе атаңның құнын кешір”-
-“Деген бар, мен емеспін адам кесір,
Айтарым халқыңа адал қалтқысыз боп-
Жүре бер арамызда ойсыз ешпір”.

Деп айтты қашқын жігіт: -Әділ билік!
Жан салмас құбақаным еді жүйрік,
Қасына қосалқы ат қып мінсін мұны
Торыны Наурызбайға еттім сыйлық-

Қайтадан отырған жұрт атты көрді,
Бітімін, ат тұлғасын сәтті көрді,
Наурызбай “Ақ ауызға” серікке алып,
“Топ жарған” деген оған атты берді.

ЕДІЛ БАТЫРДЫҢ ЕКІ АРМАНЫ

Екі өзен қатар аққан “Еділ”, “Жайық”,
Сарқылып көрген емес суын шайып,
Қоныс қып екі батыр екі өзенді
Жер шүйгін, жата берген тегін байып.

“Еділді” Еділ батыр қоныс еткен,
“Жайықта” Жайық батыр тұрған көптен,
Екі өзен “Еділ”, “Жайық” осы күнгі
Атымен екі батыр атап кеткен.

Тоғыз ұл болған екен Еділ ерде,
Тоғызы тоғыз ауыл тоғыз жерде,
Өз үйі оныншы ауыл елден оқшау,
Болған ер мал мен басқа мұңсыз пенде.

Тек қана жалғыз екен қыз баласы,
Ұлды көп, аз тауыпты қызды анасы,
Демесең заты әйел ерекше бір,
Жан екен асыл туған қыз данасы.

Келеді бір жолаушы сапар шеккен,
Кім білсін, жүрген шығар бір себеппен,
Еділдің үлкен ұлы бірінші ауыл,
Жолықты жөн сұрауға келіп шеттен.

Бұл ауыл Еділұлы үлкен отау,
Екінші, үшінші ауыл оған тақау,
Өткенше тоғыз ауыл Еділ ұлы
Болған жоқ бір Еділден басқаны атау.

Жеткенше оныншы ауыл болды күн кеш,
Еділден басқа ауылды көрмеді еш,
Еділдің өзі отырған “үлкен ауыл”
Қонуға жолаушыға кезікті дес.

Жолаушы “үлкен үйге” келіп қонды,
Қонған соң білу міндет сұрап жөнді,
Жан тыныш, үйде отырып еріккен қарт,
Өткенді сөз қылмақшы бұрын-соңды.

Созылды қызды кеңес барған сайын,
Жолаушы білуге ынтық бір іс жайын,
Деп қалды: “Сізде дағы арман барма?!”
Еділге арнай беріп сөз ыңғайын.

Сонда Еділ тұнжырады өзгертіп тұр,
Еңсесін басқандай боп бір ауыр зіл,
Өткізіп көз алдынан өткен күнін
Тынысын терең алып күрсінді бір.

-Деуші еді: Мейман хақы-Тәңір хақы,
Болмайды бұл өмірде кімдер қапы,
Бар еді бір – екі арман паш етпеген
Айтуға бүгін сізге түсті сәті.

Өмірден ала білдім үлесімді,
Қапысыз қамтып жүрдім әр ісімді,
Ат жалын өзім тартып мінгеннен соң,
Ешкімге жібергем жоқ намысымды.

Баяндап Еділ енді сырын ашпақ,
Дем беріп жолаушыда отыр қостап,
Баяғы жас күнінде қапы қалып,
Жіберген бір арманын кетті бастап.

Қайтпаған ешкімнен бет албырт шағым,
Еркінмін ел ішінде артық бағым,
Бетіме адам беттеп келмейтін кез
Батырмын асып туған арұағым.

Бір күні шықтым жылғыз өзенді өрлеп,
Ойым боп төңіректі шолып келмек,
Белеске алдымдағы шыға келсем
Бір адам “атой” берді бері кел!”-деп.

Бұрылдым шақырғансоң белгі беріп,
Ақ үйге келіп түстім жігітке еріп,
Өзеннің аңғарында ақ отаудан
Қыз-қырқын шығып жатыр мені көріп.

Алдымнан бәрі бірдей шықты шұбап,
“Жезделеп” қамап алды улап-шулап,
Көтеріп ат үстінен алып кетті
“Дем алып жатасыз”-деп, аунап-қунап.

Отаудың іш толған асыл бұйым,
Нендей зат айырудың өзі қиын,
Қоршалап өңкей сұлу ортаға алып,
Еркелеп істеп жатыр құрмет сиын.

Ән шырқап үзілдіріп, биледі би,
Домбыра сырнай – керней тартылды күй,
Ас іштік алуа, шекер, алма, шарап,
Тамаша, өмірде бір көрмеген сый.

Салынды іңір бола белден төсек,
Мол құрмет толып жатыр жетпейді есеп,
Төсекті қыз-келіншек жасап болып:
“Ал, снді, сұлу өзі келет!”-десет.

Отырмын еш нәрсені түсіне алмай,
Бір құрмет тамашадай туып жағдай,
Өбектеп өңкей сұлу жас балаша,
Адамның қояр емес есін алмай?!

Жалт етіп тағы бір қыз келді кіріп,
Қасқиып қасын керіп тұр сызылып,
Пері ме, періштеме, адамзат па?
Айырып айту қиын тегін біліп.

Сұлу қыз наз білдіріп қақты күлім,
Балқыдым мас болғандай көріп түрін,
Кеткендей үйдің іші нұрға толып,
Бейнесін сипаттауға жетпес тілім.

Шығарды басқаларын үйден жайлап,
Қасыма отырды өзі көзі жайнап,
Қыз нұсқап ишаратын білдіргенсоң
Төсекке жаттық бірге жүрек ойнап,

Сұлумен құшақтасып қалдым бірге,
Есімнен басқа дүние шықты мүлде,
Баурыма баса түсіп жатқан сұлу
Бір кезде былайша деп келді тілге:

Құлақ қой, тыңда мені Еділ батыр!
Көп күтіп міне бүгін таптым ақыр,
Даңқыңды сырттай естіп, құмар болып,
Жолыңды тосып жүрген мен бір пақыр.

Перінің патшасының қызы болам,
Адамзат еді мені тапқан анам,
Сорлы анам өлерінде тапсырып ед.
“Өзіңнің қандасыңа тій-деп балам”

-Деп аңсап егілуші ед “елім , жұртым!”
Халқымның сағындым деп әдет-ғұрпын”
Ақ сүтін аманат деп көкке сауып
Осындай ант алыпед анам бір күн.

Аңсаумен іздеп батыр бүгін таптым,
Ер ғой деп Еділ саған мұңды шақтым,
Жатсынбай тілегімді орындай көр
Өзіңмен анам қандас перизатпын.

Антымды орындауды еттім міндет,
Айтпасаң затың басқа перісін деп,
Егерде тілегімді қабылдасаң,
Алдыңа жалғыз ғана қоямын серт.

Сен үшін қиын емес сертім мынау:
Бір жатып үш күн үш түн ұйықтамау
Кетемін ғайып болып, қаласын сен
Егерде кірпік қағым ұйықтадың ау.

Анығым Еділ сені сүйемін мен,
Құрметтеп даңқыңа бас иемін мен,
Амал жоқ затым пері, ғұрып солай,
Осыны орындысың тиемін мен.

Елігіп естіген соң қыздың сертін,
Қалама баурап кетпей басыңда еркің,
Сұлумен “болады” - деп қол алысып,
Оңаша қалдақ жатып емін-еркін.

Отауда күндіз күлкі ойын-сауық,
Даланы серуендеп ауық-ауық,
Түн болса-ақ сұлу қызбен жаттым бірге,
Бекітіп тас қараңғы түндік жауып,

Өткіздім осылайша үшінші күн,
Таң алды бітетін серт ақырғы түн,
Кетіпті қапылыста көз ілініп,
Сыбырдан сықылық атқан сезбестей дым.

Бетімді таңның салқын самалы есіп,
Селк етіп орынымнан тұрсам шошып,
Бірі жоқ қыз келіншек қоршалаған
Отауын жығып алып кеткен көшіп.

Сыбыр да, сыбдыр да жоқ, жым-жырт жанжоқ,
Сап болды су сепкендей ләззәтті шақ,
Шыдамай бір азғана ғапылдықтан,
Өмірлік арман болып бекіді нақ.

Мейманым, емеспе бұл ышын арман
Сұлудан пері заты қапы қалған,
Қас қағым мезгіл күтіп шыдасам ед.
Деуменен “әттең ғана-ай!” өтті жалған.

Дел-сал боп ес ауғандай біраз тұрып,
Аңырып аттың басын кейін бұрып,
Бір дерек боларма екен деген оймен,
Киелі өзенді өрлей кеттім жүріп.

Азық қып құлаң, бұлаң, қоян атып,
Ен жайлау, елсіз мекен дала жатып,
Қайдағы қауыпты жер жан баспаған
Көп уақыт жалғыз өзім жүрдім шатып.

Бір күні кездесті бір қопалы арал,
Жер емес адасқан жан жөнін табар,
Іңірде тоқтап қонып отыр едім,
Етін жеп атып алған семіз марал.

Сып етіп бір келіншек келді жетіп,
Отырды от басына иба етіп,
“Шырағым, амансынба?” - дегенімде
Ишарат білдірді ернін күбірлетіп.

Анадай от басында отыр жырақ,
Бір кесіп ет ұсындым “Ал деп шырақ!”
Жасырып қолдың басын жең үшімен,
Етті алды еңкейіп кеп қырынырақ.

Алсада жей қоймады етті бірақ
Мендағы тіл қатпадым жөнін сұрап,
Қадалған көзімді алмай сүс білдіріп
Етімді шайнай бердім турап-турап.

Жылысып бір мезгілде кетті тұрып
Жез тырнақ екендігін менде ұғып,
Қапыда соғу үшін кеттің ау деп
Сақтандым іштей ойлап жоспар құрып.

Кісідей бір дөңбекті келдім алып,
Сұлатып от басына қойдым салып,
Адамша бар киімді жамылдырып,
Отырдым бір тасаға өзім барып.

Келіншек бір мезгілде келіп қалды,
Дөңбекке сақ еткізіп қолын салды,
Дәл көздеп қос өкпеден қалдып тартып,
Қай жақтан атқанымды білмей талды

Жөнелді сүйретіліп ағып қаны,
Қарсы күш көрсетерлік болмай мәні
Ізімен таң атқан соң тауып алдым,
Қосына жете бере шыққан жаны.

Темірдей саусақтарын алдым кесіп,
Киімін байқадым да, қайтем шешіп,
Қостағы ай балтасын алдымдағы
Болад деп бұл ісімнің арты нешік.

Сонымен елге оралып келдім қайтып,
Болғанды паш етпедім еш кімге айтып,
Кім кепіл сезбесіне серігі боп,
Бірден – бір әкетсе жұрт сөзді ұлғайтып.

Тағыда уақыт жылжып күндер өтті,
Есейіп ұлдар өсіп, қыз да ер жетті,
Тоғыз ұл бірі батыр, бірі мырза,
Бәріде болып шықты қабілетті.

Ұлдардан жалғыз қызым асып шықты
Ақылы көркіне сай әрі мықты
Алдағы болашақты болжай біліп,
Өмірдің түрлі кезең сырын ұқты.

Шау тарттым өзімдағы жасап көпті,
Ұзатар жалғыз қызды мезгіл жетті
Баяғы жез тырнақпен ай балтаны
Қыз қалап ұзатарда алып кетті.

Түскен соң келін болып қайын жұртқа,
Отауын оқшауырақ тігіп сыртқа
Серігі жез тырнақтың бар болса егер,
Бір іздеп соғады ау деп алып кетті,

Соны ойлап сақтықпенен атырып таң,
Жүргенін не жағдайда білмейді маң,
Түнде ұйқы күндіз күлкі тиыштық жоқ,
Болама жайбарақат күдікті жан.

Бір күні отырғанда үй күзетіп,
Сыбдырдан қалды шошып бойы сергіп,
Еппенен есікті аша бергенінде,
Сілтеді ай балтасын құлаш серпіп.

Домалап басы жерге түскен ұшып,
Қармалап қала берген жерді құшып,
Жүректің қобалжуын басқан екен,
Жауының жауыз пиғыл қанын ішіп.

Жезтырнақ еркек екен осы келген,
Әйелдің байы сірә баяғы өлген,
Балта мен жез саусақты иіскелеп,
Тіміскіп іздестірген талай жерден.

Келгені осы ғана іздеп тауып,
Қыз жатпай аңдыдығой етіп хауып,
Батыр қыз жезтырнақты өлтірседі,
Өзінің балтасымен мойнын шауып.

Екенін қызым өжет нағыз батыр,
Жүрегі шайлықпайтын білдім батыл,
Екеуміз алма кезек өлтіргенсоң,
Тұқымы жезтырнақтың құрыды ақыр.

Қызымның парасаты күшіне сай,
Үлгілі ұлағатты тілгеде бай,
Жайдары, аңкылдаған, қайырымды,
Аямай бір өзіне берген құдай.

Сондай қыз қандай шіркін ұл боп туса,
Әкенің мен сияқты жолын қуса,
Арқалы елге пана, жауға төтеп,
Пайдасын көрмеспе еді халқы сонша.

Көремін тоғыз ұлдан қызымды артық,
Хас батыр өзіме нақ туған тартып,
Қызым ұл, тоғызы қыз болсайшы деп,
Кетеді ойлай қалсам қиял артып.

Әдейі жез саусақты алған қалап,
Өз басын меңеңдағы батыл санап,
Әрі ақыл, әрі ерлік, қайсарлықпен,
Ажалдан алған мені арашалап.

Мейманым, мендегі осы бірінші арман!
Екінші пері заттан қапы қалған,
Шыдамай қас қағымдай қалғып кетіп,
Дсу менен “әттең ғана – ай” өтті жалған.

Кей кезде байлық дәулет көрінбейді,
Қоңілім еш нәрсеге бөлінбейді,
Үш күнгі татқан ләззат еске түссе,
Егіліп іші-баурым елжіреді.

Ден, Еділ шертті осылай өкінішін,
Өмірде өз басынан өткен ісін,
Арманын айтпай келген аяқтапты,
Орындап мейманының өтінішін.

ЕРТЕГІ МЫСАЛ ЖЫРЛАР

БАҚЫТТЫ БАСҚА ТЕБУШІЛІК

Болыпты баяғыда бір еріншек,
Еңбексіз ел кезумен жүріпті тек,
Ағайын, туысына болып масыл,
Жұрт безіп еріншекті көріпті жек,
Ақыл ғып айтқан сөзге қосылмайды,
Кім тегін жексұрынды асырайды,
Қарақан-қарабасты болды сорлы,
Мал-мүлік, мекені жоқ басыбайлы,
Ел кезіп бетіменен кетті қаңғып,
Күн көріп ішкен үйдің асын аңдып,

Бір елден екінші елге жаяу жүріп,
Бүк түсіп бір мезгілде кетті қалғып,
Өкінді ұйқылы ояу өз ісіне,
Осынау есеп жасап жүрісіне,
Бүлк етіп аяқ басар дәрмені жоқ,
Жүре алмай жөнін тауып түн ішінде,
Япырай, болдым екен неге мұндай?
Жұрт қатар еңбек етіп кәсіп қылмай,
Мойыным жар бермейтін жалқау қылып,
Жараттың неге ғана мені құдай!
Өзімдей үйлі-баран құрбыласым,
Сорайған міне менің қара басым,
Үстімде үй, алдымда мал, мекенім жоқ,
Болмады ораза ашып ішер асым,
Жығылдым келіп міне әлім құрып,
Табамын ел қарасын қалай тұрып.
Бетімді тым болмаса жабар жан жоқ,
Ит-құсқа жем болам ғой іріп-шіріп,

Бар деуші ед бір пайғамбар Қыдыр деген,
Ашығып, тарыққанның камын жеген.
Болса егер дүниеде барың рас,
Осынау жоқшылықты құтқар менен!
Бейшара деп осылай егіледі,
Ыстық жас бетін жуып төгіледі,
Талықсып көзі ұйқыға кеткен кезде,
Бір дыбыс құлағына күбірледі.
“Мен Қыдыр зарыңды естіп келдім саған,
Жылаған мұңды даусың жетті маған,
Түбіне бәйтеректің келіп жолық,
Тұрдағы ертең ерте осы арадан,
Берермін сол арада тілегіңді,
Сұрарсың қанша өзіңе керегіңді,
Зардабын жоқшылықтың тартқан сорлы,
Бақ, дәулет, молайтармын қорегіңді”
Айттыда Қыдыр көзден болды ғайып,

Батика бергендей боп қолын жайып,
Әзірше байлық қолға тимегенмен,
Орнынан тұрды еріншек түсте байып,
Қаранды жан-жағына көзін ашып,
Байып-ақ қалғандай боп көңілі тасып,
Қыдырдың түсінде айтқан жөніменен,
Жөнелді таң атқан соң алшаң басып,
Кездесті жол-жөнекей бір үлкен там.
Ішінде әлсіреген жатыр бір жан,
Ауырып ажал күткен зор дәу екен.
Былайша тіл қатады, тыңда балам:

“Дәу едім, батыр едім заманымда,
Талайлар жатушы еді табанымда,
Тастаушы ем тауды ақтарып, тас қопарып,
Денім сау бұл сырқаттан аманымда,
Бір кезде нән дәулерді жүрдім бастап,
Көп жолдас қошеметтеп ерді қостап,
Қатардан қалып едім сырқат меңдеп,
Көрімді қазып өне кетті тастап,
Сен кімсің, жолың болсын, шықтың қайдан.
Мен ғарып құрып біткен ақыл-айлам,
Сырқатты серпілтерлік шипа тауып,
Шыбындай жанға тиер барма пайдаң?”
Еріншек айтты өзінің жәйі-күйін,
Кәсіп қып таппағанын жалғыз тыйын,
Күн көріп қайыршылап, ел аралап,
Ішер ас болмағаның, киер киім.
Қалжырап бір жерге кеп құлағаның,
Құдайға жалбыранып жылағаның,
Қыдырдай пайғамбардың атын атап,
Бір көмек берегөр деп сұрағаның,
Түсіне Қыдыр келіп енгендігін,
Күбірлеп құлағына төнгендігін,
Түбінде бәйтеректің күтіп алып,
Сенімін жарылқауға бергендігін,

Екенін бүгін Қыдыр жолығар күн,
Байлыққа ұшан-теңіз молығар күн,
Дегенде өксіп, боздап жылады дәу,
Өзінің мүсәпірсіп шағып мұңын,

“Жігітім, қабыл бопты тілегіңіз,
Қыдырдың қасиетін білеміз біз,
Кездесе айтқанындай Қыдыр келіп,
Мағанда бір жақсылық істеңіз сіз!
Қыдырға баяндаңыз біздің жайды.
Жалынып аузыңа алып бір құдайды.
Шипасын айтса Қыдыр сырқатымның,
Тәңірім менідағы жарылқайды.
Егерде осы аурудан қалса жаным.
Күш, қуат баяғыдай болса халім,
Өзіңнің өміріңе жетерліктей,
Беремін үйіп-төгіп дүние малын”
Келісіп дәумен, жігіт жолға шықты,
Бұданда алмақшы боп мол байлықты,
Үстінде сауыт-сайман, баста тажы,
Тағыда бір адамға жолығыпты
Бұл адам көрдідағы еріншекті.
Қасына қаһарланып жетіп кепті.
“Атың кім, қайдан шықтың, қай жерліксің?”
Тез айт!-деп тергеуге алып өмір етті.
Еріншек сасқалақтап айтты сырын,
Жасырып қалдырмастан бір де бірін,
Мал мен бас, бақ пен дәулет бәрін тегіс.
Жарылқап беретінін Қыдыр бүгін,
Дегенде тоқтай қалып әлгі жігіт.
Алғашқы қалпынан жүзі жылып,
Аманат еріншекке тапсырады
Қыдырдан ете қалып бұда үміт:

“Мен өзім бір тайпа елдің болам ханы.
Елімді аштық жайлап кетті сәні.

Жерімде жеті жылдай егін шықпай
Соншалық күйзелтіп тұр шаруаны,
Жаңбыр жоқ жердің түгі кетті қурап,
Ашығып халық біткен отыр шулап,
Жолың боп Қыдыр саған кездесе егер
Себебін біліп кеп бер жайын сұрап!”
Бұған да “жарайды”- деп жүріп кетті
Тапты кеп Қыдыр айтқан бәйтеректі,
Түбінде жалғыз ағаш күтіп тұрған
Жалқауға айтқанындай Қыдыр кепті.
“Кешегі жігітпісің” – деді Қыдыр,
“Сорлымай, мал мен басқа болған ділгір!”
Деді де – “Жәй қолыңды” сөйлеп кетті
Шұбыртып әлде нелер күбір-сыбыр:
“Бақ, дәулет бірдей өссін мал мен басың!
Мінер ат, киер киім, ішер асың,
Бәрі сай төрт құбылаң түгел болып,
Мүлтіксіз жаббар тәңірім жарылқасын!
Қадір тұт қасиетте бергенімді
Еш кімге айтпа мені көргенімді,
Паш етсең болған істі жұртқа жайып
Сезбессің сорлым нешік өлгенінді”
Деп Қыдыр бата берді қолын жайып,
Кетуге қалғанында ыңғайланып,
“Тағыда бір тілегім бар еді” – деп
Еріншек жалбарынып тұр мұңайып,

“Бар еді бір-екі адам аманаты.
Жалынып айтқан сізге мінәжәті,
Тәңірінің атын атап тапсырып ед,
Айтпасам мойнымда ғой тәңірі хақы,
Бір сорлы сырқаттанып болған пақыр,
Халы жоқ, шықпаған тек жаны жатыр,
Жеріне бір патшаның егін шықпай
Осылар сізден көмек, сұрайды ақыл”
“Патшаныз”- “Қыдыр айтты “еркек шора”,

Қызығып жүрген бір жан таққа бола,
Кәрі қыз жасы жетіп тұлғасы өссе,
Бой сақтап нәпсіге ие бола алама?
Ол өзі тақтан түсіп ерге тисін,
Әйелдің салтын құрып, кимін кисін,
Тақ, тажы, бар дәулетін беріп соған,
Жігітке жеке басты неке қисын,
Сорлым ай, тілек тілеп әлде неше,
Тіл алмай сырды көпке жайма десе,
Бақытты басқа тепкен кез болса адам-
Жазылар сырқат дәуің етін жесе”
Соны айтып жүре берді Қыдыр тайып,
Жалт етіп бола қалды көзден ғайып.
Еріншек қуанышпен елге оралды
Қолда жоқ құрғақ сөзге көңілі байып.
Қыдырдан патша қызда боп үмітті,
Келетін еріншектің жолын күтті,
Тапсырған аманатын білмек үшін
Тағыда еріншекке жолығыпты,

Еріншек патшаға айтты: “Қыз екенсіз”-
Әкенің тағын қимай жүрекенсіз,
Кінәлі қырсығыңнан жаңбыр жаумай
Елге жұт әкелуші сіз екенсіз.
Күйеуге Қыдыр саған тисін деді.
Көңілін күнәлі істен тыйсын деді
Мал-мүлік, тәжі, тақыт бәрін беріп
Некесін бір жігітке қисын деді,
Жеріңе содан былай шығады егін.
Өсірер жауып жаңбыр жердің көгін.
Қыз патша осы айтқанды орындаса
Кенелер мол олжаға халқы тегін,
Бекер деп патша айтпады Қыдыр сөзін,
Мәлім ғой, білмейме қыз өз мінезін.
Ақылын Қыдыр айтқан қабыл көріп,
Жалқауға жалынды қыз ал деп өзін.

“Мен едім бір патшаның төл жалғызы.
Бала жоқ менен басқа бірақ қызы,
Тағына отырғызды “ер балам” – деп,
Білмеуші ед осы күнге ешкім мұны.
Егерде Қыдыр солай айтса маған.
Ал мені әйелдікке тием саған,
Мал-мүлік, қазна мен патшалық тақ
Билеуге ел-жұртымды берем тамам”,
Еріншек бас шайқады алмаймын деп.
Сені алып бір бейнетке қалмаймын деп.
Ел билеп, мол байлыққа ие болып,
Сау басты сергелдеңге салмаймын деп,

Жалқау жан осыны айтып жүріп кетті,
Жолшыбай сырқаттанған дәуге кепті,
Қыдыр мен патша қызға кездескенін
Қалдырмай бастан аяқ бәрін шертті,
Жарылғап Қыдыр өзін жебегенін,
Тағыда қыз патшаға не дегенін.
“Бақытты басқа тепкен кез болса адам”
Соны ұстап сырқат дәуге же дегенін,
Патша қыз әйелдікке ал дегенін
Өмірлік болайын мен-жар дегенін,
Мал-мүлік, тажы тақыт бәрін беріп
Орнына патша болып қал дегенін,
Өзінің қыз патшаны алмағанын,
Қызығып оған көзін салмағанын,
Соншалық жалынып қыз жабыссада
Орнына патша болып қалмағанын.
Мұны естіп көтерді дәу басын еппен,
Қалжырап сырқат меңдеп жатқан көптен.
“Адамды сенен артық таба алмаспын
Бақытты бойға қонған басқа тепкен”
Деді де ұстай алып білегінен.
Бір қойып талдырды да жүрегінен,
Өлтіріп қан соқталап жей бастады

“Сәтті күн дертке шипа болғай деп ем!”
Жазықсыз жалқау сорлы өліп кетті,
Ақыры еріншектік түпке жетті,
Қызды алып мал-мүлікке ие болып,
Басқарып кетпей шіркін ен дәулетті,

Өйтуге жалқау сорлы ерінді ғой.
Сондықтан мол байлықтан жерінді ғой.
Бос жүріп емінумен күнін көріп
Еңбексіз өмір жақсы көрінді ғой

Ақыры тынды солай ерінудің,
Халыққа жексұрын боп көрінудің,
Мәз болып құрғақ қиял уәдеге,
Жөні жоқ масаттанып желігудің.

ЖҮЗДІ ӨЛТІРІП

/Ертегі жыр/

Болыпты ерте кезде бір бұзақы,
Жегені зұлымдықпен кісі хақы,
Жол тосып, жұртты талап, кісі өлтіріп,
Жан екен зорлықпенен шыққан аты.

Сойқанды арам ниет, қара жүрек,
Күннен күн қиянаты кеткен үдеп,
Албасты, күші жойқын бұл зұлымға,
Еш адам айта алмапты мұның не деп.

Тіміскіп айналасын тілдей жалап,
Есіріп ішіп алып арақ-шарап,
Бір күні түнде жатып төсегінде
Адамын өзі өлтірген білді санап.

Болыпты өлтіргені тоқсан тоғыз,
Бәрі айқын көңілінде сайрап тұр із
Ойына әлде қалай қорқу түсіп,
Екенмін күнәһардың дейді нағыз.

Ісінен өзі істеген үрейленді,
Қысылды шығаралмай сыртқа демді,
Жаралы, жүдеу бас жан көзге елестеп,
Қармалап тап берердей бұған төнді,

Шыңылдап құлағына үндер сарнап,
“Жазығым не?” - дегендей жылап-зарлап,
Боялған қызыл қанға әлде кімдер,
Жармасып алқымына жатыр қармап.

Ыңырысып талықсыған жаралы жан,
Боялған үсті-басы қып-қызыл қан,

Сынған қол, кесілген бас, жарлығын іш,
Елестеп өлі аруақ жалаңаш тән.

Көрініп бірінен соң бірі елес,
Шұбырып өтіп жатыр бітер емес,
Деген сөз ауызына келіп түсті-
Ә, Құдай қорықтым ғой күнәмді кеш!”

Егілді аунай жатып төсегінде,
Шыққандай есеңгіреп есі мүлде,
Жазықсыз өлтіргені тоқсан тоғыз,
Өзінің ұмытпастай есебінде,

Бір кезде кетті ұйқыға талмаусырап,
Жалынып құдайына кешу сұрап.
Сарылып ұзақ түнде жатып біраз,
Мынадай түс көреді ұйқысырап:

“Бар дейді жол үстінде бір қу терек,
Түбінде соның барып жату керек,
Жерің сол сауап тауып жарылқанар,
Тұр дағы сол терекке жет тезірек.

Теректің жапырағы түскен қурап,
Құрт жеген тамырларын түптен қулап,
Тек қана сарайып тұр құр денесі,
Жайы бар кетерліктей тисең құлап.

Түбінде сол теректің ұйықтап көр,
Тәңірім сәтін салса жарылқар жер,
Жақсылық ишаратын берсе құдай,
Терекке өз өзінен көрік бітер.

Жайқалып мәуеленер жапырағы,
Жаңғырып қайта шығар бар бұтағы,
Ұйқыдан оянғанда көрсең солай
Қабыл боп ашылғаны жігіт бағы”

Таң алды, мұның бәрін түсте көріп,
Өзінің түсін өзі іштей жорып,
Теректі ертеңіне тауып алып,
Түбіне ұйықтады жайлап келіп.

Жалынып тілек тілеп, жалбарынып,
Жарылқар деген оймен іштей налып,
Қу терек жаңғырдыма, әлде қалай?!
Оянып қарап қояды көзін салып.

Осылай жатты жігіт үш күн ұдай,
Еш қашан мойымаған бұрын бұлай,
Теректен жаңармаған күдер үзіп,
“Берерің жоқ-ақ екен” - деді “құдай!”

Сол сәтте елестей бір зыр жүгіріп,
Елбектеп екі етегін белге түріп,
Асығыс бара жатқан кемпір екен,
Тұрды да жігіт барып жетті қуып.

Кемпірді қос аяқтан қалды шалып,
Алқымдап ала түсті барын салып,
Аузынан қызыл қанын сорғалатып
Талдырып тепкіледі басын жарып.

Тауықтай бауыздады сұсты тұрып,
Алмадай басын кесіп алды жұлып,
“Өлтіріп тоқсан тоғыз тоқтағанша-
Тоқтайын” - деді “онанда бір жүз қылып”

Өлтірді домалатып, қанын шашып,
Дандайсып өлтіргенге күші асып,
Теректің түбіне кеп қайта жатты,
Көңілі тынғындай боп мауқын басып.

Маужырап көзі ілініп кетті ұйқыға,
Келбет жоқ жан түршігер сиықына,
Дел-сал боп дежесі зіл, ойы солғын,
Жеткендей бір ауыр жүк титығына.

Жастанып терек түбін жата кеткен,
Ойы жоқ жақсылықтан үміт еткен,
Ұйқыдан көзін ашып қарап еді,
Көрінді бір ишарат кереметпен.

Теректің жайқалып тұр жапырағы,
Жасарып қайта шығып бар бұтағы,
Бал ауыз қабағынан балы тамып,
Қалмаған еш жерінде ескі дағы.

Самсаған жапырағы салбырап тұр,
Гүл атып бәйбішегі балбырап тұр,
Жаны шат саясында жатыр жігіт,
Жәй тауып көңіл күйі жадырап тұр.

Қабыл боп бұзақының мінәжаты,
Түскенін қарасайшы істің сәті,
Көрген түс бұлжымастан келді тегіс,
Көрініп жақсылықтың ишараты.

Өлтірген кемпір еді кәрі мыстан,
Бәріне жан біткеннің болған дұшпан,
Таратып ел ішіне сойқан өсек,
Талайлар опық жеген қапылыстан.

Жау қылып бірді-бірге атыстырып,
Апарып бірді-бірге шатыстырып,
Елде жоқ қайдағы бір сұмдық іске,
Кінәсіз неген жанды қатыстырып.

Ел шетін жау шаптылап бөріктіріп,
Халықты үрей қылып, желіктіріп,
Біреуді біреулерге айдап салып,
Қоятын талайларды өшіктіріп.

Қыдырып өсек аңдып ерте-кешті,
Қайдағы сойқандықпен алды есті,
Араға әсуалық сөз жүгіртіп,
Айырды талай тату екі досты.

Екі елді бір-біріне шағыстырды,
Халықты қандастырып шабыстырды,
Қисынын қиыстырып өсек айтып,
Туысты жақынынан алыс қылды.

Қосылып жаңа ғана бір екі жас,
Үйлескен кезі ғана болып сырлас,
Үй болып өз алдына отау тігіп,
Құралып осы ғана қосқаны бас.

Осыны ести сала әлгі мыстан,
Ежелгі әдетінше елге дұшпан,
Азғырып екі жасты айыруға,
Жүгіріп өтіп еді осы тұстан.

Кемпір сұм өткенінде сол ниетпен,
Іске аспай арам ойы ажал жеткен,
Мыстанды өлтірген соң сол жігіттің,
Күнәсін хақ тағалам ғафу еткен.

Өмірдің қилы қиын күйін шерткен,
Ертегі мысал сөздер бізге жеткен,
Өсек, ғайбат, күншілдік жаман әдет,
Жастарым аулақ болғай осы дерттен.

ҚОШ БОЛ ШАМ-ШАРАҒЫМ!

Неге шулап бара жагыр құлағым!?
Өксiп қатты неге сонша жыладым!?
“Қаралы хат” оқып көрiп газеттен,
Өзiм қалай өлiп кетпей шыдадым,
Арамыздан аттаныпты-ау мәңгiлiк,
Мәлiк сынды шамнан жарық шырағым,
Шалқар теңiз арнасына құйылған,
Шалқып аққан сарқылмастай бұлағым.

Мен жиенiң, нағашым ең, бауырым,
Жедел өстiк, жерлес едi ауылың
Бiр мен емес, қайыстырдың қайғыртып
“Аһ” ұрғызып, Қазақстан қауымың,
Бiр шоктығы күйретiлiп түскендей,
Туған жерiң асқар Көкше тауының,
Қайтпас қайсар батырлардың бiрi едiң-
Ордасына ойран салған жауының.

Бiр басыңа бiткен талай қасиет,
Бiлгiр ғалым, таудай бiткен қабiлет,
Нелер сыннан сағың сынбай асып ең.
Үздiк туған өзгеше жан керемет,
Жер шайқалса қозғалмастай сабырлы,
Кiшi пейiл, жарқын жүздi ақ ниет,
Ұмытпаспын көз алдымда елесiң,
Мендей баурың тәжiм етiп, бас иет.

Қош бол Мәлiк шамнан жарық шырағым!
Ғұлама ғалым, қайраткерiм, қыраным!
“Өлдi” деуге кiмнiң аузы барады,
Елiң үшiн ер боп туған ұланым,
Ажал жеттi амалым жоқ iстерлiк,
“Оқжетпестей” шыңнан биiк шынарым!
Өнегелi iсiң қалды артыңда,
Жұбаныш қып ойлап соны шыдадым.

АЙДАРЛЫҒА ШЫҚҚАНДА

“Айдарлы шауып шықтым шоқтығына,
Қарамай “шанқан боздың” тоқтығына,
Сылаңдап екі тазы соңымда ерген,
Аң көрсе ақ түре тиіп соқтығуға.
Қылт етіп бір қарасы қылаң етсе,
Ит қоспай, қия шаппай тек тұру ма?
Жеткенсоң ұшар басы биігіне,
Алапқа ауды көңіл бет бұруға

Тұрғанда аттай мініп “Айдар” тасты,
Айналам болып кетті аяқ асты,
Бар аймақ алақанның аясында
Мейрімін төккендей боп ықыласты,
Сай-сала, жазық пен тау, өзен мен көл,
Жалғасып бірден бірге шеті ұласты,
Есіме балалық шақ түсіп кетіп
Қайран сол өткен күндер көңілді ашты:

Көл анау күміс табақ балқығандай
Бетінде әнші құстар қалқығандай
Белде мал бытыраған өрісі кең,
Түгінен майы тамып шайлағандай
Қалың ел иін тірей көлді айнала
Масайрап ен жайлауды жайлағандай
Балалар тай-құнанын бұлтыңдатып
Белдеуге шауып келіп байлағандай.

Анау кім, қызыл – жасыл белден асқан?!
Шырқаған, үзілдіріп әнге басқан,
Шапқылап, шауып барып, көлдеңдеп
Олар кім, аналардың жолын тосқан?
Шұбырған тойға қарай қыз-келіншек
Жігіт қой солрменен араласқан
Жүлде алды ау, орамалға жүзік түйіп,
Немесе, көкпар мекен ала қашқан

Көзіме кезіндегі елестеп көл,
Суреті міне осылай жайлаудағы ел,
Шұбырып алдымнан тек өте берді,
Есті алды ау еске түсіп бала күндер
Сайрап тұр күні бүгін көңілімде,
Жүргенім асыр салып ойнаған жер,
Таңбадай тасқа басқан мәңгі ошпес,
Ойласаң балалық шақ өзі бір шер,

Тай мініп, тайша үйретіп, қозы бағып,
Қотанда қой күзетіп, асыр салып,
Жиналып қыз, келіншек “бастан” жасап.
Оңаша отау үйде жілік шағып.
“Айгөлек” “Ақсүйек” пен “Алтыбақан”
Сақа атып ұпай салып, “лекек” қағып.
Кешегі бастан кешкен бала кезім
Өмірде ұмытармын оны нағып.

“ДАҢҚОЙ” ЕЛІНЕ

Есімде көптен жүрген бұл бір сөзім,
Айтуға сәті түсіп келді кезім,
Дәм татқан жерім еді жас шағымда,
“Даңқойда” еңбек етіп жүрген өзім,
Жаулыбай туған жерім болсадағы.
Жетілді атығайда зеһен-сезім,
Маймандос, іргесі құт, үлгілі елді,
Сайрандап күні кеше көрді көзім.

Даңқойдың бірнеше жыл дәмін таттым,
Силады ел, еркелетті, бақыт таптым,
Өзімдей ел жігіті түгел кезде,
Бас қосып талай жерде думандаттым
Саятшы Нұрсеке мен Тасымды ертіп,
Құс салдым, ит жүгірттім, аңға шаптым
Көзге елес, көңілде тұр бәрі сайрап,

Бірінде бүгінгідей ұмытпаппын.
Қажыбай, Қаудыкен мен Балтағарып,
Әлімжан, Таңатар мен Сабыр, Садық,
Сүйіндік, Өмірзақ пен Мәди, Кәкен,
Бәрін де тастамаймын ауызға алып,
Дүбірбай, Фазез бенен Октябрде
Жігіттің жас қыраны емес пе анық,
Отанға күні кеше жау тигенде
Ел үшін өз өмірін етті сарып.

Қазіргі замандастар тірі жүрген
Силасып, сәлемдесіп, ойнап-күлген
Өмірде соның бәрі естен кетпес,
Туыстан дос артық қой кәдір білген,
Жел сөзбен аттарыңды атаймын тек,
Мадақтап жеткізе алман қызыл тілмен
Шәу тартып, артқа айналып қарасақта,

Өмірден тірісінде кім түңілген
Нұрқасым, Әлімжан мен Шәриполла,
Іні едің Көшкендағы жүрген сонда,
Ерғали, Әбубәкір, Қажығали,
Жұматай, Әбілқайыр, Хамидолла,
Баяғы бұра жүріс бәрін тастап,
Естимін бірің сопы, бірің молла!
Қалыбың қартайған соң тазарғандық,
“Ала жіп аттамастай” жатса жолда.

Ізетпен еттім құрмет басымды иіп,
Төс қағып көріскендей, қолды сүйіп,
Айтарлық ақиқатым түгел осы,
Арадан кеткендер бар ажал киіп,
Тарқаттым осылайша көңіл шерін,
Апырай, қалай жүрген ішке сиып,
Шабытым “Сөйлей бер!” - деп тасқындайды,
Тоқтаттым сөз нөсерін зорға тиып.

АҚАН СЕРІНІҢ НАУАН ХАЗРЕТКЕ АЙТҚАНЫ

Науан хазрет бажасы Ақан серімен әзілдесіп “әйел алмай жүрсің”-деп сөз тигізеді екен, сонда Ақан Хазретке былай деген екен:

Қожым қызын алдықта болдық бажа,
Екеуіде өлдіғой жетіп қаза,
Сізде қандай сыр барын мен білмеймін,
Бұл күнгеше мен өзім қылдым аза.
Кездеспей жүр сүйгенім ойымдағы.
Қалыңдыққа сай келмей қайын жағы,
Ала салсам сізге ұқсап абайламай
Тексіздердің талайы дайын дағы,

Ер ырысы жақсы әйел екен егін,
Қалтқысы жоқ келтірер ердің ебін,
Ажарына әйелдің масаттанбай,
Қарау дұрыс алдымен ата-тегін,
“Ер серігі жақсы әйел” деген рас
Жақсы үлгісі ұрпаққа болар мирас,
“Алып анадан туады” дейді қазақ,
Шақша бастан тумасын қалақша бас,

Автордың жыр дәптерінен.

ЖАНБАТЫР ҚАЖЫНЫҢ НАУАН ХАЗІРЕТКЕ АЙТҚАНЫ

Хазіреттің әйелі нанның қалдығын легенге салып төгіп жатса керек, оны Хазрет көріп қалып “обал” болады деп әйеліне ұрысып жатқан үстіне Жанбатыр қажы келіп қалып:

Татарды қайдан алдың қазақ тұрып,
Білетін бәйбіше алмай әдет-ғұрып,
Кейінгі ұрпағыңды бүлдірдің ау,
Осыдан оңбайды ғой бала туып.
Бұл мұңдар не біледі шүлдірлеген,
Қызығыпсын түріне үлбіреген,
Айырмас адал-арам, обал-сауап,
Қазақтың дәстүрінен дым білмеген, - деген екен

Автордың өлең дәптерінен.

ҚОШҚАРБАЙДЫ ЖАЗЫП БОЛҒАН СОҢ

Тартынбай тәуекелге белді буып,
Тарихын тау Қошқарбай кеттім қуып,
Естіген ауызша сөз аңыздар ғой,
Бірі алыс шындыққа бірі жуық.

Қасында осылардың кім болыпты,
Шаңырақ көтергенде шаншып уық,
Атадан өсіп-өрбіп ел көбейген,
Ұрпағы бірден бірге бала туып.

Мен бір жан оқудан да тоқуым көп
“Мынауың қата” десе көрмеймін кек
Барымды кейіңгіге тарту етем
Сөз құрап жинаушыға болсын деп сеп

Бәйгеге жүйріктеймін шабылмаған
Сыналып ащы тері алынбаған
Оқымай албырт шақта, шабыт шіркін-
Бұл күнде жөнге жүрмей арындаған

Жетпістің қырқасынан түстім асып
Күн санап бара жатыр қайрат жасып
Өзімді өзім ұрлап жас шағымда
Асылды жамбасыма жаттым басып

Кім білген боларын тап мұндай сұмдық
Сықылды қаншама өмір бір ақ күндік
Алақтап ұл мен келін кемпіріңе
Отырған ауыз бағып біз бір мұндық

Тауқымет

(әңгіме)

Ерте кезде кіші жүздің ішіндегі екі ұрудың арасында болған бір үлкен дау жанжал патша заманынан бері тыйштанбай, Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарына дейін созылып келіпті. Дау ірі болса керек. Екі ұру ынтымақтаспай, қасастық жасаса береді. Барымта, төбелес, кісі өлімі сыяқты мәселелер өрши берген соң 1918-20 жылдардың шамасы советтің уездік үкіметі екі елге бірдей ортақ, үкімет атынан 3 кісілік комиссия құрып, ескі дауды қазақша бітіруге кісі жібереді. Сол 3-кісілік комиссияның бірі Айнакөз деген жігіт екен. Комиссиялар барған жұмысын келістіріп екі елге бірдей әділ билік етеді. Риза болған ел, комиссия мүшелерін әр ауылға апарып қонақтатып құрмет етеді. Қонақтатып жүргенде сол ел ішіндегі шешен, сөзуар адамдары қатысады. Өткен-кеткен дәуірді, әркімнің істеген таңырқарлықтай істерін сөз қылысады.

Мәжілістің құрметтейтіні әрине комиссия мүшелері. Комиссияның бір мүшесі отырып: өткен – кеткен ескі әңгіме айтылып жатыр, отырғандардың бәрі көпті көрген, білгіш адамдар көрінеді, олай болса істеген ертедегі біреудің ісін айтқаннан көрі әркім өзінің істеген бір уақиғасын айтқаны қызықтырақ болар еді. Бірақ ол үшін уақиға құнды, мағналы, бір ірі тақырыпта болуы шарт дейді.

Отырғандардың ішінен мен мынаны істедім деп, суырылып ешкім шыға қоймайды. Сонда 80 жасқа келген бір қарт:

- Өзім істеген іс емес бірақта сол уақиғаны істеушілер бір жерде кездесіп жасаған уақиғаларын өзара отырып шешішкенінде өз ауыздарынан, өз құлағыммен естіген бір әңгімем бар еді, тындасаңыздар соны айтайын дейді. Отырғандар ұлықсат етеді, қарт әңгімесіне кіріседі:

- Біздің қазақ Ресей патшалығына бағынып, хандық жойылып, қазаққа „аға сұлтандық” берілген кез еді. Бірақта сахарадағы көшпелі қараңғы қазақ арасындағы „аға сұлтандар”, халықтың қараңғылығын пайдаланып хандық дәрежесінде жүргізді. Өзінің заңды правасынан тысқары әкімшілік істер істеді. Оған патша

үкіметі де көп тежеу сала қойған жоқ. Соның бірі біздің кіші жүзде Нұрмағанбет „аға сұлтан” еді. Оны жұрт „аға сұлтан” емес хан дейтін. Ол патша үкіметіне арқа сүйеп, қолына солдат ұстады. Кіналаған адамына өлім жазасына дейін, үкім етіп отырды. Мен өзім сол кезде бір ауылдың сайланышты биі едім. Ел аралап жүріп күзекте отырған бір байдың үйіне қондым. Ол бай құрғақ кеуде, омыра соқтау, мақтаншақ, сөзге ебі жоқ, ұрда-жық дәрекі сөйлеп отыратын адам еді.

Мен барып қонған соң құлын сойып, тегіс асып, қазақ арасында жаңағана тараған, пиялалы шам жағып самауырға шай қайнатып, қонағасы дайындалып жатты. Бай маған әңгіме айтқызды мен бір қызық кеңес айтып, ол қауқылдап, көңілді түрде тыңдап отырды. Әлі ас ішкеніміз жоқ, іңір болып, аул орынға толық отырған кез еді. Үйдің ту сыртынан біреу келіп: - “Үйден біреуің шығып кет! Алыс жердің адамы едік, сөйлес қыламыз” – деді.

Әңгіме бұзылып, жұрт сырттағы дауысқа елендесті. Бай әңгіме бұзылғанға назаланып:

- Бей уақыт жүрген нәткен адамсың? Түссең ұй мынау, жүрсең жолың анау, жұрттың мазасын алып деп, үйде отырып күшінді. Сырттағылар дыбысын қойды да сәлден кейін: – “Кеш жарық” – деп, 2 кісі үйге кіріп кеді. Бірі орта жастан асып мосқал тартқан, кейістікті көп көрген, жабайығана киінген ықшамды келген, бір адам екен. Қасындағысы жас жігіт, ананың жолдасы сияқты көрінеді. Жолаушылар шешініп, төрден орын алып отырысты. Сыпайы ғана, қысқа амандық сұралды. Бай:

- Кәне, әлгіден кейін не болды? деп, менің әңгімемді қайра создырды. Мен кеңесімді жалғастырып алып сөйлеп кеттім, келген жолаушыға оншалық назар аударылған жоқ. Біраздан кейін бағанағыдай біреу тағы да сырттан:

- Үйде кім бар ау! Біреуің шығып кетші, алыс жерлік едік деді. Бай отырып: - Япырай мыналар жынданған ба? Бірісі-бір, екісі-екі мазаны алды ау, қонатын болсаңдар, түсе беріндерші! – деп ренжіді.

Жолаушылар, сәлден кейін: -Кеш жарық! – деп үйге кіріп келісті.

Бұл келген ұзын бойлы, кең жауырынды, аш өңді, аққұба, қара мұртты жас жігіт екен. Үстінде қара құлын жарғағы, күміс кіселі шонқайма етіккі, пұшпақ бөрікті жөні түзу жігіт көрінді, қасында бала жігіт жолдасы бар. Соңғы жолаушы жоғары шығу үшін от деңгейіне келе бергенде, бастапқы жолаушы оған тесле қарады да: - Япырай! Сен Тауқымет емепісің? – деген де анау болсақ болармыз деді. Бұрынғы жолаушы орнынан ұшып тұрып: - Келші бері деп, ексуі бірін - бірі бас салып, құшақтасып көрісе кетті.

Сүйтіп құшақтасып, шайқалысып жатқанда соңғы жолаушының жарғағының етегі шамға тиіп, шам құлап, сөніп, пиаласы (шамның пөзірі) сынып, үй іші қараңғыда қалды, оған жолаушылар қараған жоқ, көрісе берді.

Ерігіп отырған өркөкірек ожар сөзді бай: – Япырай бұлардың кім еді өзі! Беймаза қылып, қатынша көрісіп, қараңғыда қалдырды ау деді.

Абдырадан тағы бір пөзір алынып шам жағылды, жолаушылар көрісіп болып, айрылысып, орындарына отырысты. Бастапқы жолаушы соңғы жолаушыға: – Жаным, аман-есен болдың ба? Тірі көрдім, тілегім қабыл екен, енді арманым жоқ – деді де көзіне жас алды. Жарғақты жолаушы да отырып:

- Міне сізді тірі көрдім, сапарымның осыншама оңға басқанын қалай сыйпаттауға тілім жетпей отыр! Жүрек шіркін жарылмайды екен ғой, шүкірлік, жыламаңыз деді.

Мен әңгімемді қайра созып ықшамдай сөйлеп бітірдім де, назарымды қонақтарға аудардым. Бастапқы қонақтан жөн сұрадым, ұруын айтты. Бай отырып:

- Осы қонатын үйіңе қона бермей ұлықсат сұраймын деп бір бөріктіріп, жаңа көргендей, көрісеміз деп шамды сындырып екі бөріктіріп, әңгімені бөліп сендер-ақ көрсеттіңдер ғой! Жөндеріңді айтыңдаршы, кімсіңдер өздерің? Сөйлеші кәне қонақтар деп. өндірішектей бастады. Сонда бастапқы жолаушы шарт жүгініп жөнделіп отырып байға: – Бай, сен өндірішектеме! Өзер болса мазаң кеткен шағар, кеңесің бөлінген шығар, шамың сөнген шағыр, бұларға тати ма? Жоқ татымайма? Мен неге көрістім, кімді көрдім, қайда барамың, мынау кім? – соны сұра. Егер татымсыз болса сонсоң барып сөк! – деді.

Бір маңызды ауқиғаның барын ыңғайынан сездім дағы мәнін айтып беруін мен де қолқаладым. Сонан кейін барып бастапқы жолаушы әңгімеге кірісті:

- Мен – деді бастапқы жолаушы, жас күнімде Нұрмағанбет аға-сұлтаннның атарман-шабарманы болдым. Беріліп істеген соң, адалдығымды көріп Нұрмағанбет маған сенді. Қандай қиыын жұмыстарды тапсырып оны дұрыс орындап келіп жүрдім.

Өзім бір ұрудан да, туыстан да жалғыз едім. Тек әкем, Есіл өлкесіндегі қозған ішінде бір апаң бар, одан басқа туысымыз жоқ деуші еді. Әкем өлді, өзім жалғыз қалдым. Ордаға қызмет етіп жере бердім. Адамға ұлғайған сайын туыс керек екен. Апаймен көрісуді арман еттім. Жағдайым болмай іздеп баруға уақытым қалмады. Сүйтіп жүргенімде бір күні үйіме алыс жерден, бір қонақ келіп қонды, ұруы қозған екен. Апайды сұрадым, қонағым апайды біледі екен, жөнін сұрап алдым. Келер жылы дайындалып ағасұлтаннан ұлықсат алып апамды іздеп шақтым. Іздеп келіп апамды таптым, жездем өлген екен, жалғыз ер баласы бар, ол жас екен, өзі көртайған. Малдан бір сыйыр, бір түйесі, кішкене лашық үйі бар екен, еліне кәдірі де кеміген.

Үш-төрт күн қонған соң апайды еліме көшіріп алып кейін қайттым. Елге көшіріп әкелген соң, лашық жасап қасыма қондырып қойдым. Мені кәдірлеген жұрт қой-қозы, бұзау-торпақ емеуірін көрсетіп, едәуір ұсақ мал тұяғының басы құралып қолды. Жиенім ер жетіп келеді, өзі теңді баладан мысы әлде қайда жоғары сыяқты. Байқаймын жаман жігіт болатын емес, ойнап күресседе, төбелесседе құрбысының бәрін жеңеді. Мен де, маңай да, еркелетіп, жиенді бетке қақпай өсірдік. Бір күні ауылымыздың сыртына көп кірекеш келіп қонды. Бір топ жас өспірім бала - жігіттер ойнап кірекешке барысты, ішінде біздің жиен де бар. Бір мезгілде жиенім жаман бір арық, жүре алмай шалдығып қалған көтерем атты алып келіп тұр. „Кірекештерден сатып алдым, соғымдық бір сиырдан басқа бар малымды беремін, ат жақсы” – деп күледі. Қарарлықтай түрі жоқ, түсі күрең екен. Қырып алар қызылы жоқ, бір тулақ, тек оғаш-оғаш арса қу сүйектері бар. Іштей ренжідім, бірақ онымды беті қайтады ғой деп балаға сездірмедім. Бала атты жылқыға қосты.

Сол жылы жаз құрғақшылық болды. Нұрмағанбет ағасұлтан бір шаруа жайн білетін адам еді: - „Быйыл жұт болады ” деп, күзге қарай қол астындағы елге жар салып, қара малдың бәрін сойғызып алды да, шапқыншы жіберіп, жаз сүмбіле жауған жерге жылқыны теп-тегіс қыстамаға айдатты. Елде бірде жылқы тұяғы қалмады, ішінде жиеннің арық күреңіде кетті. Қыс өте қатты болды, маңай тақыр жұтқа ілекті, ел өте жүдеді.

Біздің ел қыстан күйлі шықты, бірақ жаз ортасына дейін қыстамдағы жылқыдан хабар – ошар болмай кешігіп, жұрт қорықты. Бір күндері жылқы келді. Тегіс амаң, әрі күйлі, әрі ішті екен. Жиеннің күреңі де аман. Былтырғы күрең емес, өзгеше бөлек, бір мал болып шығыпты. Өркешсіз түйе дей зор, мүшесі бөлек біткен тамашадай ат болып алған. Жиенім атын ұстап мінді, ер тоқымын сайлап бердім. Ойын – тойда шапса да, желісе де, алдына мал салмады.

Бір күні жиенім отырып: - Нағышы, қарап отырып болмас, күрең аттың қызығын көрем, жер танымын, ел танымын, мал табам, қамалып отыра беремін бе? – деді.

Бетін қайтармайын деген оймен, ұлықсат бердім. Аттанып кетті. Кеткеніне екі ай болды, жиен хабарсыз еді. Бір күні түнде үйге келіп оятады. Есік ашып кіргізіп алдым. Амандығын айтты, әкелген малы жоқ, тек – нағашы ай, көп қызық көрдім деді.

Тамақ ішті де тысқа шығып кетті, кешікті, келмеді. Өлден уақытта: - Әкетті - әкетті деген күзетшілердің даусы естілді. Сұлтанның қарақасқа арғымағын ұры әкетіпті: - Жарт ұу-шу, сездім ұрлаған жиен. Қатынға-жағынды қарыстыр-дедім де, жатып қалдым. Арада 3-4 күн өтті, бір күні түнде жиенім келіп, үйге кіріп-нағашы, тұрыңыз ұлықсат етіңіз, жиен келінің үйге кірсін дейді. Шошып кеттім. Амал жоқ тұрдым, жиенім бір сұлу қызды ертіп әкеліпті. Қысқа ғана жағдайын сұрағанымда “Мынау бір байдың қызы еді, алып қашып кеттім, қара қасқа арғымақты әдейі осы үшін ұрлап едім” – дейді.

Састым, не істеу керек! Бар тапқан ақылым бой тасалай тұру керек дедім. Үйткені Нұрмағанбет ағасұлтан атын ұрыға алдырғанына өте ашулы еді, қыздың елі жесір үшін тағы да жау. Екі елдің арасына шамам жетпейтінін сездім. Ел маңында бір

қопалы көл бар еді, сол қопаның ортасында арал болатын, оны ешкім білмеуші еді. Түнде жігітпен қызды екі атымен, азық түлігімен аралға өткізіп тастадым.

Бір күндері алыс жерден 7-8 кісі келді, шамасы аға сұлтанға сыйлық әкелген адамдар тәрізді, оңаша сөйлеседі. Байқастырсам жиеннің алып қашқан қызының елінің адамдары, қыздың жоқшылары. Аға сұлтанның қара қасқа арғымағынан да сыбыс айтатын көрінеді. Аға сұлтан мені шақыртты, бардым. Жиеннің қайда кеткенін сұрады. Білмеймін деп танып шықтым, оған болмады. 100-қамшы дүре соғып ышынын айтқыз-деп сұлтан үкім етті. Жәдеттері 100 қамшы дүре соқты, шыдадым, айтпадым. Жазаның екінші түрін бұйырды. Онысы: Қанжығадай қайсты басқа орап, бас сүйектен бұрау салу еді, көргенім бар. Адамның екі көзі айналып сыртқа шығып кетіп өлуші еді, соны жасады. Ессіз талып кетіппін, талып бара жатқанымда, сұраған жәдеттерге „Қопа” десем керек. Жәдеттер сұлтанға келіп: тек, „қопа” деді, басқа айтқаны жоқ деп баяндайды.

Бұрын аға сұлтанға аралда „берік жер бар” деп, бір айтқаным бар еді, сол есіне түсіп жігіттерін аралға аттандырады. Аралды қамауға алып, екі атымен қыз-жігітті ұстап алады. Сәті болар істі қойыңыз ау!

Құғыншылар жиенімді де, қызды да өз аттарына мінгізіп алып жүреді. Аралдан шығып алған соң тұтқындар ауылдың үстін өрлей қашып берсін! Айғай-қыйқу, барлық ел болып қашқындарды қуып кете барады. Бас бұрау салғанда мен „қопа” деппін де, талып қалыппын, не болғанын білмеймін. Қайра есім кіріпті, байқасам жұрт, тек: - „Аттан-аттан, қашқындарды ұста!” дейді. Ойладым, қашып құтылған ғой, шіркін мен де қашып, соларға қосылсам, өлмес едім деймін. Өзімді өзім байқасам, қозғалуға жарайтын түрім бар, ептеп сүйретіліп далаға шықтым. Хан ордасында кім барын білмеймін, тыста ешкім жоқ. Орданың сыртына шықсам есікпен төрдей бір көк ала ат байлаулы тұр, бөтен ат, қызды іздеп келгендердің аты екенін сездім. Көкала атты мініп алып, жұрт шауып кеткен жаққа мен де шаптым. Жануар құстай алып ұшты. Әлгіндей болмай ақ құғыншыларға келіп араластым. Бәрінен басып озып, қарсы алдына шықтым.

Менің де айтатыным „ұста-ұста!” бірақ оным өтірік, өзім де қашып кетпекшімін. Алдымда алыс кетіп бара жатқан жиенім мені таныды ма, аздап кідіргендей болды, мен төпеп жетіп келгенімде жиенім қылышын суырып алып сипай шауып жіберді, мен аттан құлап түсіппін. Қуғыншылар ұстай алмай кейін қайтты, мені теңге салып елге алып келісті. Нұрмағанбет аға сұлтан менің жағдайымды естіп: - „Адал екен, неген күйдірген екенмін” деп аяп, маған кешірім етті, бұрынғыдай қызмет ете бердім.

Оған көп жылдар болды, өзім қартайдым, қызметтен қалдым. Нұрмағанбет аға сұлтанның да дәуірі сөнді, жәңа мизам шықты (1861-жылғы реформа).

Сол жиенімді сағынып, бар болса тауып алайын, не хабарын білейін деп қалған өмірімді ел кезіп соның жолында өткізейін деп шыққан бетім осы еді. Сен бай, шамыңның сынған бір пөзіріне іренжіп, біздің көрісіп жылағанымызды сөктің. Құдай айдап үйінде кездесіп отырмын. Сол іздеп шыққан жиенім мынау отырған Тауқымет. Сондағы салып кеткен жарасы мынау-деп бетінің тыртыған, шұнақ құлағын көрсетті.

Тауқымет қашып құтылды ғой, одан әрісін мен білмеймін, оны өзі айтар, тек жүрген жоқ шығар. Сонда сіздің шамыңыздың бір пөзіріңе татырлықтай әңгіме болып шығады ғой, мен болдым, сөйле жисн жаным! – деді жолаушы шал.

- Әй нағашы, ата-тайм ай! Сіз мені бетке қақпауыңыздың нәтижесінде көптеген қызықтар да орасан бейнетте көрдім ғой! – деп көзінің жасын бір шертіп тастап Тауқымет басынан кешкен уақиғасын айтуға кірісті: - Басқа уақиғаның бәрін нағашым айтты ғой, Оның ішінде нағашымның білмейтін жерін және нағашымды қылышпен шауып кеткен жерімнен былайғысын айтайын – деді Тауқымет. Мен ынта қойып тыңдап отырмын, бай да бағанағыдай емес, „айт-айт!” – деп қауқылдап жатыр. Жігіт әңгімесіне кірісті:

- Ел көрем, жер танымын, мал табам деп нағашымнан ұлықсат алып, күренді мініп өз бетіммен ел аралап шығып кеттім. Елден елді кезіп жүріп бір қалың елдің, бай көшіне кездестім. Ойым көшпен біраз ілесіп барып, көште мініп жүрген таңдаулы аттарды түстеп қойып, түнде ұрлап алып кету еді. Сол елдің иесі

„Сарыбәйбіше” деген бір жесір, орта жасқа келген әйел екен. Елдің бар билігі „Сарыбәйбішеде” көрінеді. Өзі бай, салтанаты күшті, еліне әкім екен. Бой жеткен 2 қызы, менімен құрбылас, жалғыз ұлы бар екен. Көш түс кезінде бір суға еру болды. Сусын ішкелі „Сарыбәйбішенің” жаппасына бардым. Қымыз құйды. Бәйбіше менің жөнімді сұрады, мен „ұруым қозған” – дедім. Сол ақ екен бері келші бауырым ұруым қозған деген сөзді де естідім ау!” – деп алдына шақырып алып бетімнен сүйіп, көзіме жас алды да: „Қозған болсаң бауырымсың, мен әуелде жетім қыз едім, асырап өсірген жамағайын алыс жерге ұзатып жіберді, менде төркін жоқ. Мен осы босағаға келгелі қозған едім деп келген кісі көрмедім. Төркін деген бір арманды ісім сыяқты болып барады. Бауыр, туыс жасаймын. Кешкі еруде қонағасыңа құлын соямын; ел жайлауға барған соң сауын айтып үлкен той жасаймын. Кетеріңде үйірлеп мал айдатамын, сүйтіп Сарыбәйбіше „жұрағатсыз” деген аттан арыламын, жас екенсің, оған дейін еш қайда барма! – деді.

Аз отырып ойландым, өз шешем көрінгенді „туысым” деп жақын тартып, төркінін сағынып жылап – сықтап жүруші еді сол есіме түсті, екіншіден „мал табам” деп шықтым ғой. Бұл малды үйірлеп айдатам деп отыр, үшіншіден „Ел-жер таныймын” деп едім. Мына „Сарыбәйбішеге” туыс болудан артық қандай „ел тану” керек деп қорттым да: - Апай! Менің шешемде көп жыл төркінсіз жүріп, көртайған шағында інісімен табысып еді, мен де бір жетім едім. Құдай сіздей апайға туыс етуден артық қалай жарылғасын, туыс болдым дедім.

Апай қыздарына: - Ана нағашыңды шешідір де теп-тегіс киіндір деді. Қыздар менің жабалғы киімімнің барлығын шешіп алып, абдырадан жазға ылайық асыл кийімдер алып, түгел бастан-аяқ киіндерді, мен бір сұлу жігіт болып шыға келдім.

Түстікке семіз сүр асты, кешкі еруде құлын сойды, үдере көшіп жайлауға жетіп, орнықтыда елін шақырып, саун айтып, үлкен той істеді. Ат шаптырып, балуан күрестіріп, бәйге үлестірді. „Сарыбәйбішенің інісі” болдым да қалдым. Ауылдан ауыл, елден ел қонақтатып алып кетті. Ел жыйын, күнде ойын-той, қасымда нөкер, кәдірлейтіні мен, сүйтіп жүргенде бір айдай

уақыт өтті. Жақсы орында, жақсы жігіттермен бірге сыйланып жүріп өзім әжептәуір өсіп, әр істің, сөздің жөнін біліп тіпті ысылып кеттім. Бір күні „Пәлен жердегі пәлен байға ас береді, сол асқа ел жиналып, атын, балуанын әкелсін” деп жар салып, саун айтты. „Сарыбәйбішені” еркеше келіп шақырды. Апайым асқа дайындалды, бәйгеге менің күреңімді, сүт беріп жәратты. Айтылған күні асқа бардық. Ас ішіліп болған соң, ат бәйгеге кеттіде күрес басталды. Күрең бәйгеге қосылды, бас балуанға шығару жолы „Сарыбәйбішеге” берілді. Ана топтан шыққан балуан „Түе-балуан” екен, оған шығатын біздің жақтан балуан табылмады. Олар жұрттың қорыққанын сезіп бәйгемізді күреспей бер! – десті. Апай жұртына ашуланып: - Ер тумаған екен-деп маған ақырды. –Бар, анамен күрес! Жығасың деді. Ойнап алысқанда өзім теңділердің екеу-үшеуін бүктеп астыма басушы едім, апайдың көзі соны шалса керек, жауап қайрғамын жоқ, күреске шықтым. „Түйе-балуан” бір еңгезердей адам екен. Қатарласқанда мен емшегінен ақ келдім. Келе сала бір қолыммен жағамнан алып, ұршықтай үйірді. Табаным жарылған шығар деп ойладым. Үйіріп-үйіріп алып, арқалап алып соғу үшін сәл ғана кідіре бергенде балуанның аяғынан, аяғыммен қағып қалып, сол сәтте керісінше қайшы келтіре ыйықтан қолмен қаққанымда, бір жағына қабырғалай ұшып түсті. Үстіне міне түстім, мені балуан көтере түрегеліп, бүктеп қаусара ұстап, көтеріп алып ұруға айналғанда даяшылар жетіп келіп „Түйе-балуанға” - сен жеңілдің, бала балуан жықты-деп екеуімізді айрып жіберді.

Бәйге 200 тұсақ екен, бір қотан қойды „Сарыбәйбішенің” алдына айдап әкелді. Апай ұру-ұру, ауыл-ауылдың жолына қарай балуанының бәйгесін үлестіріп бөліп берді. Бір мезгілде „Ат-ат” деген шу шықты әлгідей болмай ақ 300 аттың алдында күреңім жеке келді. Бас аттың бәйгесі 300 тұсақ екен, оныда бағанағы жобамен бөліп берді. Апай аты бәйгеден келіп, балуаны жығып астан көңілді қайтты. Менің кәдірім бұрынғыдан да артты, тағы бір айдай жүріп қалдым. Жас жігіт жай жүреме? - сүйтіп, апайдың үлкен қызымен көңіл қосып, жарасып қалдым. Қыз мені сүйеді, тек жаны басқа, менде өте сүйдім. Ел жайлаудан қыстаққа көшті. Қыз көш-жөнекей маған: - Сен жалғыз басты,

кедей жігітсің ғой. Мені саған шешем бермейді, мен біреудің жесірімін, маған сенсіз дүние-харам, сен мені алып қаш!-деді. Не дерімді білмедім, қорқамын. Ақырында ойлана келіп жәрәйді, алып қашайын деп уағадаластым. Апайдан ұлықсат алып, берген сыйлық малын артынан келіп алатын кісі болып, түнделетіп келіп нағашыма көрініп, аға сұлтанның қарақасқа арғымағын ұрлап алып жүргендегі мәнім осы еді. Бұдан былайғы жағдайды жәңа нағашым айтты ғой, мен енді мына нағашымды қылышпен бір шауып, құлатып кеткен жерімнен былайғы жағдайды айтайын-деді Тауқымет.

Біз, отырғандар, ия, сол жері керек дей түстік. Тауқымет қайра бастап әңгімесін жалғастырып әкетті.

- Нағашым апарып салған аралда жатқамыз, қауыпсыз. Біреу айтпаса іздеп табар жер емес. Түс кезі еді, екеуміз де ұйықтап қалыппыз. Жатсақ құлаққа дауыс естіледі. Оянып тұрсақ: Шамасы қырық-елу, жігіттер, бізді қамап тұр. Екі атымызды жетелеп алыпты. Не істерді білмедік, састық. Мен үндей алмадым, Назым тұрып: (келіншегімнің аты)-жастық-бұзақылық, ол жүре келе түзеледі. Мұндай бұзақылық істегендерің мүмкін сендердің іштеріңде де бар шығар? Бұл бұзақылықты өзім жөндеп, өзім түзеймін, „Ханыңның” алдына бізді жәбірлемей, өз еркімізбен апарыңдар! Егер әділ төресін берем десе „хан” өзі ақ жәбірлесін! – деді. Әлде аяды ма? Кім білсін, қуғыншының бастығы: ”Ат-тонын өздеріне бер! Еркімен апарайық” - деді. Ат-тонымыз өзімізге тиді. Аралдан өтіп жазыққа шықтық. Назым мені түртіп қалды. Топ ортасынан екеуіміз бірдей, қатар сыпырлып шығып тұра тарттық. Топ жігіттер қуып берді, қарамызды үзіп ұзап кеттік. Қуғыншылар жете алмай ұзап қалды. Мен артыма қарайлап келемін. Ондағы ойым нағашым не болды, оны қайтты. Оны жазаламау үшін бір жағдай жасап кетсем деген ой еді. Сүйтіп ірке шауып келе жатқам, қылаң атты біреу қуғыншылардан үздік шығып, өкшелей соңымнан түсті. Көлбей қашып байқап едім, атқа отырысы нағашыма ұқсайды. Кімде болса, жетіңкіресін деп іркілдім, нағашым екен, мені бірге ала кет „Тауқымет жан!” – дей бергенде бетін ала қылышпен сыйпай шауып қалдым. Аттан ұшып түсті, қате сілтедім бе деп

қорықтым. Көріп отырмын хата емес, ойлаған жерден жаралаған екем. Бүйткендегі ойым: Нағашымның „адалдығына” ханның көзі жетіп жазадан аман қалдыру еді. Естіп отырсыздар, осы ойымда дұрыс шығыпты. Мінекей аман есен көрісіп отырмыз деді. Тауқымет сөзін айта бастады. Сол қашқаннан қаша бердік. Беталды, құла-түз, тынбастан елсіз-күнсіз бір жеті тарттық. Қуғыншылар енді күдер үзді ау дегендей кезде, бір елге келіп түстік те, тынығып алып қайта аттанып, бетімізді Көкшетау төңірегіндегі Арғын еліне бұрдық. Елден елге қона-түстене отырып пана болып, қолына сақтарлық жер сұрастырамыз. Дұрыс ақылын айтады-ау деп сырлысқан жігіттердің сөзін қорыта келіп Арғын ішінде Әске деген бір „батырға” барып паналамақшы болдым. Іздеп келіп Әскені таптым. Қонып ертеңіне Әскеге бастан кешкен бар ышынымды айттым да қолына ұстап, сақтауды өтіндім. Мені аяды, Әскенің бәйбішесі де маған көмектесті. Әске паналатбақшы болды. Әскенің өзі қанды балақ ұры екен. Аулақтағы отарда 60 жігіті болады екен. Соларды „барымта, жортуыл” деген ат пен сойды алыс жерге аттандырып, мал айдатып алады екен. Малың іздеп келгендерге теңдік бермейді екен. Өз малына тимейді, оны жарты „батыр” дейді екен. Әске менің тілегімді берді. Кім іздеп келсе де қорғамақшы болды. Қасыма бір жігітті ертіп отардағы „топқа” жіберді. Апарған жігіт мені топ басқарушысына „жігіт қылып қолына ұстасын”-деген Әскенің әмірін айтты. Назым қасымда, жүріп жаттым. Істейтініміз ұрлық, 60 шамалы бар екен. Бір аттанғанда 10 нан 2 бөлініп 20 жігіт аттанамыз да, 10 күнде оралып келіп отырамыз. Сонда маған айына бір рет аттанып, 10 күн жолда жүріп келуге кезек тиеді. Қалған 20 күн, ойынсауық қызықпен өтеді. Сонымен жүріп, жылға жуық уақыт өтті. Бір күні бір жігіт келіп маған шүйінші! Сені құдай жарылқады! Сәрыбәйбіше мен Нұрмағанбет ағасұлтан келісіп, жарасыпты. Саған екі жағы да кешірім жариялапты. Сені қуантта, келіншегімен екеуін алып кел деп, Әске жіберді, жүр менімен бірге-деді, келген жігіт. Ойымда еш нәрсе жоқ келіншегімді ертіп отардан Әскеге аттандым. Әскенің отауына түстік, үлкен үйінде қонақтар бар екен. Сусын іштім де Әскеге сәлем берейін деп

тысқа шықтым. Қарасам күрең мен қасқа арғымақ жоқ. Денем суып кетті. Бір сұмдықтың боларын сездім. Келіп Назымға айттым, одағы шошынды, бірақта сыр бермеген болдық. Әлден уақытта Әске шақырды. Екеуіміз де бардық. Сәлемдестік. Әске отырып: - Менің қолымдағы жігіт пен қыз осылар, танысыздар ма? – деді. Отырған қонақтар: - таныдық. Біздің жоғымыз осылар-деді. Әске: - Жоқтарың осы болса, айтқаным-айтқан, екі елді бірдей шулатып аруаққа шет бола-алмаймын. Мен мұндайын білгемін жоқ, пәлелеріңді алып кетіңдер-деді. Қонақтар: - хұб болады, біздің де тілегіміз осы десті. Үш – төрт жігіт сайланды да бізді тұтқынға алды, жүруге әзірленді.

Бір мезгілде Әскенің үлкен бәйбішесі келіп қонақтарға: - Мына балалар жастықпен шырмалап жүрген адамдар көрінеді. Басқа күнәлі ісі шамалы сыяқты. Бір жылдай қарамағымызда болып еді. Содан бері қолымнан дәм татқан емес еді. „Мейман хақысы-тәңірі хақысы” деген сөз бар. Бүгінше түнеп қолымнан дәм татсын, кірі-қоңын жусын, ертең өз қолымнан табыс етемін – деді. Қонақтар біріне бірі қарасты да кәдірлі бәйбішенің сөзін далаға тастай алмай: - Алыңыз-десті. Назым екеуімізді ертіп бәйбіше өзінің үлкен үйіне әкелді. Қонағасысын берді. Ертеңіне отырып: - шырақтарымай! Жас жүректің сүйіспеншілігіне ерік беріп қалып, қарабастарыңды ел талқысына салып, азапқа түсіп қалған жан екенсіңдер. Біздің сұм заманымыз сендерді еріктеріңе жіберіп жатыр ма? Жауыздар итше искелеп тауып, қасқырша ұлып қосылып жатыр. Мынау келгендер Нұрмағанбет сұлтан мен „Сарыбәйбішенің” адамдары. Аруаққа ит қоспасын, бұзақыларымызды қолымызға берсін деп, көп тарту-таралғысымен екеуі қосылып осы елшілерін жіберіпті. Әске дүниеге қызығып, әрі аналардың сөзін тастамай екеуіңді ұстап беріп отыр.

Бастап Әскеге сырларыңды айтқандарыңда ішінде болып едім, паналауға көмектесіп едім. Қайтейін, Әске сөзін жұтты, азды. Мынау Әскенің алмасқа суарған болат кездігі еді. Бір күніне керек болар. Басқаға шамам жоқ деп кездікті маған берді. Мен кездікті ұлтарағының астына тықтым. Бәйбіше ертіңіне бізді әкеліп қонақтарына тапсырды. Олар 7-8 адам екен, екеуіміздің аяқ-қолымызды байлап, арттарына мінгестіріп алды. Түсіп,

тоқтаған жерде аяғымызға кісе салады. Шыққанымызға бірнеше күн болып қалды. Күн еңкейе, айдалада, бір дөңнің басына түсті. Аттарды бір-біріне түйіп матастырды. Менің аяғыма кісен салдыда, қолымды байламай аттардың қасына домалатып тастады да „тырп етіп қозғалушы болма!” – деп барлығы қызды ертіп анадай жердегі дөңнің басына барып, алқа-қотан отырып сөзге кірісті. Дауыстары естілмейді, шамасы қызға жекіп ұрсып отырған тәрізді. Көп уақыт отырысты. Бір мезгілде қыз жерді қолымен шұқыды да басындағы бөркін сол шұқыған жерге алып қойдыдағы қайта киді. Шамасы маған жасаған ишараты, оны түсіндім. Қыздың сені өлтіріп, осы далаға тастап кетуге сөз байласып отыр дегені деп жорыдым. Енді өлдім ғой, не болса да әрекет жасап корейін деген оймен: - Ұлтарағымның астындағы кездікті алып, аяғымдағы кісенді егеп кесіп түсіріп, оқтай атылып барып, шеткері тұрған күреңімнің шылбырын қыйып тастап, міндім де қаштым. Аналар дөңнен түсе жүгіріп, аттарына мініп алып қуып берісті. Қара қасқа арғымақ ал бетінде біраз қусырып келді де әр-бері шаба келе күреңге қайдан ілесе алсын, қарасын үзіп қалып қойды.

Кеште жақын еді, қашып құтылдым. Сол бетімнен түні бойы тартып, үдере 4-5 күн тартып, Омбыға жуықтап келдім.

Омбының алғашқы түскен кезі еді, губернатор тұратынын естуші едім. Омбыдан бері 60-70 шақырым атығай-Бағыс деген ел ұруына кездестім. Жылы қонып жүрдім. Өзіммен құрбы Болат деген жігітпен дос болып, бастан-аяқ бар сырымды айттым. Епті, пысық жігіт еді, ол маған:

- Былай жүріп теңдік ала алмайсың. Осы күнде „жаңа мизам” деген шықты. Кім біледі? Көрген жәбіріңді түсіндіріп айтсаң ұлық теңдік әперер-деді.

Менде қаражат-пұл жоқ еді. Болат құрбы-құрдастарына менің жағдайымды айтып ақша жинап берді. Мен Омбыға келдім, қалада бірлі-жарымды татарлар кездесті. Олардан дау-жанжалы бар адам кімге, қалай, кімдер арқылы жолығатынын сұрап білдім. Олар бір татар адвокатын айтты. Оны іздеп тауып алып, болған уақиғаларымды бастан аяқ түсіндірдім. Адвокат мені аяды. Болған істің мән-жайын тегіс сипаттап губернаторға тегін арыз

жазып берді. Тек қосқан өтірігі Назымды аларда бәйгеме алған 500 тұсақ қойды қалыңмалға беріп едім деген сөз болды, басқасын ышынынан баяндады. Оны қосқандағы ойы: қалыңсыз алып қашып едім десең әйелің болмай шығады деп ақыл берді. Ертеңіне губернаторға арызымды әкелдім. Алдыңғы бөлмеден бір әйел қарсы шықты да арызымды бастан аяқ оқып шығып, мені аяғандай ірең білдіріп, жоғарғы үйге алып кетті. Әлден уақытта ішкі бөлмеге шақырды, бардым. Шақырған губернатордың өзі екен, қасында бағанағы әйелмен тағы бір орта жасқа келген қазақ отыр, өзі сиықсыз, семіз.

Губернатор істің жәйін қысқаша, ауызша сұрады. Менде қысқаша баяндадым. Семіз қазақ аударма жасады. Губернатор, әйелмен, қазақпен орысша сөйлесіп отыр, мен түсінбеймін, шамасы әйел маған тартатын тәртізді.

Семіз қазақ отырып: - Бала, ісіңнің сәті түсер, сен осы жұмысыңның абройын маған қиясынба деді. Мен, қидым-дедім. Семіз қазақ айтты: - Мені сұра! Бұйрық ал! Мен барып әйелінді өзіңе әперіп, оларды саған тимейтін етіп келістіремін деді.

Сонымен, ағасұлтанға бұйрық жаздырып алып, семіз қазақты ертіп, жолға шықпақшы болдым. Семіз қазақтың аты Ахмет, губернатордың тілмәші, орысша оқыған, бір алаяқ, сұм екен. Пәтер үйіне келіп, пәуескеге өзінің қос күреңін жегіп, бір атшы алып, менің күреңімді қасына бос байлап елге шықтық. Елу-алпыс шақырым Омбыдан шыға ел шетіне ілектік. Байлардың біріне қонып, біріне түстеді. Қонағасыға құлын сойылады. Жуан портфелі бар. Іші толы қағаз. Қазақ арасындағы ұсақ дау-жанжалдарды бітістіріп, екі жағынан бірдей параны соғып жатыр. Бәрі “Ақа”. “Ақа” - дейді. Жолай, қосыла-қосыла көп нөгер ерді. Айдан артық уақыт өтіп барады. Беті “Сары бәйбіше”. Бірақ жүріс өте сылбыр. Менде тиышын алып, жұмысымды орындауын өтінемін. Ол маған саспады. Ақырында ол менің жұмысымды қазақтың билеріне беріп, билер мені қатыстырмай сырттан “қыз жігіттен айрылсын, жігіттің өз басына бостандық берілсін, қылмысы кешірілсін” – деп үкім шығарыпты. Мен оны білмеймін. Маған сездірмей Ақаңның істеп жүрген ісі. Тек бір күні Ақаң іс осылай болды деп отыр. Не істейін! Атымды ерттеп, кетуге

айналып едім, Ахмет: “Бала қайтқалы жүрмісін? Өз атыңды маған қалдыр, сен менің шеткі күреңімді мін” – деді. Ол қалай – деп едім, ол солай – деп түсін суытты. Қорқып қалған басым, еш нәрсе дей алмадым. Берген атын міндім де жүре бердім.

Былай шығып ойландым. Енді қайда бару керек? Далбасылап Омбыдағы баяғы татр адвокатына келіп істің жөйін айттым. Ол маған: - Ісінді бүлдірген екенсің. Ахмет параға сатып жіберген екен. Алғанына мындағылар ортақ, енді болмайды. Заң қазақ биінің үкімін бүзбайды. Енді өз бетіңмен басқа шараңды істей бер деп тұжырымды ақылын айтты.

Бетіммен қаңғып шығып кеттім. Бір күндері Ахметтен күреңімді ұрлап алдым. Кейін қара қасқа арғымақты да қолыма түсірдім. Ойым ебін тауып Назымды әкету. Бірақ аулына баруға батылым жетпеді.

Енді бірде қос атпен “Сары бәйбішенің” елінің сыртында, екі адырдың арасында сандалып жүр едім, жалғыз аяқ жолмен бір түйемен сиырға жүк артқан, көш, аса жүдеу, кәрі шешесі мен ауру әйелі бар ағайынды екі жас жігіт кездесе кетті. Беті “Сары бәйбішенің” ауылы, жөн сұрап едім ұруым қозған деді. Мен бауыр тарттымда бар сырымды айттым. Жігіттер мені аяп:

-Бізде бір кедей адамдармыз. Жәбір көріп жүр екенсің. Егер ұнатсаң, атыңды біреуіміз алып осы арада қалайық. Сен мына кебженің ішіне жасырын. Сол елдің сыртына еру боламыз. Қыздан бір тіл алсаң сонда аласың. Басқа көрсетерліктей жәрдеміміз жоқ-деді жігіттің үлкені.

Аз ойландым да, жарайды дедім. Аттарымды кішісі мініп жонда қалды. Мен көшке еріп, кебежеге тығылдым. Назымның аулының сыртынан жаппа тігілді. Кебжені ішке кіргізді, ішінде мен. Ауру әйелге жаппаның төрінен төсек салып жатқызды. Жігіт бір шәйнек алып “Сары бәйбішенің” үйіне ауруға сусын сұрап әкелмекші болып кетті. Біраз уақыттан кейін бір көнешік қымыз алып келген оң келіншегіңді көрдім, тілдестім, қазір келеді деді.

Мен: - Қалай, қалай көрдің дей беріппін. Жігіт, барсам бәйбіше дәл төрде жантайып жастықта жатыр. 7-8 қыздар қасында кесте тігіп отыр екен. Кемпір менен жөн сұрады. Мен қозғанмын дедім де жайымды айттым. Кемпір, жер жүзіндегі

қозған атаулының аты өшсін! Көрмегенім қозған болсын! – деді. Қыз отырып: - Қозған біткен сізге ештеңе істеген жоқ. Тигеніңе тиіңіз, тимегеніңе неге тиесіз! Сіз ылғый өз сүйегіңізді қорлайсыз, ауру адамым бар деп отыр, сусын беру дұрыс деді. Кемпір жалт бұрылып: Қозғанмын дегенге бүйрегің бұрыла қалған екен! Тұрарым жоқ. Аясаң өзің құйып бер – деді. Қыз ұшып тұрды да, берсе қайтеді - деп бір көнешікті толтырып қымыз құйып маған беребергенде, мен көнешіктің бауын ұстаған қыздың бармаған бірге ұстап қысып қалдым. Қыз маған қарады да, шәйнегің кішкентай екен, симайды, көнешікпен алып жүре бер! Өзім барып аламын-деді. Мен алдымда тарттым. Қазір келеді-деп жігіт күлді. Мен, ол жалғыз келмес, өзім тілдесе алмасам, менің осында екенімді білсін, кебісімді кебженің үстіне қой, таныр, ишарат жасап ойын білдірер, не істегенін қадағалап байқап отырындар деп тапсырдым.

Әлден уақытта Назым үйінен шықты. Қасында ерткен 7-8 қыздары бар жаппаға келді. Амандасып отырып жан-жағына қаранып, кебіске көзі түсті, қолына алып ұстап отырып қамығып жылады. Қыздар, “неге жылайсың” - деп еді, “өтірік”, баяғы өліп қалған етікшіні айтып, кебісті осылай тігуші еді, сол есіме түсті деді де, менің “жылауық” екенімді жаңа көріп отырсындарма – деп қыздарға ұрысты. Сүйттіде, жаппаның төрінде төсекете жатқан әйелге бұрылып, қолын сұрап білегін ұстады (тамырын байқап): Ауруды асқындырған екен. Жан-жағын торып, күндіз-түні бірдей қамауға алып тұр. Осы арадан көште бір судың басына барып қонып, бүгінгі түннен қалмай ана бұзауды сойып таң атқанша өкпесімен қақтыр. Сәті түссе жазылып қалар, түспесе өлгені-деді де қыз амандасып кетіп қалды.

Кешке қарай көштік, іңірде далада аттарыма табыстым. Қыздың айтқан жұмбағы, оны сенбей күндіз-түні күзетеді екен. Бір судың басында таң атқанша күтіп, бүгін түннен қалмай алып кету керек, әйтпесе қыз жоқ деп шештім. Аттарымың бірін мініп, бірін жетелеп қыздың мезгеген суына келіп түнде күттім. Тықыршып тұрмын. Құлан иектеп таңда атып қалды. Бір мезгілде қыз үйден шықты. Арқалағаны бар. Маған қарай жүгірді. Анадай жер ұзағанның күзетшінің көзі шалып қалып

“кетті” - “кетті” - леп айғай салды. Баяғы көгала кермеде тұр екен, бір жігіт мініп те ұлгерді. Қызға қарсы менде ұмтылдым. Жаяу қуғыншының алды да таяп қалды. Олардан бұрын менде Назымды карақасқа арғымаққа мінгізіп ұлгердім. Аттардың басын дереу кейін бұрып тартып бердік, жаяулар қала берді. Алатты жігіт өкшелей соңымызға түсті. Күреңнің ал бетте тосаңы бар еді, көгала атты жетіп келіп сойылмен салып өткенде, сойылын қаға ұстап, қолынан жұлып алып өзіне ұмтылғанымда кейін бұрылып қаша жөнелді, оны қууға уақыт жоқ, алға тарттық. Сол кеткеннен ешкімге ұстатпай орыс арасына өтіп кеттік. Сол Назым әлі бар. Бір ұл, бір қыз туды. Өзім бір қаланың малын бағамын. Тұрмысымыз жаман болмасада, қазақ арасы емес сол киын екен. Міне оғанда біраз жылдар болды. Содан бері көңілімде нағашым не болды екен, “өлі ме, тірі ме, білсем”-деп арман жүруші еді: Мәселе суыстығой. Заң, заман жаңарды, орысқа бағындық. Баяғы уақиғаны ешкім қуалай қоймас. Тірі болса нағашыммен кездесейін, бақылдық алайын, өлі болса құран оқиын, қалған орнын көріп, болса жұрағатыммен танысатын деп шыққан бетім еді. Сөйтіп іздеп келе жетқан нағашыммен міне кездесіп отырмыз. Мына бай “жас басымен қатынша жылап” - деп мені де сөкті, жыламағанда қалай шыдарсын?! Заманның салған ауыртпалығы әлгіндей болып, өлі тірісін білмей аңсап келе жатқан туысың тосын кездесіп қалса қалай жыламассын – деп Тауқымет сөзін аяқтады.

Отырған бай мардымды еш нәрсе айтпай “жарайды-жарайды, қызық екен” - деп жантая кетті. Мен отырып екеуіне де қайырлы болсын айтып көңіл хошын білдірдім деп қария сөзін тәмәмдады.

Автордан: Сол кеште әңгімені өз құлағымен естіп отырған комиссия мүшесінің бірі Айнакөз, бұл әңгімені Дәдет Шақанұлына айтқан одан естіген Көпен Қантарбаевтан мен естіп қағазға түсірдім дейді автор.

Түсінік: Дәдет Шақанұлы Еңбекшілдер ауданындағы “Аңғал батыр” ауылының адамы, шешен шежіре кісі болған.

A decorative border with a repeating floral and scrollwork pattern surrounds the central text.

Суреттер



*Алдыңғы қатарда солдан бірінші Ескендір Итжанов,
Бөгембаев Нұрахмет, артта Қадиша ақ шәлілі
(Балқадишаның сіңлісі)*

*Жүз жасаған
Торсан ақсақал
(1900-2000 ж.)*



*Ескендірдің
ағасы Серәлі.*



Қадиша әжей, немерелері Айсұлу, Манарбек, Жанарбек.



Солдан бірінші Мәпруза, ортада Сәлимә Қасен қызы Шолпанның анасы және Шолпан Ескендірдің келіні.



Алтай мен зайыбы Тамара.



Ескендірдің жиендері Нұрлан-Сара.



Темірбек пен зайыбы Шолпан.



*Зарап
Жанайдаров.*



*Ескендірдің інісі
Есқожа Итжанов.*



*Жұрын Мәруәр Әбдіржанқызы,
дәрігер.*



*Зәуре Жанайдарова,
дәрігер.*



*Ескендір Итжанов туыстары арасында
оң жағында қарындасы Мафтуха.*



Ескендірдің келіні Қалима, немерелері, ұрпақтары.

**Айдарлы ауылындағы
Дүйсен атындағы мешіттің
алдында.**



Солдан 1-қатар (отырғандар): Әнуарбек Сералин, Кеңебай Сағындықов, Қалдыржан Рақышев, Құдайбергән Құсайынов, Бүркітбай Жақыпов, Мырзатай молла, Есқожа, Шымболат; (тұрғандар): Қасымхан Құсайынов, Көркент Кәрімов, Бексұлтан Құсайынов, Теміржан Рақышев. Әйелдер: Алтың Бану, Балдырған, Тілеужан, Мәрә, Майра, (емші), Қиша.



Қазіргі Қошқарбайдың үлкендері, онынан: биікте отырған Әнуарбек, Құдайберген,
Бүркіт, Мырзатай, Ескожа, Кенжебек. (2004 жыл).



*Темірбек
Ескендірұлы.*

Мазмұны:

Кітап хақында айтарымыз	3
Гибраты мол ғұмыр	6
Ескендір төтеме	12
Абылай хан	13
Айсары-Шорман	37
Жаңыл қыз	55
Топ жарған	67
Еділ батырдың екі арманы	74
Бақытты басқа тебушілік	83
Жүзді өлтіріп	91
Қош бол шам-шырағым	96
Айдарлыға шыққанда	97
“Даңқой” еліне	99
Ақан серінің Науан хазіретке айтқаны	101
Жанбатыр қажының Науан хазіретке айтқаны	102
Қошқарбайды жазып болғансоң	103
Тауқымет	104
Суреттер	121

Итжанов Е.

Редакторы: Айдос Әбутәліпұлы
Құрастырушы: Жұмабике Күтербекова
Корректоры: Райхан Жанатаева

Басуға 02.08.2005 жылы қол қойылды.
Қалыбы 1/16. Офсеттік басылу.
Таралымы 200/68. Тапсырыс 5799.

Кітап «Көкше-Полиграфия»
акционерлік қоғамында басылды.
020000, Көкшетау қаласы,
Еркін Әуелбеков атындағы көше, 98.

5

